

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымдарының арнайы көлік қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күші жойған

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 19 желтоқсандағы N 833-ю бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 20 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2129. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 442 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.09.30 № 442 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

К е л і с і л г е н :

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2002 жылғы 5 қараша

К е л і с і л г е н :

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
2002 жылғы 10 желтоқсан

К е л і с і л г е н :

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігінің
Стандартау,
метрология және
сертификаттау жөніндегі
комитетінің төрағасы
2002 жылғы 20 қараша

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында көлік қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден

өткен күннен бастап осы бұйрық күшіне енеді, таныстыруға және таратуға жатады.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
к ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я
м и н и с т р і л і г і а з а м а т т ы қ
а в и а ц и я к о м и т е т і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 2 ж ыл ғ ы 1 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 833-Ю бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы азаматтық авиация ұйымдарының арнайы көлік қызметі жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқауы

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы азаматтық авиация ұйымдарының арнайы көлік қызметінің жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқауы (ары қарай - нұсқау) азаматтық авиация халықаралық ұйымының (ИКАО) ұсынысын ескере отырып, "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы", сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жасалды.

2. Осы нұсқауда пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен терминдер:

1) жөндеудің агрегаттық әдісі - жөндеудің иесізденген әдісі, мұнда бұзылып қалған агрегаттар жаңасымен немесе алдын ала жөнделгенімен ауыстырылады. Агрегат дегеніміз өзін толық ауыстыра алатын қасиеттері бар, еркін құрастырылатын және әртүрлі мақсаттағы бұйымдарда белгілі бір қызметті орындайтын құрастыру бірлігі;

2) ұшу-қону жолы (ҰҚЖ) - әуе кемелерінің ұшып-қонуына арналған құрлық әуеайлағындағы белгілі бір тік бұрышты алаң;

3) көлік оқиғасы - механикалық көлік құралдары қозғалысында пайда болған және соның нәтижесінде адам өліміне немесе денсаулығына зиян келтіретін көлік құралдарының, ғимараттардың, жүктердің зақымдануына немесе басқа да материалдық шығын келтіретін оқиға;

4) күрделі жөндеу - жарамдылықты қалпына келтіру үшін бұйымды, оның кез келген бөлшектерін ауыстыру немесе қайта қалпына келтіру арқылы толық немесе толыққа жақын қалпына келтіру мақсатындағы жөндеу;

- 5) коммерциялық қызмет көрсету - әуе кемесімен тасымалдау кезінде белгілі бір төлем үшін қол жүгі, жүк, жолаушылар, авиапоштаға қызмет көрсету;
- 6) құны аз техникалық мүліктер - негізгі құралдардан басқа тауарлы-материалдық байлықтар (автокөліктер, жұмыс машиналары, м е х а н и з м д е р) ;
- 7) әуе кемесінің тұрағы - әуе кемесі тұрағына арналған перронда бөлінген у ч а с к е ;
- 8) иесіз емес жөндеу әдісі - қайта қалпына келтірілген құрамдас бөлшектердің бұйымның белгілі бір данасына қатысы сақталатын жөндеу әдісі;
- 9) иесіз жөндеу әдісі - қалпына келтірілген құрамдас бөлшектердің бұйымның белгілі бір данасына қатысы сақталмайтын жөндеу әдісі;
- 10) шұғыл тұрақ - әуежай нысандарындағы жұмысшыларға қызмет көрсететін жүріп жүрген және май құйылған арнайы көліктер тұрағына арналған жасанды жабуы бар арнайы жабдықталған алаң;
- 11) техникалық қызмет көрсету мерзімдері (жөндеу) - белгілі бір техникалық қызмет көрсету (жөндеу) түрі мен келесі сондай жұмыс немесе бұдан да күрделі басқа жөндеу жұмыстары арасындағы атқарылатын жұмыс немесе уақыт аралығы. Техникалық қызмет көрсету (жөндеу) түрі мына белгілердің бірі арқылы ерекшелінеді: қолданылу кезеңі, мерзімділігі, жұмыс көлемі, пайдалану ш а р т ы , т . б . ;
- 12) мерзімдік техникалық қызмет көрсету - атқарылатын жұмыс немесе уақыт аралығы белгіленген пайдалану құжаттары арқылы орындалатын техникалық қ ы з м е т к ө р с е т у ;
- 13) өлшеу құралдарын тексеру - мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа өкілетті органдар белгілеген техникалық талаптар бойынша өлшеу құралдарының сәйкестігін анықтау және дәлелдеу мақсатында жүргізілетін ж ұ м ы с т а р ж и ы н т ы ғы ;
- 14) арнайы көлік қызметінің өндірістік-техникалық базасы - арнайы машинаны жөндеу мен техникалық қызмет көрсету өндірісіне қажетті құрал-жабдықтармен жарақталған ғимараттар мен үйлердің кешені;
- 15) техникалық қызмет көрсетудің тасқынды әдісі - арнаулы жұмыс орындарында белгілі бір техникалық реттілікпен және ырғақпен техникалық қ ы з м е т к ө р с е т у ;
- 16) өндірістік тазалық сақтау (санитария) - зиянды өндірістік факторлардың алдын алатын ұйымдастырушылық, гигиеналық және санитарлық-гигиеналық шаралар мен құралдар жүйесі;
- 17) жол бойындағы жұмыс - жұмыс нысандарында арнайы машиналармен атқарылатын жұмыс кешені;
- 18) жөндеу - бұйымдарды немесе олардың құрамдас бөлшектерін қалпына

келтіріп жұмысқа қосу жөніндегі жұмыс кешені;

19) маусымдық техникалық қызмет көрсету - бұйымдарды күз, қыс, көктем және жаз айларында пайдалануға дайындау мақсатындағы техникалық қызмет көрсету ;

20) арнайы көлік қызметі - әуе кемесіне, әуеайлағының пайдалану жағдайына, сондай-ақ басқа да ішкі шаруашылық жұмыстарына және осы мақсат үшін қажетті техника санына, өндірістік ғимараттар мен құрал-жабдықтарға техникалық және коммерциялық қызмет көрсететін азаматтық авиация ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері.

Арнайы көлік қызметі өзінің жұмысын ішкі шаруашылық есебі негізінде жүзеге асыратын азаматтық авиация ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады ;

21) арнайы машина - әуе кемесіне техникалық, коммерциялық қызмет көрсету , радио, жарық және техникалық қамтамасыз ету, әуеайлағының пайдалану жағдайын қалыпты ұстау үшін және әуежайдағы басқа да жұмыстарға арналған құрылғылармен жабдықталған автокөлік немесе трактор шассиіне орнатылған өздігінен жүретін техникалық құрал ;

22) техникалық жағдай - нысанның техникалық құжатында көрсетілген уақыттың белгілі бір сәтіндегі нысандары сипатталған өндіріс немесе пайдалану барысында нысанның өзгеріске түскен жиынтығы ;

23) техникалық анықтау (диагностика) - нысанның техникалық жағдайын нақты дәлдікпен анықтау үдерісі. Қажет болған уақытта ақаудың орны, түрі және себебі атап көрсетілген нысанның техникалық жағдайы туралы қорытынды анықтау нәтижесі болып табылады ;

24) техникалық қызмет көрсету - бұйымның жұмысқа жарамдылығын немесе бір мақсатқа пайдалану, сақтау және тасымалдау кезінде дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету жұмыстарының кешені ;

25) ағымдағы жөндеу - бұйымның және ауыстырылатын немесе қайта қалпына келтірілетін жеке бөлшектердің жұмысқа жарамдылығын қамтамасыз ету мақсатында атқарылатын жөндеу жұмыстары ;

26) техникалық қауіпсіздік - жұмыс істеп тұрған қауіпті өндірістік факторларға тигізуі ықтимал әсерін болдырмау үшін жүргізілетін ұйымдастыру және техникалық шаралар мен құралдар жүйесі.

2-бөлім.

Арнайы көлік қызметінің әуежайдағы басқа қызметтері мен жұмыс тәртібі және өзара әрекеті 1-тарау. Арнайы көлік қызметінің негізгі міндеттері

3. Арнайы көлік қызметінің негізгі міндеттері:

1) технологиялық кесте мен белгіленген ережелер бойынша әуе кемелеріне (ӘК) дер кезінде және сапалы техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды арнайы машиналармен қамтамасыз ету; P030712

2) технологияға сәйкес әуе кемелеріне коммерциялық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды арнайы машиналармен қамтамасыз ету;

3) әуе кемелеріне авиациялық жанар-жағар майлар құю, сондай-ақ әуе кемелерінің бактарынан жанар-жағар майлар құйып алу жұмыстарын арнайы машиналармен қамтамасыз ету;

4) әуеайлағын пайдалану жөніндегі жұмыстарды әуеайлағы механизмдерімен қамтамасыз ету;

5) авиатехникалық мүліктерді, шаруашылық жүктерін тасымалдауды және азаматтық авиация ұйымдарындағы көлік жұмыстарының басқа түрлерін жүзеге асыру;

6) трассаларда, әуе айлақтарында, авиациялық жұмыс аймақтарында әуе кемесімен радиобайланысты ұйымдастыру, ұшуды апаттан құтқару жұмыстарын арнайы машиналармен, ауру жолаушыларға шұғыл қызмет көрсету, ұшу қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету және авиациялық оқиғаларды тергеу үшін автофургондармен қамтамасыз ету;

7) азаматтық авиация ұйымдары мен өкілетті органдардың бұйрықтары мен нұсқауларын, осы нұсқау талаптарына сәйкес өндірістік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру;

8) белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкес және тікелей бағытта арнайы машиналарды, құрал-жабдықтарды, пайдалану және жөндеу материалдарын тиімді және ұтымды пайдалануды жүзеге асыру;

9) арнайы машиналарды дұрыс техникалық пайдалану мен жөндеуді ұйымдастыру.

4. Осыған орай арнайы көлік қызметінің негізгі міндеттері мен қызметі мыналар болып табылады:

1) арнайы көлік қызметіндегі барлық арнайы машиналарды техникалық дұрыс пайдалану, ұстау (сақтау) және жөндеуді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) арнайы көлік қызметінің жеке құрамын пайдалануға берілген жаңа техниканы меңгеруге дайындау, арнайы машиналарды пайдалану мен жөндеу саласындағы өнертабыстарды енгізу;

3) азаматтық авиация ұйымдарының жоспарлау органдарымен бірлесе отырып арнайы машиналарды пайдалану жоспарын жасауға және ішкі шаруашылық есепті арнайы көлік қызметінің барлық саласына енгізуге қатысу;

4) арнайы машиналарды пайдалану кезінде осы нұсқауды және зауыт

нұсқауларын сақтау, белгіленген есептеу мен есепке алуды жүргізу, қосалқы бөлшектерді, автошиналарды, жанар-жағар майды және басқа автотрактор мүліктерін дұрыс пайдалану;

5) арнайы машинаны пайдаланудың өзіндік құнын түсіру, жөндеуаралық мерзімді ұлғайту жөнінде шараларды жүргізу, техникалық күрделі жөндеуден өткізуге жоспар-тапсырысты белгіленген тәртіпке сай жасау және оларды уақытында жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

6) арнайы машиналардың жұмысына бақылау жасау, олардың қауіпсіз жұмыс істеуін ұйымдастыру және жолдарда жүргізушілерге уақытында техникалық көмек көрсету;

7) арнайы көлік қызметі кінәсінен ӘК бұзылуы және олардың ұшуы кешеуілдеп қалған кезде жол-көлік апатына қарсы күрес жөніндегі ұсыныстарды талдау, жасау және жүзеге асыру;

8) арнайы көлік қызметі жұмысшыларының техникалық, экономикалық және мәдени деңгейін үнемі көтеріп отыру; жеке құрамның белгіленген талаптарды орындауын қамтамасыз ету, еңбек тәртібін қатаң сақтау;

9) жеке құрамның сеніп тапсырған техникаға жоғары борыш сезімі мен жауапкершілігін тәрбиелеу және өндірістік тапсырмаларды орындау.

2-тарау. Арнайы көлік қызметінің құрылымы

5. Арнайы көлік қызметінің (АКҚ) құрылымы пайдалану және жөндеу учаскелерінен, сондай-ақ жеке мамандырылған топтардан тұрады; олар азаматтық авиация ұйымдарында ерекше міндеттерді орындауға және арнайы көлік қызметі қызметінің ішкі шаруашылық сұранысын қамтамасыз етуге арналған.

6. Арнайы көлік қызметі құрылымына мынадай пайдалану учаскелері (колонналар) енеді:

1) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету;

2) әуе айлағын пайдалану;

3) жолаушылар мен жүк тасымалдауына қызмет көрсету;

4) ішкі шаруашылық жұмыстарын қамтамасыз ету.

Олар өзіндік технологиялық белгілері бар және азаматтық авиация ұйымдарының технологиялық үрдісінің жеке бөлшектерін қамтамасыз ететін машиналардан топтастырылады.

7. Арнайы көлік қызметі құрылымын жөндеу шеберханасы арнайы машиналарды жөндеу мен уақытында және сапалы техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін жөндеу учаскелерінен тұрады.

8. Арнайы көлік қызметі жұмысына жалпы басшылықты азаматтық авиация ұйымы жетекшісі әуежай бастығының құрылыс және жердегі құрылысты пайдалану жөніндегі орынбасары арқылы (1 сыныпты әуежайларда әуежай бастығының орынбасары - бас инженер) жүзеге асырады. Азаматтық авиация ұйымының жетекшісі арнайы машиналардың үнемі пайдалануға дайын тұруына, олардың дұрыс пайдаланылуына, техникалық қызмет көрсетілуіне, сақталуына және жөнделуіне бақылау жасайды.

9. Азаматтық авиация ұйымының арнайы көлік қызметін азаматтық авиация ұйымы жетекшісі жұмысқа тағайындайтын және жұмыстан босататын қызмет бастығы басқарады.

10. Арнайы көлік қызметінің (АКҚ) ұйымдық құрылымы пайдалану учаскелерінен (колонналар, гараждар), техникалық қызмет көрсететін, арнайы машиналар мен арнайы құрал-жабдықтарды ағымдағы жөндеуден өткізетін арнайы жөндеу шеберханаларынан тұрады. Штат кестесі АКҚ жұмысшыларының әрекет етуші нормативті санына сәйкес АКҚ орындайтын жұмыс көлемі мен сипатына қарай әзірленеді және азаматтық авиация ұйымының жетекшісі арқылы бекітіледі.

3-тарау. Арнайы көлік қызметі құрылымы бөлімшелерін орналастыру

11. Арнайы көлік қызметі құрылымы бөлімшелерін орналастыру әуеайлағының бас жоспарына сәйкес жүргізіледі және бірнеше территориялық аймақтармен анықталады, оның негізгілері өндірістік-техникалық база (ӨТБ) және шұғыл қамтамасыз ету аймағы болып табылады.

12. Өндірістік-техникалық базаның құрылғылары мен құрал-жабдықтары мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) арнайы машиналарды жолға шығар алдында және ӨТБ-ға қайтып келген кезде қарап шығуды;
- 2) өндірістік-техникалық база территориясында жүру қолайлылығын;
- 3) арнайы машиналардың толық сақталуы мен орналасу қолайлылығын;
- 4) арнайы машиналарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсетудің сапасын;
- 5) арнайы машиналар қозғалтқышының тез от алуын;
- 6) қауіпсіздік талаптарының сақталуын.

13. Өндірістік-техникалық база мыналарды қамтиды:

- 1) арнайы көлік қызметі басқармасын орналастыратын тұрғын үй;
- 2) тазалық-тұрмыстық және оқу үйі;
- 3) жөндеу шеберханалары;
- 4) ішкі әуежай байланысы радиостанциясын жөндейтін бөлім;

- 5) материалдық-техникалық мүлік қоймасы;
- 6) консервациялық қоршалған және күзетілетін аймақ;
- 7) арнайы машиналар тұрағы;
- 8) машиналарды тазалайтын және жуатын орын.

14. Өндірістік-техникалық база территориясы жақсы жабдықталған, көгалдандырылған, шарбағы, жарығы бар, кіру жолдары мен арнайы машиналарды сақтауға арналған алаңдары мен өту жолдарына тас төселген болуы тиіс. Өту жолдары қарсы қозғалыс пен қиылысқа неғұрлым аз келуі тиіс, сондықтан барлық қажетті жерлерге жол белгілері, көрсеткіштер мен сәйкес жазулар орналастырылады. Территорияға кіре берісте қозғалыс схемасы ілініп тұруы тиіс. Арнайы машиналарды тазалау және жуу орындары үнемі пайдалануға дайын тұратын лас мұнай қалдықтарын тұтқыштармен жабдыкталады.

15. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу учаскелері мен қосалқы учаскелердің үй-жайлары, жоспары мен көлемі оларға берілетін жарық, жылу, электрмен қамтамасыз етілуі, желдету, су және канализация жүйесі, сондай-ақ арнайы машиналарды жөндеу мен қызмет көрсететін пост құрылғыларының саны мен конструкциясы арнайы көлік қызметінің өндірістік бағдарламасына, құрылыс нормалары мен ережелерінің, қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес, сондай-ақ үй-жайдың сәулет-көркем безендірілуіне, үй ішінің интерьері мен территорияның көгалдануы - техникалық эстетика талаптарына сай болуы керек.

16. Өндірістік-техникалық база территориясы, үйі және құрылысы арнайы көлік қызметі бөлімшелеріне бекітіледі және олардың дұрыс пайдаланылуы мен сақталуына бақылау жасайды.

17. Жөндеу шеберханасы арнайы машиналарды жөндеу мен оларға техникалық қызмет көрсетуге, сондай-ақ арнайы құрал-жабдықтармен мерзімді жұмыстар жүргізуге арналған. Жөндеу шеберханасы мыналардан тұрады:

- 1) агрегаттарды, тораптарды және бөлшектерді тазалау және жуу орны;
- 2) арнайы машиналарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету учаскелері;
- 3) аралық қоймалар мен жабдықтар қоймасы;
- 4) арнайы машиналардың техникалық жағдайын тексеруге арналған алаң;
- 5) арнайы құрал-жабдықтарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету ж ө н і н д е г і а р н а й ы ц е х т а р ;
- 6) қосалқы учаскелер (аккумулятор, желімдеу, слесарь-механикалық, ұсталық , пісіру, щеткаларды орау, сырлау, тез жағу, жапсыру т.б.).

Көрсетілген нысандар еңбек қауіпсіздігі мен өнеркәсіп тазалығы талаптарына сай арнайы машиналарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсетудің (ТҚК) технологиялық үдерісіне сәйкес орналасуы тиіс.

18. Арнайы машиналардың төменгі қол жетпейтін бөліктерін жөндеу немесе майлау, жуу, қарау жөніндегі жұмыстар жүргізілетін орындарда жұмысшылардың өндірісте осы жұмыстарды жүргізуіне қолайлы жағдай жасайтын қарау шұңқырлары, көтергіштер, эстакадалар және басқа құрылғылар болуы тиіс.

19. Арнайы машиналарды жөндеу мен қалыпты техникалық пайдалануды қамтамасыз ету үшін тиісті пайдалану және жөндеу материалдары, қосалқы бөлшектер, құралдар және басқа мүліктер сақталатын қойма бөлмелері мен құрылыстар болуы тиіс.

20. Қоймалар сақталатын мүлік түрі мен санына және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес өндірістік керек-жарақтармен жабдықталуы тиіс.

21. Өндірістік-техникалық база ішкі тәртібін ұйымдастыру қызмет бастығының бұйрығымен территориялық құрылым ерекшеліктерін есепке ала отырып белгіленеді және мынадай міндеттер қарастырылады:

- 1) арнайы машиналарды сақтау және ӨТБ-ны күзету;
- 2) жеке құрамды ӨТБ территориясына және арнайы машиналар тұрағына ж і б е р у ;
- 3) арнайы машиналарды ӨТБ-дан шығару және енгізу;
- 4) жөндеу-профилактикалық аймақтағы, арнайы машиналардың тұратын жері мен қ о й м а л а р д а ғы жұмыстар;
- 5) аяқ асты апат кезінде ӨТБ территориясынан арнайы машиналарды алып кету.

22. Шұғыл қамтамасыз ету аймағына арнайы машиналардың шұғыл тұрағы және қосалқы үй-жайлар жатады, олар әуе кемесі тұрағына жақын жердегі әуеайлағында орналасады.

23. Әрбір арнайы көлік қызметінде әуежай басшысы бекіткен ӨТБ-ның (әуежайдың бас жоспарының бір бөлігі болып табылатын) даму жоспары болуы тиіс, ол құрылыс бойынша негізгі құжат, сондай-ақ АКҚ ӨТБ барлық бөліктерінің құрал-жабдықтары болып табылады.

4-тарау. Арнайы машиналардың тұратын орны

24. Арнайы машиналар тұрағы өндірістік-техникалық базасының арнайы көлік қызметі территориясында, сондай-ақ шұғыл қызмет көрсету аймағында ж а б д ы қ т а л а д ы және б ө л і н е д і :

- 1) күнделікті пайдаланылатын арнайы машиналар тұратын орында;
- 2) ұзақ мерзімге сақтауда тұрған арнайы машиналар тұратын орында;
- 3) жөндеуді немесе техникалық қызмет көрсетуді қажет ететін арнайы машиналар тұратын орында.

25. Арнайы машиналарды сақтау жабық ғимараттарда, жабық немесе ашық алаңдарда жүзеге асырылады. Сонымен қатар төмендегідей шарттар сақталуы тиіс :

1) жұмыс сипатына қарай жедел түрде шығуға үнемі дайын тұратын автобустар мен жеңіл автомобильдер, сондай-ақ арнайы машиналар бірінші кезекте жабық ғимараттарда тұруы қажет;

2) отын және майқұйғыш көліктер жылжымалы құю агрегаттары, сондай-ақ сұйық отын тасымалдауға арналған автоцистерналар сырттан кіретін тікелей есігі бар жеке жайларда, бір қабатты үйлерде немесе төбесі жабық алаңдарда сақталады ;

3) ассенизационды автомобильдер, сондай-ақ улы заттар таситын арнайы машиналар басқа бағытта қолданылатын арнайы машиналардан бөлек қойылуы тиіс ;

4) ауа және азот құйғыштар, сондай-ақ басқа газ баллонды арнайы машиналар төбесі жабық немесе ашық алаңдарда бөлек қойылуы тиіс.

26. Арнайы машиналарды сақтау тәсілі жылдың кез келген мезгілінде тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл үшін осыны климат жағдайы талап ететін жерлерде арнайы машиналарды ашық және жабық алаңдарда немесе от жағылмайтын ғимараттарда сақтағанда іске қосар алдында двигательді жылытатын құрал-жабдықтар қарастырылуы тиіс.

27. Арнайы машиналардың тұратын орынға орналастырылу тәртібін арнайы көлік қызметінің бастығы анықтайды. Тұратын және қызмет көрсету орындарына арнайы машиналарды қойғанда олардың және тұрғын үйлер мен құрылыстар арасында өкілетті органдардың ережелері мен нұсқауларында, құрылыс нормаларында белгіленген арақашықтық сақталуы тиіс.

28. Тұрақтарда жанар-жағар май, сүртетін және басқа материалдарды сақтауға тыйым салынады.

29. Ұзақ сақтаудағы арнайы машиналардың тұратын орны, ереже бойынша арнайы көлік қызметі өндірістік-техникалық базасының территориясында жабдыкталады және оның шарбағы мен күзеті болуы тиіс.

30. Шұғыл тұрақтарда тек жарамды, май құйылған және пайдалануға дайын арнайы машиналар орналастырылады. Қызмет көрсету мен жөндеуді талап ететін арнайы машиналар үшін бөлек жайлар немесе ашық алаңдар берілуі тиіс.

31. Шұғыл қызмет көрсету аймағында арнайы машиналарды орналастыру схемасы әрбір әуежайда ұшу-қону жолы, бұрылу жолы, тұратын орны, перрондар , әуеайлағы құрылысының көлемі мен территориялық орналасу ерекшелігі, жасанды жамылғысы бар арнайы алаң болуын есепке ала отырып жасалуы тиіс.

32. Арнайы машиналардың қозғалысы қауіпті тұрақтар мен аймақтарда тәуліктің кез келген уақытында анық көрінетін бірыңғай үлгідегі жол белгілері

қойылуы тиіс. Жол белгілері әуе кемелері қозғалысының толық қауіпсіздігін сақтауды есепке ала отырып орналастырылады.

33. Арнайы машиналар тұратын жерлер шұғыл байланыс құралдарымен жабдықталуы тиіс.

34. Шұғыл қамтамасыз ету аймағында арнайы машиналар тұратын жерлер құрылыс нормалары мен ережелерге сәйкес жүргізушілер құрамына арналған тазалық-тұрмыстық бөлмелермен, сондай-ақ күнделікті қызмет көрсететін алаңдармен және арнайы бөлмелермен жабдықталуы тиіс.

35. Арнайы машиналарды шұғыл басқару жұмыстарын жүргізушілермен радио байланысы бар қызмет диспетчерлері жүзеге асырады.

5-тарау. Арнайы машиналарды жолға шығару

36. Арнайы машиналарды жолға шығару арнайы көлік қызметінің инженер-техникалық және жүргізушілер құрамымен жүзеге асады және м ы н а л а р д ы қ а м т и д ы :

1) күнделікті техникалық қызмет көрсетуді зауыт нұсқаулары мен арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қазіргі нұсқау талаптарына с ә й к е с о р ы н д а у ;

2) гаражға келген соң бақылап тексеру кезінде және жолға шығарда (ауысымды өткізгенде) табылған ақауларды жою;

3) арнайы машиналарды жанар-жағар май материалдарымен және арнайы с ұ й ы қ т а р м е н т о л т ы р у ;

4) қозғалтқыштар мен арнайы машина жүйесін тексеру және от алдыру;

5) белгіленген құжаттарды рәсімдеу.

37. Осы нұсқау талаптарына сәйкес құжаттары бар жүргізуші дәрігерлік байқаудан өткен соң, сондай-ақ арнайы машиналарды жолға шығаруға дайындау жұмыстарын орындаған соң оны тексеріп байқауға көрсетеді.

38. Арнайы машиналарды оларды тексеріп байқайтын колонна механигі жүргізіп жолға шығарады және оның техникалық жарамдылығын жол қағазына немесе формулярға өз қолын қойып куәландырады.

39. Арнайы машиналардың техникалық жағдайын тексеру үшін (жолға шығар алдында) қарау шұңқырлары, эстакадалары, жарығы бар арнайы орындармен жабдықталуы тиіс. Колонна механигінде арнайы машиналардың техникалық жағдайын анықтау және тексеру үшін қажетті аспаптар мен керек-жарақтар болуы тиіс.

40. Арнайы машиналарды жолға шығар алдында тексеріп байқау кезінде әуе кемесінің қозғалыс қауіпсіздігіне және қызмет көрсетуге әсер ететін агрегаттар мен тораптардың жарамдылығына, сондай-ақ спидометрдің пломбылану

жағдайына және жол қағазындағы жазбаларымен сәйкес келуіне ерекше көңіл бөлінеді. Жарамсыздығы бар, әуе кемесінің қозғалысы мен техникалық қызмет көрсетуге қауіп төндіретін арнайы машиналар пайдалануға жіберілмейді. Ұшу-қону және жүру жолдарындағы жұмыстарға арналған арнайы машиналар, егер жарқылдақ оттары, радиостанция және сүйретпелі қондырғылары болмаса, пайдалануға жіберілмейді.

41. Арнайы машиналар жолдан қайтып келгенде және оларды ауысым бойынша өткізгенде колонна механигі:

- 1) негізгі шасси мен арнайы құрал-жабдықтардың жарамдылығын тексереді;
- 2) жол қағазына спидометр көрсеткішін және арнайы машинаның жолдан қайтып келген уақытын (ауысым өткізу) қояды;
- 3) арнайы машиналарды жөндеуде пайда болған ақауларды жоюды ұйымдастырады және жөндеу аймағына тапсырысты рәсімдейді;
- 4) жол қағазында арнайы машиналардың жолдан келу (ауысым өткізу) дерегін қол қою арқылы бекітеді. Арнайы машиналардың және арнайы құрал-жабдықтардың барлық ақаулары туралы колонна бастығына баяндайды және ауысым қабылдау-өткізу журналына жазады.

6-тарау. Арнайы машиналарды пайдалану

42. Арнайы машиналарды пайдалану инженер-техникалық және ұйымдастыру шаралары жүйесін қамтиды, ол мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) ең аз еңбек шығындары мен материалдық қорларды қолдана отырып, арнайы машиналарды тиімді пайдалану;
- 2) белгіленген сақтық қор және жұмысқа жарамды мерзім барысында арнайы машиналардың берілген сипатын сақтау.

43. Арнайы машиналардың нақты түрлерін пайдалану ерекшеліктерін шығарушы-зауыт нұсқаулары, сондай-ақ пайдалану жөніндегі қазіргі нұсқаулар анықтайды.

44. Арнайы машиналарды пайдалануды жүзеге асыратын адамдардың тиісті теориялық және практикалық дайындығы болуы, техникалық сипаттаманы білуі, жұмыс ұстанымдары мен пайдаланылатын техника және жеке агрегаттар құрылымын, арнайы машиналарды пайдалану жөніндегі нұсқауларды, жұмыс тәртібін, белгіленген шектеуліктерді, көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы дайындық кезінде, сондай-ақ ерекше жағдайларда пайдалану ерекшеліктерін білуі тиіс.

45. Арнайы машиналарды техникалық пайдалану үдерісінде арнайы көлік қызметін жөндеу шеберханасының жеке құрамы техникалық қызмет көрсетуді, мерзімді жұмыстарды және машиналарды ағымдағы жөндеуден өткізеді.

Жүргізушілер құрамы, механиктер, бригадирлер арнайы машиналардың техникалық қызмет көрсетуі мен пайдаланылуын жүзеге асырады, арнайы машиналардың тікелей бағытта пайдаланылуы мен сақталуын қамтамасыз етеді, әуе кемесіне уақытында және сапалы қызмет көрсетуге жауапты болады.

46. Инженерлік-техникалық құрам арнайы көлік қызметінің барлық аумағындағы жұмыстарын бақылайды, өндірістік жоспарлар мен тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді.

47. Азаматтық авиация ұйымының арнайы машиналарының техникалық жағдайы мен пайдаланылуы, олардың мазмұны мен қызмет көрсетуі мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- 1) қызметкерлер жүргізетін тексеру байқаулар;
- 2) жол полициясы басқармасының жылдық техникалық байқауы;
- 3) әуежайдың өкілетті органы комиссиясының тексеруі.

Арнайы машиналардың байқауын жүргізу жөніндегі негізгі қағидалар осы нұсқаудың 5, 6-қосымшаларында берілген.

48. Жаңа арнайы машиналар мен механизмдер, сондай-ақ күрделі жөндеуден өткендер шығарушы-зауыт пен жөндеу кәсіпорнының техникалық шарттары талаптарына сәйкес жүргізіп байқаудан өтуі тиіс. Жүргізіп байқауды сол кезеңге берілген арнайы машинаға бекітілген тәжірибелі жүргізуші орындайды.

49. Арнайы машиналарды жүргізіп байқау кезінде оның барлық тораптары мен агрегаттарын бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен сынап көру жүргізіледі, оның көрсеткіштері сол тораптың немесе агрегаттың техникалық пайдалану сипатына сәйкес келуі тиіс.

50. Жүргізіп байқау кезінде арнайы машиналар аз жүк тиелген және төменгі қозғалыс жылдамдығында пайдаланылуы тиіс. Өтуі қиын жолдарда, көктайғақ кезінде, сондай-ақ тіркемелі құрал-жабдықтармен бірге жүргізіп байқауға тыйым салынады.

51. Есептен шығару мерзімі аяқталмаған құрал-жабдықтарды бөлшектеу арқылы арнайы машиналардың бір типінен екіншісіне қайта жабдықтау және босатылған шассиге немесе басқа арнайы құрал-жабдықтарға орнату ерекше жағдайда және тек өкілетті органының рұқсатымен жүргізіледі.

Амортизатор ресурсы таусылған арнайы құрал-жабдықтарды есептен шығару және бөлшектеу аяқталғаннан кейін арнайы машиналарды бір типтен екіншісіне қайта жабдықтау өкілетті органның рұқсатымен жүргізіледі.

52. Арнайы машиналар қайта жабдықталған соң жергілікті жол полициясы бөліміне техникалық байқау және қайта тіркеуден өту үшін ұсынылады.

7-тарау. Арнайы машиналарды пайдалану тәртібі, арнайы көлік қызметінің әуежайдағы басқа қызметтерімен өзара әрекеттестігі

53. Әуе кемесін пайдалануға және әуеайлағының ерекшелігіне байланысты азаматтық авиация ұйымы қызметін арнайы машиналармен қамтамасыз ету жоспарланған жұмыс көлемін есепке ала отырып, арнайы машиналарды бөлу табеліне сай, сондай-ақ арнайы машиналар мен жүргізушілер құрамының нақты санына байланысты жүргізіледі. Арнайы машиналарды бөлу табелі жылына екі рет көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы дайындық кездерінде жасалады, оны азаматтық авиация ұйымының жетекшісі бекітеді.

54. Азаматтық авиация ұйымының арнайы машиналарды шаруашылық қызметіне тұтынуы арнайы көлік қызметіне алдыңғы күннен 15 сағат кешіктірілмей, берілген тапсырыс хат негізінде қанағаттандырылады. Тапсырыс негізінде мүмкіндіктерді есепке ала отырып шаруашылық тасымалдаудың әр күніне машина бөлу жоспары жасалады, оған арнайы көлік қызметі бастығы қол қояды және азаматтық авиация ұйымының бас инженері бекітеді (жердегі қызмет жөніндегі бастықтың орынбасары).

55. Ерекше жағдайларда (жол оқиғалары, аяқ-асты апаттарда) арнайы машиналар өндіріс жұмысына жауапты қызметкердің талабы бойынша арнайы көлік қызметі диспетчері арқылы арнайы көлік қызметі бастығына баяндау арқылы бөлінеді.

56. Арнайы машиналардың жолға уақытында шығуына бақылау жасауды арнайы көлік қызметі диспетчері, ауысым бастығы (ауысым инженері) жүзеге асырады (7-қосымша).

57. Азаматтық авиация ұйымының басқа қызметіне бөлінген арнайы машиналар қызметтің тікелей бағынышында болады, олардың жұмыстарын ұйымдастыруға, мақсатына орай бағыт бойынша уақытында және ұтымды пайдалануға, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігінің талаптарын сақтауға бақылау жасайды. Азаматтық авиация ұйымының жүргізушілері мен машиналарын іссапарға жіберу тәртібін азаматтық авиация ұйымының бастығы белгілейді.

58. Пайдаланушы қызмет кінәсінен агрегаттар, арнайы құрал-жабдықтар және керек-жарақтар (сым, фишка, ауыстырғыштар, май құятын тапаншалар, жеңдер) сынған жағдайда осы қызмет өкілі (тікелей кінәлі адам) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

59. Арнайы көлік қызметі мыналарға бақылау жасайды:

1) басқа қызмет сұраныстарын арнайы машиналарды бөлудің бекітілген табеліне сәйкес уақытында және толық орындау;

2) әуе кемесіне техникалық және коммерциялық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды сапалы және уақытында орындау және авиажолаушыларға жоғары мәдени қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

3) арнайы машиналардың техникалық жарамдылығына және оларды қосымша құралдармен жинақтауға;

4) жүргізушілер құрамының және трактор айдаушылардың дайындығына;

5) бекітілген арнайы машиналар мен механизмдермен жұмыс істеуге, әуе кемесі мен авиажолаушыларға қызмет көрсетуге, әуе-айлағының пайдалану жағдайына.

60. Барлық арнайы машиналар әуежай қызметі арқылы аса тиімді және тек тікелей бағытта белгіленген жұмыс көлемі шеңберінде ғана пайдаланылуы тиіс.

61. Арнайы көлік қызметінің азаматтық авиация ұйымы қызметімен, олардың бөлімдерімен өзара байланысын (азаматтық авиация ұйымының жетекшісі әзірлеген және бекіткен технология негізінде) азаматтық авиация ұйымының әуежай құрылысы мен оны пайдалану жөніндегі бастығының орынбасары (бас инженері) ұйымдастырады және бақылайды.

62. Қызметкердің шаруашылық қатынастары ішкі шаруашылық есепке негізделеді және азаматтық авиация ұйымдарының экономикалық бөлімімен жоспарланады.

63. Әуежайдың қызметі мен бөлімдері арнайы көлік қызметін азаматтық авиация ұйымының технологиялық үдерісіндегі өз қызметіне сәйкес қамтамасыз етеді.

64. Жанар-жағар май материалдарының қызметі:

1) әуе кемесіне авиациялық жанар-жағар май материалдарын құюды қамтамасыз ету;

2) арнайы машиналарды әртүрлі жанар-жағар майлармен сапалы және уақытында қамтамасыз ету;

3) арнайы көлік қызметін техникалық сұйықтармен (тежеу сұйықтығы, антифриз т.б.) қамтамасыз ету;

4) әуежайға авиаотын мен басқа жанар-жағар майларды жеткізетін отын цистернасының жұмысын ұйымдастырады және бақылайды;

5) отынқұйғыш, майқұйғыш және құюшы агрегаттардың арнайы құрал-жабдықтарының жарамдылығына бақылауды жүзеге асырады, ыдыстарды тазалайды, сүзгіштерді ауыстырады және формулярға сәйкес жазба жүргізеді.

65. Ұшуды электр-жарық-техникалық қамтамасыз ету қызметі:

1) өндіріс аумақтарын, тұрғын үйлерді, құрылысты және шұғыл арнайы көлік қызметі тұрақтарын электр энергиясымен сапалы әрі тоқтаусыз қамтамасыз етуді

ұ й ы м д а с т ы р у ;

2) арнайы көлік қызметіне электр құрал-жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырады және жүзеге асырады.

66. Жылу техникалық және тазалық-техникалық қамтамасыз ету қызметі:

1) жылу энергиясының барлық түрімен қамтамасыз ету (технологиялық бу, жылу беретін айналмалы су, ыстық су);

2) қызметтің ішетін, шаруашылық және өнеркәсіптік сумен жабдықтау қажеттілігін қамтамасыз ету;

3) жылумен, сумен жабдықтау, арналар салу мен желдету жүйелеріне қызмет көрсету ;

4) тұрғын үйлер мен құрылыстардың ішкі тазалық-техникалық жүйесінің инженерлік желілерінің құрал-жабдықтарын жөндеу және профилактикалық жұмыстарын ұйымдастырады ;

5) желдету құрылғыларына төлқұжат беру жүйесін жүргізеді.

67. Әуежайдың материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі:

1) арнайы көлік қызметінің негізгі автомобильдері мен арнайы құрал-жабдықтарын агрегаттармен және қосалқы бөлшектермен, автопокрышкамен, аккумулятормен, автомобиль радиостанцияларымен, жарық бергіш құралдармен, гараж құралдарымен, аспаптарымен, арнайы киімдермен үздіксіз қамтамасыз етеді.

68. Әуежайдың ақпаратты - есептеу орталығы:

1) арнайы көлік қызметінің тапсырысы бойынша автомобиль радиостанцияларын алғашқы орналастыруды қамтамасыз етеді;

2) әуежайдың ішкі байланысындағы автомобиль радиостанцияларына қиын техникалық қызмет көрсетуді және жөндеу жұмыстарын жүргізеді;

3) шұғыл телефон байланысы мен дауыс зорайтқыш және радиохабарлары құралдарына техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді.

69. Әкімшілік-шаруашылық бөлім:

1) өндірістік, қызметтік және тұрмыстық үй-жай мүліктері және жиһаздарының сақталуы мен есебін ұйымдастырады және оларды уақытында жөндеуді жүргізеді ;

2) қызмет бөлмелерін, сондай-ақ қызмет аймағын жинауды қамтамасыз етеді;

3) арнайы көлік қызметі аймағын көгалдандыру шараларын жүзеге асырады.

70. Жердегі құрылысты пайдалану бөлімі:

1) қайта салынатын ғимараттар мен құрылыстарға техникалық құжаттар әзірлейді ;

2) арнайы көлік қызметі ғимараттары мен құрылыстарын уақытында әрі

сапалы ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізуді қамтамсыз етеді;

3) өндірістік және қызметтік ғимараттарды және құрылыстарды дұрыс техникалық пайдалануды қамтамасыз етеді және оларға құжат береді.

71. Әуежайдың инженерлік авиациялық қызметі:

1) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетуде пайдаланылатын арнайы машиналар мен көлік автомобильдері жұмысын қызмет көрсету аймағында ұйымдастырады және бақылайды;

2) авиациялық жылу двигательдерін, үрлегіш машиналарға және ауаға жіберу құрылғыларына, сондай-ақ әуе кемесін сығымдалған газбен толтыру және су жүйесін тексеру қондырғысының арнайы құрал-жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізеді. Арнайы көлік қызметінің бас инженері инженерлік авиациялық қызметі авиадвигательдер мен арнайы құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсету кестесін келіседі және жасайды, сонымен бірге жұмыстың уақытында орындалуы мен техникалық құжаттаманың рәсімделуіне бақылау жасайды.

72. Азаматтық авиацияның дәрігерлік-тазалық қызметі:

1) арнайы көлік қызметі жұмысшыларын алдын ала (түскен кезде) және мерзімді дәрігерлік байқаудан өткізеді;

2) жүргізушілер құрамы мен трактор айдаушылардың сапар алдындағы және сапардан кейінгі дәрігерлік куәландыруын жүргізеді;

3) тазалық-эпидемиологиялық қызмет алдын ала сақтандыру мен ағымдағы тазалық бақылауды, атап айтқанда зерттеудің лабораториялық-аспаптық тәсілін қолдана отырып жүзеге асырады және орындалудың нақты мерзімі мен орындаушыларды көрсете отырып міндетті түрде орындалуға тиісті сауықтыру шараларын әзірлейді.

8-тарау. Арнайы машиналарды қабылдау және өткізу тәртібі

73. Арнайы машиналар арнайы көлік қызметіне бекітіледі. Арнайы машиналарды жүргізушіге (бригадаға) колонна бастығы өткізеді. Арнайы машинаны қабылдаушы бригадир жүргізушіге немесе бригадаға бекіту актісіне қол қояды және осы нұсқау талаптарына сәйкес арнайы машиналардың үнемі техникалық дайындығы мен сақталуын бақылайды.

74. Азаматтық авиацияда пайдаланылатын арнайы машиналар жол полициясы органында тіркеліп (есепке тұруы), мемлекеттік нөмір белгісі болуы тиіс. Жол полициясы органында есепке алынбаған және тек әуеайлағының жабық аймағында ғана пайдаланылатын тракторлар, бульдозерлер, автогрейдерлер және басқа арнайы машиналардың ведомстволық нөмір белгісі болуы керек.

75. Жол полициясы басқармасында есепке тұрмаған немесе әуежайда тіркелмеген, мемлекеттік немесе ведомстволық нөмір белгілері жоқ арнайы машиналарды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

76. Әрбір арнайы машинаға жол полициясы басқармасы нөмір белгілерімен қоса белгіленген үлгідегі техникалық төлқұжат береді. Техникалық төлқұжат арнайы машинаның тіркеуін, кімдікі екенін және техникалық сипатын куәландырушы құжат болып табылады. Техникалық төлқұжат арнайы машиналарды жарамсыз деп немесе жою кезінде есептен шығарғанға дейін жарамды болады.

77. Арнайы машинаның нөмір белгісіндегі және негізгі автомобильдің двигатель нөмірлеріндегі өзгеріс техникалық төлқұжатқа жазылады.

78. Арнайы көлік қызметінің бастығы (бас инженер) барлық қажетті мағлұматтардың техникалық төлқұжатқа уақытында және дәл жазылуын қатаң бақылауы қажет.

79. Арнайы машиналардың техникалық төлқұжатында түзетулер мен өшіру жүргізуге тыйым салынады.

80. Арнайы машиналардың техникалық төлқұжаты арнайы көлік қызметінде қатаң есепке алынған құжат ретінде сақталуға тиіс.

9-тарау. Жүргізушілер жұмысын ұйымдастыру

81. Арнайы көлік қызметінде жүргізушілердің жұмысын ұйымдастыру мен бекітудің мынадай тәсілдері қолданылады:

1)	э к и п а ж д ы ;
2)	б р и г а д а л ы қ ;
3)	ж е к е (б е к і т і л г е н) .

Жүргізушілердің жұмысын экипажды тәсілмен ұйымдастыру дегеніміз бір немесе бірнеше арнайы машинаны жүргізушілер экипажына және осы экипаждың арнайы машиналарында әр ауысым жүргізушілерін жұмыс істеуге бекітуді қарастырады.

Тұтас алғанда барлық экипаж және әрбір жүргізуші жеке-жеке барлық экипажға бекітілген арнайы машиналардың техникалық жағдайы мен сақталуын бақылайды.

82. Жүргізушілердің жұмысын бригадалық тәсілмен ұйымдастыру - бригадаға арнайы машиналардың белгілі санын және оларда жұмыс істейтін бригада мүшелерін бекітуді қарастырады. Тұтас алғанда бүкіл бригада және әрбір жүргізуші жеке-жеке бригадаға бекітілген арнайы машиналардың техникалық жағдайы мен сақталуын бақылайды.

83. Арнайы машиналарды жеке бекіту тәсілі арқылы ұйымдастыру - жүргізушінің өзіне бекітілген арнайы машинаның техникалық жағдайы мен сақталуына жауапкершілігін қарастырады.

84. Жүргізушілердің жұмысын ұйымдастыру тәсілін таңдау азаматтық авиация ұйымдары жұмыс көлемі мен шарттарына байланысты жүзеге асырылады.

85. Бригаданың саны, сондай-ақ алдағы кезеңге (көктемгі-жазғы, күзгі-қысқы дайындық) әр бригададағы арнайы машиналар мен жүргізушілер саны істелетін жұмыс көлемі негізінде есеппен анықталады және азаматтық авиация ұйымының жетекшісі арқылы бекітіледі.

Бригадир арнайы көлік қызметі бастығының ұсынуымен азаматтық авиация ұйымы жетекшісінің бұйрығымен тағайындалады.

86. Бригадалар бригадаға бекітілген арнайы машиналардың материалдық бөлігін жақсы білетін және оларды пайдалануды практикалық жақсы меңгерген білікті жүргізушілерден жасақталады.

87. Бригада мүшелерінің жұмысқа шығуы арнайы көлік қызметі бастығының жергілікті комитетпен келісе отырып бекітілген кесте арқылы белгіленеді.

88. Арнайы машиналарды қабылдау тәртібі мен оларды ауысым бойынша өткізу колонна бастығы арқылы анықталады. Жүргізушілер арнайы машиналардың техникалық жағдайын тексеру нәтижесін бригадирге баяндайды және ауысымды қабылдау-өткізу журналына жазады.

89. Ауысымды аяқтаған, бригададан қабылданған арнайы машиналар техникалық жарамды, жанар-жағар майлар мен арнайы сұйықтықтар құйылған және толық жинастырылған болуы тиіс. Бригадирлер ауысымды қабылдағаны және өткізгендігі туралы қабылдау - өткізу журналына қол қояды.

90. Арнайы машиналардың техникалық жағдайына бақылауды күшейту мақсатында жүргізушілер әуе кемесіне (әуеайлағына) қызмет көрсетуден бос уақытта оларды ауысым бойынша өткізуге дайындауға қажетті жұмыстарды жүргізеді. Ақырғы дайындық және өткізу бригадирдің көрсетуі бойынша ауысым соңында жүргізіледі.

91. Ауысым инженері (бригадир) ауысым жұмысы нәтижелерін талдайды, еңбек тәртібінде, әуеайлағындағы қозғалыс ережелерінің және техника қауіпсіздігінде жіберілген тәртіп бұзушылықтарды көрсетеді, ауысым жұмысының нәтижелері жөнінде арнайы көлік қызметі құрылымы бастығына баяндайды.

3-бөлім.

Арнайы көлік қызметі жеке құрамының техникалық дайындығы және жұмысқа жіберу тәртібі

92. Техникалық дайындықтың мақсаты арнайы көлік қызметі жеке құрамының арнайы машиналарды білікті пайдалану мен жөндеуді қамтамасыз ету үшін орындалатын қызметтеріне сәйкес теориялық білімі мен практикалық дағдысын үнемі көтеру болып табылады.

93. Арнайы машиналарды пайдалануды сәйкес оқу орындарындағы арнайы дайындық курстарынан өткен инженер-техникалық және жүргізушілер құрамы жүзеге асырады.

94. Арнайы көлік қызметі құрылымы жеке құрамының техникалық дайындығы төмендегідей негізгі формаларды қамтиды:

1) азаматтық авиация жоғары және орта оқу орындарында және басқа салалас мамандық мекемелерінде инженер-техникалық құрамның жалпы-техникалық дайындығы ;

2) арнайы көлік қызметі жүргізушілері мен мамандарын әуежай жанындағы оқу орындарында тікелей ұйымдастырылған курстарда, штатты автоклубтарда, кәсіптік-техникалық және техникалық білім беретін оқу орындарында, министрліктер мен ведомстволық автомектептерде, оқу комбинаттарында дайындау ;

3) арнайы көлік қызметі жүргізушілері мен мамандарының білімін оқу-жаттығу отрядтарында, кадрларды қайта дайындау факультеттерінде және АКҚ-да жетілдіру.

95. Тікелей азаматтық авиация ұйымдарында мыналар жүзеге асырылады:

1) сәйкес мамандыққа біліктіліктің бастапқы деңгейі бар жұмысшыларды дайындау ;

2) арнайы машиналардың жаңа үлгілерін меңгеру үшін, қос мамандықты меңгеру және басқа жұмысқа ауысу үшін жұмысшыларды қайта дайындау;

3) жеке құрамның өндірістік біліктілігін көтеру және жүргізушілерді екінші және бірінші сыныпқа дайындау.

96. Жалпы бағыттағы автошаруашылықтардан келген жүргізушілер мен трактор айдаушыларды дайындау, азаматтық авиация ұйымдары бөлімшелері жүргізушілерін арнайы көлік қызметінде жұмыс істеу үшін қайта дайындау өкілетті органдар бекіткен типтік оқу жоспары мен бағдарламасы бойынша әуежайда пайдаланылатын жердегі техниканы ескере отырып жүргізіледі.

97. Азаматтық авиация ұйымы арнайы көлік қызметінде жүргізушілерді қайта дайындау кезінде және оларға бірінші және екінші сыныпты біліктілік берген

кезде "Автокөлік жүргізушісіне біліктілік беру тәртібі туралы нұсқауды" басшылыққа алу қажет.

98. Арнайы машиналарды жүргізушілердің білімі мен дағдысы мына жағдайда тексерілуге тиіс:

1) осы нұсқауда өкілетті органдардың қазіргі бұйрықтары мен нұсқауларында қарастырылған мерзімде, көлемде және тәртіпте перрондағы (әуе айлағындағы) жұмысқа жүргізушіні бірінші рет жіберер алдында;

2) осы нұсқау талаптарын есепке ала отырып арнайы жасалған әдістеме бойынша күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы дайындық алдында;

3) арнайы машиналарды пайдалану кезінде және қозғалыс ережелерін бұзған жүргізушілерге (кезектен тыс).

Жүргізушілердің білімі мен практикалық дағдысын тексеру нәтижесі тиісті хаттама (ведомость) арқылы рәсімделеді (9-қосымша).

10-тарау. Арнайы көлік қызметінің жеке құрамын дайындау және біліктілігін көтеру

99. Арнайы көлік қызметінде жұмыс істеу үшін көпшілік кәсіптегі жаңа жұмысшыларды дайындау азаматтық авиацияның тікелей өз ұйымдарында жұмысшылардың біліктілігін арттыру мен дайындау туралы қазіргі ережеге сәйкес және кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі өкілетті органдар жасап бекіткен оқу бағдарламасы бойынша, сондай-ақ ерекше (өзіндік) кәсіптер мен мамандықтар жөнінде өкілетті органдар бекіткен бағдарлама бойынша жүргізіледі.

100. Жұмысшыларды қажетті кәсіпке өздері оқыта алмаған жағдайда азаматтық авиация бөлімшелері жұмысшыларын басқа әуежайларға, кәсіптік-техникалық училищелерге, сондай-ақ тиісті курстарға және мектептерге оқуға жібереді.

101. Арнайы көлік қызметі жеке құрамын екінші және қосымша кәсіпке оқыту кәсіптік саланы кеңейту, кәсіптер мен мамандықтарды қосу, еңбекті ұйымдастыруды жақсарту және құрал-жабдықтарды ұтымды пайдалану қажеттілігінен шығады. Жұмысшыларды екінші кәсіпке оқыту кезінде олар негізгі жұмыстан өндірістік оқудың барлық мерзіміне босатылады. Әуежайларға жаңа техниканы, бұйымдарды, жаңа технологиялық үдерістерді, экономика мәселелерін, еңбекті ғылыми ұйымдастыруды оқып білу үшін мақсатты бағытта курстар ұйымдастырылады.

102. Арнайы көлік қызметі жеке құрамының өндірістік біліктілік деңгейін көтеру үшін, жаңа техниканы, еңбекті ғылыми ұйымдастыруды, жұмыстың жоғары өндірістік тәсілін меңгеру үшін қажетті техникалық және экономикалық

білім алу үшін мыналар ұйымдастырылады:

- 1) өндірістік-техникалық курстар және мақсатты бағыттағы курстар;
- 2) жұмысшыларды екінші және қосымша кәсіпке оқытатын курстар;
- 3) еңбектің алдыңғы қатарлы әдістерін үйрететін мектептер.

103. Техникалық дайындық курстарындағы оқу арнайы көлік қызметінің, жалпы білім беру және оқушылардың техникалық дайындығы талаптары ескеріле отырып, кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі өкілетті органдардың ұсынысы негізінде азаматтық авиация ұйымдарының басшысы жасап бекіткен бағдарлама бойынша өкілетті органдардың қазіргі қолданыстағы ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

104. Жұмысшыларды біліктіліктің бастапқы деңгейінде оқыту, жұмысшыларды дайындау және олардың біліктілігін көтеру біліктілік емтихандарымен аяқталады. Емтихандарды жүргізу үшін азаматтық авиация ұйымы бастығының бұйрығымен қолданыстағы ережелерге сәйкес біліктілік комиссиялары тағайындалады. Біліктілік емтихандары нәтижесі емтихан бағалары қойылған, біліктілік сынақ нәтижесі мен жұмысшының біліктілік деңгейі туралы комиссия қорытындысы жазылған хаттамамен рәсімделеді. Біліктілік емтихандарын тапсырғандарға кәсіптік-техникалық білім бойынша белгіленген бірыңғай формадағы куәлік беріледі.

105. Арнайы көлік қызметі инженер-техникалық құрамының техникалық оқуы мыналардан тұрады:

- 1) азаматтық авиация ұйымдарында өткізілетін мерзімдік (көктемгі және күзгі) конференциялардан және семинарлардан;
- 2) өкілетті органдар өткізетін конференциялар мен біліктілікті арттыру курстарынан;
- 3) жеке сабақтар мен өздігінен оқудан.

11-тарау. Арнайы көлік қызметі жұмысына рұқсат ету

106. Арнайы көлік қызметі құрылымының жеке құрамы өздігінен жұмысқа рұқсат берер алдында техникалық қауіпсіздік жөніндегі нұсқау алуы тиіс. Нұсқау түрлері:

- 1) кіріспе;
- 2) жұмыс орнындағы алғашқы;
- 3) қайталау;
- 4) жоспардан тыс;
- 5) ағымдағы.

107. Кіріспе нұсқауды еңбекті қорғау жөніндегі аға инженер (инженер) немесе инженер-техникалық қызметкер азаматтық авиация ұйымы бастығының

бұйрығымен қайтадан қабылданған арнайы көлік қызметінің барлық жұмысшыларымен, инженер-техникалық қызметкерлерімен, өндірістік оқу практиканттарымен, оқушыларымен жүргізеді.

108. Кіріспе нұсқауды азаматтық авиация ұйымының автошаруашылықтарында және арнайы көлік қызметінде стандарттар мен еңбек қауіпсіздігі талаптарын ескере отырып жасалған және кәсіподақ комитетімен келісе отырып азаматтық авиация ұйымдарының бастығы бекіткен бағдарлама бойынша, сондай-ақ өндірістің барлық ерекшелігін есепке ала отырып жүргізеді.

109. Кіріспе нұсқау мен білімді тексеруді жүргізу туралы нұсқау беруші мен нұсқау алушының міндетті түрде қолы қойылып, кіріспе нұсқауды тіркейтін журналға жазылады.

110. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқаулық жұмысқа рұқсат берер алдында барлық қайта қабылданған арнайы көлік қызметі жұмысшыларымен, практиканттарымен және оқушыларымен жүргізіледі, сондай-ақ ол бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысу кезінде де жүргізіледі. Бұл нұсқауларды коллона (бөлім) бастығы (инженері, механигі) жұмыс орнындағы нұсқаудың негізгі қағидаларына және стандарт талаптарын есепке алатын жұмыс түрлеріне немесе кейбір кәсіптерге арналып жасалған еңбекті қорғау жөніндегі нұсқау бойынша жүргізеді.

111. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқау әрбір жұмысшымен жеке, еңбектің қауіпсіз әдіс-тәсілдерін практика жүзінде көрсете отырып жүргізіледі. Коллона (бөлім) бастығы (инженері, механигі), егер жұмысшы еңбектің қауіпсіз тәсілдерін жақсы меңгере алмаса, қайталау нұсқауын өткізеді.

112. Арнайы көлік қызметі жұмысшыларын жұмысқа жіберу тәртібі осы нұсқау және азаматтық авиация әуеайлақтарында әуе кемелерінің, арнайы автокөлік пен механизация құралдарының қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі нормативті құжат арқылы анықталады.

Практиканттар мен оқушылар жұмысқа тек АКҚ бастығы бұйрығымен тағайындалған тәжірибелі жұмысшылар басшылығымен кіріспе және алғашқы нұсқаудан өткеннен соң жіберіледі. Өздігінен жұмысқа рұқсат ету жұмыс орнындағы нұсқау журналына нұсқау берушінің қолы қойылып және күні көрсетіліп жазылады.

113. Арнайы көлік қызметі жұмысшылары олардың біліктілігіне қарамастан, кемінде айына 1 рет жұмыс орнында алғашқы нұсқау алу бағдарламасы бойынша қайталау нұсқауынан өтеді, ал арнайы машиналар жүргізушілері пайдаланудың күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы маусымында арнайы машиналарды пайдалану қауіпсіздігі ерекшеліктерімен, сондай-ақ жол қозғалысы жөніндегі қазіргі нормативті актілермен қосымша танысады.

114. Қайталау нұсқауын жұмыс орнындағы алғашқы нұсқау жүргізу тапсырылған қызметкерлер жүргізеді. Қайталау нұсқауы жеке жүргізілуі мүмкін, сол сияқты 20 адамнан аспайтын бір кәсіпте жұмыс істейтін топпен де жүргізілуі мүмкін.

115. Жұмыстың қауіпсіз тәсілдері мен әдістері жөніндегі жоспардан тыс нұсқауды колонна (бөлім) бастығы (инженері, механигі) технологиялық және өндірістік тәртіп, еңбек қауіпсіздігі талаптары бұзылған кезде, сондай-ақ қызмет көрсетіп тұрған құрал-жабдық пен жылжымалы тізбектің технологиялық үдерісі өзгерген кезде жүргізеді.

116. Жоспардан тыс нұсқауды жеке немесе бір кәсіптегі жұмысшылар тобымен жұмыс орнындағы алғашқы нұсқау көлемінде жүргізеді.

117. Қайталау және жоспардан тыс нұсқау алушы мен нұсқау берушінің міндетті түрде қолы қойылып жұмыс орнында нұсқау берілгені тіркелетін журналға жазылады. Жоспардан тыс нұсқау берілгенін тіркеу кезінде оны жүргізу себебін көрсетеді.

118. Ағымдағы нұсқау жұмыс өндірісі алдында рұқсат беру құжаты рәсімделетін жұмысшылармен жүргізіледі. Ағымдағы нұсқау жүргізу өндірістегі рұқсат беру құжатында жазылады. Ағымдағы нұсқауды колонна (бөлім) бастығы (инженері, механигі) жүргізеді ол қысқа, анық және нақты болуы тиіс, қажет жағдайда, жұмысты орындаудың дұрыс және қауіпсіз тәсілдері көрсетілуі керек.

Жұмыс жетекшісі жұмыс барысында нұсқау беру кезінде әрбір жұмысшының өзіне тапсырылған істі орындау туралы қауіпсіз тәсілдің орындалуын жүйелі түрде бақылайды.

Техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқауды орындамаған жұмысшылар үшін нұсқау қайталануы тиіс.

119. Аса қауіпті жұмысты атқаратын арнайы көлік қызметі жұмысшылары өздігімен істелетін жұмыстарға тек типтік бағдарлама оқыту курстарынан кейін, белгіленген тәртіпке сай емтихандарды тапсырған соң және берілген құрал-жабдыққа (механизм) қызмет көрсету мен өндірісте жұмыс істеу құқығына куәлік алған соң рұқсат етіледі. V043234

120. Жұмысшыларды біліктіліктің бастапқы деңгейіне дайындау кезінде және олардың біліктілігін көтеру кезінде еңбектің қауіпсіз тәсілдерін оқыту азаматтық авиация ұйымдарында еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өндірістік тазалық жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру саласындағы нормативті-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

12-тарау. Жүргізушілерді әуеайлағындағы (перрондағы) жұмысқа жіберу

121. Азаматтық авиация қызметі ұйымдарының барлық жүргізушілері әуеайлағын жұмысқа төмендегілерді оқып үйренген соң ғана жіберіледі:

1) шығарушы-зауыт нұсқауында көрсетілгендей арнайы машиналардың сәйкес типтерін, олардың арнайы құрал-жабдықтарын пайдалану ерекшеліктерін;

2) азаматтық авиация әуеайлақтарында әуе кемелерінің, арнайы автокөліктің және механизация құралдарының қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқау талаптарын ;

3) ұшуды қамтамасыз ететін өзара іс-қимыл технологиясын;

4) машиналарды пайдалану мен жөндеу кезінде еңбек қауіпсіздігі талаптарын ;

5) осы нұсқаудың барлық талаптарын.

122. Әрбір жүргізуші әуеайлағында өздігінен жұмысты бастар алдында әуежай бастығының бұйрығымен тағайындалған тәжірибелі жүргізушілер басшылығымен кем дегенде 8 жұмыс ауысымы көлемінде стажировкадан өтуі тиіс. Стажировка барысында жүргізушілер әуеайлағында машина айдаудың практикалық дағдыларын және белгілі бір арнайы машиналарда технологиялық операциялар орындауды үйренуі тиіс.

Әуе кемесіне қызмет көрсететін арнайы машиналар жүргізушілері стажировка кезінде арнайы машиналардың әрбір үлгісінде ӘК-не қызмет көрсетудің барлық технологиялық циклін міндетті түрде орындайды. Әуе кемелеріне келу және олардан кету ережелерін алдын-ала үйрену кезінде жаттығуды ӘК құрылымы аймағын бейнелейтін макеттерде жүргізу ұсынылады, сондықтан осындай макеттермен жабдықталған арнайы алаңдар жасалуы тиіс.

Әуеайлағының арнайы машиналар жүргізушілері әуеайлағын пайдалану жөніндегі технологиялық операциялардың барлық циклін орындаудан міндетті түрде стажировкадан өтеді.

Стажировканың жалпы уақытын жүргізушілер штатта тұрған қызмет бастықтары олардың біліктілігін және әуеайлағын практикалық жұмыс дағдысын есепке ала отырып белгілейді.

Жүргізушілердің курста оқу және стажировкадан өтуі туралы мағлұматтар " Арнайы машиналар (механизмдер) жүргізушілерінің стажировка қағазына" (10-қосымша) жазылады, ол әрбір машинаға бөлек жүргізіледі және оқыту мен стажировка барысында жүргізушіде сақталады, ал оқу аяқталысымен жүргізушілерді әуеайлағындағы жұмысқа жіберу жөніндегі комиссияға ұсынылады. Көрсетілген жүргізушінің стажировка қағазындағы барлық жазбалар жүргізушілер стажировкасына басшылық ететін және оқытуға жауапты адамдардың қолымен куәландырылады.

123. Арнайы машиналарды пайдалану жөніндегі жүргізушілердің білімі мен практикалық дағдылары мүдделі қызмет өкілдерінен тұратын азаматтық авиация

ұйымы жетекшісінің бұйрығымен тағайындалған біліктілік комиссиясы арқылы тексеріледі. Тексеру нәтижесі хаттамамен рәсімделеді, оған "Арнайы машиналар (механизмдер) жүргізушісінің стажировка қағазы" беріледі.

124. Әуеайлағында жүргізушіні өздігінен жұмыс істеуге жіберу (рұқсат ету) біліктілік комиссиясы хаттамасының қосымшасымен, азаматтық авиация ұйымы басшысының бұйрығымен және жүргізушінің стажировка қағазы арқылы рәсімделеді. Жүргізушіге сонымен қоса "Әуеайлағында арнайы машиналарды (механизмдерді) жүргізу және әуе кемелеріне қызмет көрсету құқығына талон" (2-қосымшаны қараңыз) беріледі.

125. Көрсетілген талонда әуе кемесіне қызмет көрсету мен қозғалыс ережелерін және ұшуды қамтамасыз ететін қызмет технологиясы талаптарын үш рет бұзғандығы туралы белгісі бар жүргізушілер жұмыс істеуге тек арнайы машиналарды пайдалану мен қозғалыс ережелері туралы олардың білімін біліктілік комиссиясы қайта тексерген соң ғана және азаматтық авиация ұйымы бастығының бұйрығы шығарылған соң ғана жіберіледі.

126. Ауысымда (бригадада) жұмыс басталар алдында және ауысым аяқталған кезде жүргізушілер азаматтық авиация ұйымы дәрігерлері жүргізетін дәрігерлік байқаудан өтуі тиіс және жүргізуші бақылау дәрігерлік кітапшасында немесе жол қағазында жұмысқа жіберілу туралы белгі соқтыруы керек. Ішімдік қолданған жүргізушілер жұмысқа жіберілмейді.

127. Барлық жүргізушілер кезеңдік дәрігерлік қайта куәландырудан өтуі тиіс.

128. Кем дегенде жылына екі рет (күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы маусымдар алдында) арнайы машиналарды пайдаланатын әуежай қызметінде қызмет бастығының төрағалығымен тағайындалған комиссия жүргізушілердің машиналардың материалдық бөлігі әуеайлағындағы практикалық жұмыс дағдылары мен азаматтық авиация әуеайлақтарында әуе кемелері, арнайы автокөлік және мехнизация құралдары қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқау талаптарына сәйкес білімін тексереді.

Тексеру нәтижесі ағымдағы кезеңде жұмыс істеуге жіберу үшін негіз болып табылатын сәйкес хаттамада рәсімделеді. Арнайы машиналардың материалдық бөлігін, жоғарыда көрсетілген нұсқау талаптарын және әуеайлағындағы қозғалыс ережелерін, әуе кемесіне қызмет көрсету кезінде келу (кету) ережелерін жөнді білмейтін және нашар білетін жүргізушілерді әуеайлағындағы жұмысқа жіберуге тыйым салынады.

13-тарау. Инженер-техникалық құрамды стажировкадан өткізу және қайта дайындау

129. Жоғары оқу орнын бітірген инженерлер арнайы көлік қызметін кем дегенде 6 ай мерзімде азаматтық авиация өкілетті органы қолданысындағы жас мамандар стажировкасы туралы нұсқаулар мен қағидаларға байланысты стажировкадан өтеді, ал берілген мамандық бойынша кем дегенде 3 ай мерзімді жұмыс стажы бар адамдар сол уақыт ішінде өз қызметін орындайды және штат кестесіне орай жалақысын алады.

130. Жас мамандарды стажировкадан өткізуге жалпы басшылықты арнайы көлік қызметі жүргізеді, ал оны ұйымдастыруға және жүргізуге авиакәсіпорын арнайы көлік қызметі бастықтары (бас инженерлері) жауапты болып табылады.

131. Арнайы көлік қызметі бастығының (бас инженері) міндеті:

1) жас мамандар келген күннен бастап 10 күн ішінде стажировканың жеке жоспарларын жасау және оларды азаматтық авиация ұйымының бастығына бекітуге ұсыну;

2) жас мамандарға белгіленген стажировка мерзімі өткенге дейін қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып кең көлемді мінездеме жасау.

132. Стажировка аяқталған соң азаматтық авиация ұйымының бастығы тағайындаған комиссия:

1) стажировка қорытындысын шығарады;

2) стажировка аяқталған соң 2 апта ішінде жас мамандар мінездemesін олардың жеке жоспарларының орындалуы туралы есебін қарастырады;

3) стажордың білімі мен практикалық дағдысын тексереді және азаматтық авиация ұйымының бастығына жас мамандарға байланысты ұсыныстар жасайды.

133. Инженер-техникалық құралды қайта дайындау азаматтық авиацияның өкілетті органы бекіткен арнайы жоспарлар мен бағдарламалар бойынша азаматтық авиация жоғары және орта техникалық оқу орындары негізінде жүргізіледі.

4-бөлім.

Арнайы көлік қызметі жұмыстарын жоспарлау, есепке алу және талдау

134. Арнайы көлік қызметінің жоспарлау-экономикалық жұмысы азаматтық авиация ұйымдарындарда негізгі өндірістік әрекетті арнайы машиналарды және автокөлікті тиімді пайдалануды түбегейлі жақсартуды, арнайы көлік қызметі жұмысшыларының еңбек өнімділігін арттыруды және жанар-жағар май материалдарын үнемдеу тәртібін күшейтуді қамтамасыз етуге бағытталған. Осы мақсатта жоспарлау-экономикалық жұмыс мыналарды қамтиды:

- 1) арнайы көлік қызметінің өндірістік-қаржы жұмысын жоспарлау;
- 2) арнайы көлік қызметінің жұмысын есепке алу;
- 3) арнайы көлік қызметінің өндірістік-қаржы жұмысын талдау.

135. Арнайы көлік қызметінің жұмысын жоспарлау, есепке алу және талдау қолданыстағы нұсқау-әдістемелік құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

136. Арнайы көлік қызметінің жоспарлау-экономикалық жұмысын азаматтық авиация ұйымының жоспарлау-экономикалық бөлімі басқарады және ұйымдастырады. Бұл жұмысқа жоспарлау-экономикалық бөлімі мен арнайы көлік қызметінен басқа азаматтық авиация ұйымдарының қаржы бөлімі және еңбекті және еңбекақыны ұйымдастыру бөлімі қатысады.

137. Жоспарлау, есепке алу және талдау кезіндегі еңбекті көп қажет ететін есептесу жұмыстарын орындау ісі ұйымдастырылады және автоматтандырылады :

- 1) жұмысты шұғыл және ағымды жоспарлау;
- 2) сақтық қор, пайдалану қызметі, үлгі, марка және арнайы машиналардың гараж нормасы, колонна, бригада және атқарушылар бойынша есепке алу және е с е п б е р у ;
- 3) өндірістік қызметті әңгімелесу түрінде талдау.

14-тарау. Арнайы көлік қызметі жұмысын есепке алу

138. Арнайы көлік қызметі жұмысын есепке алу оны жетілдірудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Ол кемшіліктерді уақытында ашуға, қорды анықтауға және талдау нәтижесі бойынша арнайы көлік қызметі жұмысының тиімділігін арттыру шараларын жасауға және жүзеге асыруға көмектеседі.

139. Арнайы көлік қызметі жұмысын есепке алудың негізгі міндеттері м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

- 1) арнайы көлік қызметі өндірістік-қаржы жұмысын шұғыл талдау мүмкіндіктерін тұтас және оның әрбір бөлігін жеке-жеке қамтамасыз ету;
- 2) өндірістегі сақтық қорды ашу;
- 3) арнайы көлік қызметі өндірістік-қаржы жұмысын жоспарлау үшін материалдар дайындау.

140. Арнайы көлік қызметі жұмысын есепке алу мынадай талаптарға жауап б е р у і т и і с :

- 1) есепке алудың барлық көрсеткіштері мен түрлері анық жүйеде көрсетілуі т и і с ;
- 2) есепке алу мен есеп бару арнайы көлік қызметі өндірістік-қаржы

жұмысының барлық жақтарын қамтуы тиіс;

3) есепке алу мен есеп беру қарапайым, толық болуы тиіс және есепке алу көрсеткіштерін өңдеу механизациясын қамтамасыз ететін болуы тиіс.

141. Арнайы көлік қызметі жұмысын есепке алу өкілетті орган бекіткен есеп бойынша қолданыстағы нұсқауға сәйкес жүзеге асырылады. Есепке алу өкілетті орган әзірлеген алғашқы және статистикалық құжаттар түрінде жүргізіледі.

142. Арнайы көлік қызметі бойынша есепке алудың 3 түрі қолданылуы тиіс:

1) шұғыл-техникалық (арнайы көлік қызметі есебі бойынша техниктер жүзеге асырады) ;

2) есепшілік (әуежайдың есеп-қисап бөлімі жүзеге асырады);

3) статистикалық (әуежайдың жоспарлау-экономикалық бөлімі жүзеге асырады).

143. Шұғыл-техникалық есеп шұғыл жоспарлаумен тығыз байланыста болуы керек, өндірістік-шаруашылық жұмыстарды жеке көрсетіп, күнделікті жүргізілуі тиіс.

144. Есепшілік есеп арнайы көлік қызметінің барлық шаруашылық қызметін көрсетеді. Есепшілік есепке алу арқылы барлық өндірістік-шаруашылық операцияларға бірыңғай ақша көрсеткіштерімен бақылауды жүзеге асыруға болады.

145. Статистикалық есепке алу машиналар мен механизмдердің жағдайы мен пайдаланылуын, тасымалдау жоспарының орындалуын және АКҚ өндірістік-шаруашылық қызметтің басқа жақтарын бейнелейді.

146. Статистикалық есеп беруді ұсынған кезде есеп берудің түрі мен мерзімі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкілетті органдардың арнайы нұсқауларын қатаң басшылыққа алу қажет.

147. Арнайы көлік қызметінде есеп алуды дұрыс ұйымдастыруды жалпы бақылау азаматтық авиация ұйымының бастығына жүктелген. Есеп алуды жүргізуге жетекшілік арнайы көлік қызметі бастығына (бас инженеріне) жүктеледі.

5-бөлім.

Арнайы машиналардың жұмысын ұйымдастыру, әуе кемесі бұзылуының және жол-көлік апатының алдын алу шаралары

148. Әуежайлардағы арнайы машиналар жұмысын ұйымдастыру әуе кемесіне уақытында әрі сапалы қызмет көрсетуге, жерде олардың бұзылуын болдырмауға, әуеайлақтарын пайдалануға дайын ұстауға және жол-көлік апатының алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған.

149. Арнайы машиналармен әуе кемесіне қызмет көрсету және әуеайлақтарын дайындау жұмыстарын орындауда азаматтық авиация ұйымдары жұмыс өндірісі тәртібі мен өзара іс қимылын, әуеайлағындағы арнайы машиналар қозғалысын ұйымдастыру, әуе кемесінің ақауы мен жол-көлік оқиғасының алдын алу жөніндегі шаралар айқындалған азаматтық авиация саласындағы қазіргі нормативті-құқықтық құжаттар мен осы нұсқау талаптары қатаң сақталуы тиіс.

150. Әуеайлағындағы арнайы машиналардың пайдаланылуын ұйымдастыруда және ұшу алаңындағы жұмыстарды орындау кезінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылау әуежайдың жердегі құрылысты пайдалану және құрылыс жөніндегі бастығының орынбасарына жүктеледі.

151. Азаматтық авиация ұйымы қызметіне бөлінген арнайы машиналар жұмысының қауіпсіздігі мен ұйымдастыруға бақылау арнайы машиналарды пайдаланатын қызмет бастықтарына жүктеледі.

152. Бекітілген тізім бойынша техникалық жарамды арнайы машиналарды өз уақытында қамтамасыз ету мен олардың апатсыз жұмысын қамтамасыз етуді бақылау арнайы көлік қызметі бастығына жүктеледі.

153. Әуеайлағында жұмыс істеуге тек сыртқы түрі қанағаттанарлық және өрт сөндіру және медициналық дәріхана заттарымен жабдықталған техникалық жарамды арнайы машиналар жіберіледі. Бұдан басқа, ұшу жолы мен жүру жолында жұмыс істейтін машиналар радиобайланыс құралдарымен, қуатты және жарқылдақ оттармен, сүйретпелі қондырғылармен жабдықталуға тиіс.

Әуе кемесіне қызмет көрсететін машиналар радиобайланыс құралдарымен және берік тежегіштермен, ал жүк тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізетін машиналар, траптар, жүк автомобильдері амортизаторлық қондырғылармен жабдықталуы тиіс.

154. Арнайы машиналардың техникалық жағдайы шығарушы-зауыт нұсқаулары талаптарына сәйкес келуі тиіс және азаматтық авиация ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігінің талаптары мен ережелеріне жауап беруі тиіс.

155. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде пайдаланатын машиналардың арнайы құрал-жабдықтарының техникалық жағдайы әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған арнайы машиналарды пайдалану талаптарына сәйкес келуі тиіс.

156. Әуеайлағындағы барлық үлгідегі арнайы машиналардың қозғалысы белгіленген бағытта ғана азаматтық авиация ұйымының бастығы бекіткен жердегі техника қозғалысын ұйымдастыру мен орналастыру схемасы бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

15-тарау. Әуе кемелеріне техникалық және коммерциялық қызмет көрсететін арнайы машиналардың жұмысын ұйымдастыру

157. Әуе кемелеріне қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды атқару үшін арнайы көлік қызметі азаматтық авиация ұйымының бастығы (әуежай бастығы) бекіткен тізімге сәйкес арнайы машиналарды азаматтық авиация ұйымы қызметінің қарамағына бөледі, өз қарамағына бөлінген арнайы машиналардың жұмысын ұйымдастыруға бақылау жасайды және қамтамасыз етеді.

158. Әуе кемесіне қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру авиациялық техниканы жөндеу мен пайдалану жөніндегі қазіргі құжат талаптарына және берілген үлгідегі әуе кемесіне пайдалану жөніндегі нұсқауға сәйкес жүргізіледі. Әуе кемесі отын және май құю кезінде Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының жанар-жағар май материалдары және арнайы сұйықтардың сапасын бақылау, қолдану жөніндегі нұсқауларының талаптары сақталуға тиісті.

159. Әуе кемесіне қызмет көрсету үшін арнайы машиналарды беру кезегі мен тәртібі азаматтық авиация ұйымының бастығы бекіткен технологиялық кесте бойынша жүзеге асырылады.

160. Әуе кемесіне қызмет көрсету жұмыстарына басшылықты инженер, авиатехник бригадирі, авиатехниктер жасайды.

161. Әуе кемесіне қызмет көрсету кезінде арнайы машиналарды жұмыс жағдайына қою, келу және кету әуежай бастығы бекіткен келу (кету) схемасына сәйкес және арнайы машиналарды келуге (кетуге) басшылық жасауға жауапты адамдар басшылығымен жүргізіледі (3-қосымша).

162. Әуе кемесіне қызмет көрсету аймағындағы жұмыс кезінде арнайы машиналардың жүргізушілері мынандай шаралар жүргізуге тиіс:

1) қызмет көрсету аймағына кіре берісте арнайы машинаны ақ сырмен белгіленіп, қызмет көрсету аймағының шекарасында орналасқан "Т" белгісінің жанында әуе кемесінің шеткі нүктелерінен кем дегенде 10 м қашықтықта сегізбұрыш түріндегі қызыл жолақтармен боялған жерге тоқтату;

2) қызмет көрсету аймағына тек келуге жауапты қызметкердің рұқсатымен және басшылығымен кіру;

3) қызмет көрсету аймағында арнайы машиналар қозғалысын келу (кету) схемаларына сәйкес жүзеге асыру;

4) келуді басқаратын қызметкердің сигнал белгілерін мұқият қадағалау және дәл орындау;

5) әуе кемесіне келу кезінде арнайы машиналарды тоқтатуды қауіпсіз жерге, оның бұзылуын болдырмайтындай етіп орналастыру;

6) арнайы машинаны тоқтату және қызмет көрсету аймағынан шығып кету әкетуді басқаратын қызметкерлердің, әуе кемесі экипажы мүшесінің немесе инженерлік авиациалық қызмет технигінің бірінші талабы бойынша жүргізіледі;

7) қызмет көрсету аймағынан, перроннан және тұратын жерден арнайы машиналарды олар бұзылып қалған жағдайда тез арада алып кету шараларын жасау және ол туралы арнайы көлік қызметі бригадиріне немесе диспетчерге х а б а р л а у ;

8) әуеайлағында арнайы машиналарды жүргізу және әуе кемесіне қызмет көрсету құқығы берілген талон әрқашан өзімен бірге болуы тиіс және оны бірінші талап бойынша әуеайлағындағы қауіпсіз қозғалысты ұйымдастыру мен әуе кемесінің сақталуына жауапты адамдарға көрсету.

163. Әуе кемесіне арнайы машиналардың жақын келуін (кетуін) басқаратын қызметкерлер мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

1) әуе кемесіне қызмет көрсету аймағында арнайы машиналар қозғалысын Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуеайлақтарында әуе кемелері , арнайы автокөлік және механизация құралдары қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі нормативті актіде белгіленген келу схемасына сәйкес, дәл сигнал беру к ө м е г і м е н б а с қ а р у ;

2) арнайы машиналардың келуін әуе кемесінің оған жақын орналасқан бөліктерінде тұрып, жүргізушінің көз алдында басқару;

3) сигнал берер алдында жүргізуші әуе кемесі жанындағы арнайы машиналардың жүруіне, сондай-ақ қорапты көтеруге (түсіруге) кедергі жоқтығына көз жеткізуі тиіс ;

4) әуе кемесіне келу кезінде арнайы машиналарды олар бұзылмайтын жерге тоқтату ("тоқтаңыз" сигналын беру уақыты арнайы машинаның үлгісіне, олардың әуе кемесіне келу схемасына және тежеу жолдары шамасына б а й л а н ы с т ы т а ң д а л а д ы) ;

5) арнайы машиналар әуе кемесінен кететін кезде "кетіңіз" сигналын берер алдында әуе кемесі бортынан сымдардың, ажыратқыштардың, шлангілер мен жермен байланыстыратын тростардың ағытылуын тексеру;

6) әуе кемесінің жанына арнайы машиналар тоқтаған кезде әуе кемесіне қозғалыс жақтағы артқы жетекші дөңгелектердің бірінің астына тез арада берік тежегіштер қою, содан кейін дөңгелектің басқа жағына екінші тежегішті орнату;

7) жұмыс аяқталған соң тежегіштерді арнайы машиналардың кету жағынан алып тастау, ал ол кеткен соң әуе кемесінен 5 метр қашықтықтағы екінші т е ж е г і ш т і а л у ;

8) "Әуе кемесіне арнайы машиналардың келуіне басшылық ету құқығын

беретін куәлік" арқашан өзінде болуы керек және бірінші талап бойынша оны әуеайлағында қауіпсіз қозғалысты ұйымдастыру және әуе кемесін сақтауға жауапты адамға көрсету (11-қосымша).

164. Келуді (кетуді) басқаратын қызметкердің әуе кемесі жанындағы арнайы машиналар жұмысын аяқтағанға дейін өз орнын тастап кетуіне болмайды.

165. Арнайы машиналар дұрыс болмаған кезде келуге басшылық етуші адам "тоқтаңыз" сигналын беруі тиіс, ал содан кейін әуе кемесі зақымдалуын болдырмайтын маневрді орындауға белгі беріледі.

166. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әуе кемесіне қызмет көрсету аймағында келу (кету) және жүру ережелерін бұзған үшін жауапкершілік м ы н а л а р ғ а ж ү к т е л е д і :

1) арнайы машина жүргізушісі басшының келу белгісін дұрыс орындамағаны үшін, сондай-ақ оның рұқсатынсыз өздігінен жүргені үшін;

2) келуді басқаратын қызметкерге жүргізушіге жүру кезінде дұрыс емес немесе мезгілсіз белгі бергені үшін, сондай-ақ берік тежегіштерді дер кезінде немесе дұрыс орнатпағаны үшін.

167. Арнайы машиналардың жүргізушілері мен әуе кемесіне қызмет көрсету аймағында басшылық еткен адамдардың осы нұсқау талаптарын бұзғандығы туралы жүргізушілер талоны мен жақындап келуге жетекшілік ететін бастықтардың куәліктеріне әуеайлағындағы қауіпсіз қозғалысты ұйымдастыруға және әуе кемесінің сақталуына жауап беретін лауазымды адам белгі жасайды. Тәртіп бұзушылық туралы белгіні әуежай жұмыстарына нұсқау беруші адам, әуежай бастығы және оның орынбасарлары, әуежайдың аға (ауысым) кезекшісі, қоғамдық инспекторлар, арнайы көлік қызметі бастығы, арнайы машиналар қарамағына берілген қызмет бастықтары, арнайы машиналардың колонна бастығы, әуе айлағының қозғалыс қауіпсіздігі инженерлері жасай алады.

168. Талонда (куәлікте) қызмет көрсету аймағында жұмыс істеу кезінде үш рет тәртіп бұзушылық белгісі бар адамдар әрі қарай жұмыс істеуге тек қызмет көрсету аймағындағы жұмыс ережесі туралы біліктілік комиссиясының қайта тексеруінен кейін әуежай бастығының бұйрығы шыққан соң ғана жіберіледі.

16-тарау. Әуе кемесін сүйретуді ұйымдастыру

169. Әуе кемесін сүйрету азаматтық авиация ұйымдарының инженерлік-техникалық қызметіне жауапты адамдардың басшылығымен авиациялық техниканы жөндеу мен пайдалану жөніндегі ереже талаптарына, осы үлгідегі әуе кемесін пайдалану нұсқаулары, сондай-ақ осы әуеайлағында көліктер мен әуе кемесі қозғалысы схемасына сәйкес орындалады.

170. Әуеайлағындағы әуе кемесі перронға, тұратын орынға, двигательдерді (алғашқы сөре) от алдыру шегіне, ангарға, арнайы тұрақтарға (алаңдарға) сүйретіледі. Әуе кемесін жүру және ұшу-қону жолдарымен сүйрету тек қозғалыс қызметінің рұқсатымен жүзеге асырылады. Диспетчермен байланыс жасайтын борт радио-станциясы бүкіл сүйрету кезеңіне қосулы қалдырылады. Әуе кемесін орын ауыстырғанда сүйретуге жауапты адам осы әуеайлағындағы көлік пен әуе кемесі қозғалысының схемасы мен сүйрету жөніндегі нұсқау талаптарын басшылыққа алады.

171. Әуе кемесін сүйрету туралы шешімді жұмыс бастығы қабылдайды, ол өзіне бағынышты бригада құрамынан сүйретуге жауапты маманды тағайындайды.

Сүйретуге жауапты маман (сүйрету бастығы) және бригада жұмысшылары осы жұмыстарды орындауға белгіленген тәртіпке сай жіберіледі.

172. Әуе кемесін жасанды жолмен және тас жолмен сүйрету осы типтегі әуе кемесі үшін жарамды болғанда ғана рұқсат етіледі. Сүйрету жылдамдығы осы үлгідегі әуе кемесін сүйрету жөніндегі нұсқауға сәйкес белгіленеді. Тәуліктің қараңғы мезгілінде сүйретуді төмен жылдамдықпен борт және аэронавигация оттарын жағып, абайлау шараларын сақтай отырып жүзеге асырады.

173. Сүйретуге автомобильде немесе трактор шассиінде орналасқан радиобайланыс құралдарымен тәуліктің кез келген уақытында жағылатын қуатты және жарқылдақ оттармен жабдықталған тартқыштар пайдаланылады.

174. Сүйрету басталар алдында оның бастығы әуе кемесін сүйретуге арналған бригада мүшелеріне нұсқау береді. Ол берілген ауа райы жағдайында (әсіресе көктайғақ, қатты жел кезінде) атқарылатын жұмыс ерекшеліктерін, тұрақты әуе кемесі мен жердегі қамтамасыз ету құралдарының орналасуын, әуе кемесі мен сүйрету құралдарының орналасу жолдарының жағдайын көрсетеді, бригада мүшелерінің жұмысқа дайындығын тексереді, оларға техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқау береді.

175. Әуе кемесін сүйретуге жауапты маман әуе кемесін сүйретуге қатысатын барлық қызметкерлер әрекетіне басшылық жасайды.

Жұмыс басталар алдында ол мыналарды тексеруге тиісті:

1) әуе кемесінің сүйретуге дайындығы (дөңгелектер тежегішінің жарамдылығы, есіктердің, люктер мен бөліктердің жабылуы, жерде қызмет көрсету құралдарының әуе кемесінен ағытылуы және оларды әуе кемесінен қауіпсіз жерге әкету);

2) сүйрету құрылғысының, сүйрету кезінде пайдаланылатын тартқыш құрал-жабдықтарының, байланыс құралдарының жарамдылығы;

3) тұратын жерден әуе кемесін еркін алып кету мүмкіндігі.

176. 1-3-сыныпты ұшақтар мен 1-сыныпты тікұшақтарды сүйретуге рұқсат радиобайланыс болғанда беріледі, ал 4-сыныпты ұшақтар және 2-4 сыныпты тікұшақтарды сүйретуге жауапты адам әуе кемесінің командирі (немесе жұмыс орнындағы бортинженер, бортмеханик, авиатехник) мен тартқыш жүргізушісі арасында көріну байланысы бар кезде сүйретуге рұқсат етіледі. Командалар дауыстап, радиоқұрал және сигналдар көмегі арқылы беріледі. Сүйретуге жауапты адам экипаж кабинасындағы қызметкерлердің де тартқыш жүргізушісінің де көзіне көрінетіндей тұруы керек.

177. Сүйретіліп келе жатқан әуе кемесін қажеттен тыс тоқтатқан кезде әуе кемесінің дөңгелектері астына берік тежегіш қойылады.

178. Сүйрету кезінде әуе кемесі командирінің орнындағы маман апат жағдайында негізгі дөңгелектерді тежеуді, әуе кемесін тоқтату жөнінде дер кезінде әрекет етуді бақылайды. Дөңгелектерді тежеу аса қажет болған жағдайда кедергімен соқтығысу қаупі бар кезде әуе кемесінен тартқышты ажыратқанда, жүргізуші тетігі сынғанда, әуе кемесіне тартқышқа қақтығысу қаупі төнгенде (тартатын зат шынжыр болған кезінде, тартқыш тоқтағанда), апат жағдайын туғызатын басқа да кездерде қолданылады.

179. Әуе кемесі шынжырмен (троспен) сүйрету кезінде бригада мүшелері шынжырдың дөңгелекке тимеуін және дөңгелектің тросты баспауын қадағалауы тиіс.

180. Сүйрету кезінде төмендегілерге тыйым салынады:

- 1) әуе кемесін орнынан шайқалтып жұлқуға;
- 2) адамдардың әуе кемесінің үстінде (қанатында, фюзеляжда) тартқыш кабинасының және сүйрету қондырғысының табалдырығында тұруына;
- 3) қозғалыс кезінде әуе кемесі мен тартқыштағы жарамсыздықты жоюға;
- 4) әуе кемесі водила көмегімен тартқыштың артқа жүрісі кезінде итеруге;
- 5) топыраққа батып қалған әуе кемесінің алдыңғы тірегінен тартуға.

181. Әуе кемесін сүйрету тәртібі оның ерекшеліктерін есепке ала отырып (сүйрету жылдамдығы, сүйрету кезінде ӘК қасында бригада мүшелерін орналастыру және олардың саны, қолданылатын тартқыштар мен сүйрету қондырғылары) осы үлгідегі әуе кемесін сүйрету жөніндегі нұсқаулар арқылы анықталады.

17-тарау. Әуеайлағын күту-пайдаланудағы арнайы машиналардың жұмыстарын ұйымдастыру

182. Әуеайлағын пайдалану жөніндегі жұмыс кешенін орындау үшін арнайы көлік қызметі әуеайлағы қызметінің қарамағына (немесе басқа жердегі жұмыстарды орындайтын қызметіне) арнайы машиналар бөледі, олар арнайы

машиналардың жұмысын ұйымдастыруды, қозғалыс қызметімен өзара іс-әрекетін жүзеге асырады және ұшу алаңында жұмыс кезінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылайды.

183. Әуеайлағын пайдалану жөніндегі технологиялық операциялар әуежай бастығы бекіткен технологиялық карталар бойынша және әуеайлағының қызметі жөніндегі нормативті актілерге сәйкес орындалуы тиіс.

184. Әуежайдың барлық қызмет орындары әуе кемесінің ұшуы үшін әуеайлағын дайындау жөніндегі жұмыстарды тек әуеайлағының ұшу бастығының рұқсатымен және әуеайлағы қызметінің жауапты адамдарымен оны жүргізу туралы келісілген соң ғана жүргізе алады.

185. Арнайы машиналардың әуеайлағының жамылғылары мен қондыру құралдарына қызмет көрсету үшін ұшу алаңы мен жүргізіп әкелу жолдарына шығуы диспетчердің рұқсаты бойынша әуеайлағы басшысының нұсқауымен жүргізіледі.

186. Ұшу алаңында жұмыс істеу кезінде арнайы машиналардың қозғалыс қауіпсіздігін ұйымдастыру, жұмысты басқару және оларды жүргізуге бақылау жасауды әуеайлағы қызметі бастығы (жұмысты жүргізуге жауапты адам) қамтамасыз етеді (немесе ұшу алаңында басқа да жұмыстар атқаратын жердегі қызметтер), ол старттық диспетчер пунктінің диспетчері немесе әуеайлағы ұшу жетекшісі диспетчерінің көрсетуі бойынша керек болған жағдайда өздігінен апат аймағы сыртына белгіленген жерге тез арада ұшу жолдарынан машиналарды, механизмдерді және адамдарды алып кету шараларын қабылдауға міндетті. Барлық жағдайда ұшу жолдары әуеайлағы техникасынан әуе кемесінің қонуы (ұшуы) есептелген (белгіленген) уақытынан кем дегенде 5 минут бұрын босатылуы тиіс.

187. Ұшу және жүру жолдарында жұмыс істеу кезінде жауапты адам сөрелік диспетчер пунктінің диспетчерімен тұрақты түрде радиобайланыс жасауға және әрбір 15 минут сайын радиобайланысты бақылап отыруға міндетті. Радиобайланыс істен шыққан кезде немесе ол дұрыс жұмыс істемесе, жұмысты тоқтату қажет және ұшу-қону жолынан техника мен адамдарды алып кету үшін төтенше шаралар қабылдауы қажет. Радиобайланыс үзілген кезде ұшу жолынан босату белгісі ретінде ұшу-қону жолдарындағы оттарды үш рет өшіріп-жағу және жұмыс істеп тұрған техника жаққа екі ракета жіберу керек.

188. Егер жұмыс істеп тұрған техника қатардан шығып қалса, бұл туралы диспетчерлік орын қызметі диспетчеріне тез арада баяндауға тиіс және радиомаяк станциясы апатты аймақ сыртына белгіленген жерге жарамсыз техниканы алып кету үшін жедел шаралар қабылдайды.

189. Ұшу алаңында жұмыстар орындалған соң әуеайлағы қызметі үшін жауапты адам арнайы машиналар жұмысы барысында ұшуды орындауға кедергі

келтіретін ешқандай ауытқулар жіберілмеуін бақылайды және әуеайлағының ұшу жетекшісі жұмыстың аяқталғаны туралы және техника мен адамдардың белгіленген орынға әкетілгені туралы хабарлайды.

190. Ұшу және жүргізу жолдарында жұмыс істейтін барлық арнайы машиналар ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тәулік уақытына қарамастан жұмыс кезінде жанып тұратын қуатты және жарқылдақ оттармен, сондай-ақ диспетчерлік орын қызметі диспетчерімен және ұшу бастығымен байланысатын ішкі әуежай құралдарымен жабдықталуы тиіс.

Арнайы машиналарда орнатылған жарқылдақ оттар сары түсті болуы, жарық күшінің әсері минутына $75 + 15$ жарқыл жиілігі бар 40-тан кем емес, бірақ 400-ден аспайтын кандел болуы тиіс. Бұл оттар кабинаның үстіне немесе қораптың жоғарғы жағына арнайы машиналарды білігі (ось) бойымен айналаға түгел жарық беретіндей етіп және оны машинадағы құрылғылар көлегелемейтіндей орналастырылуы тиіс. Оттың тірек алаңы көлденең орналасуы керек. Ұшу және жүргізу жолдарында жұмыс істеу үшін, қосымша қону диспетчері жиілігінде радиобайланысты тыңдайтын жауапты адам машинасына радиоқабылдағыш орнатылады. Ұшу және жүргізу жолдарында жұмыс істейтін әрбір арнайы машина радиомаяк станциясы істен шыққан жағдайда апат аймағынан сыртқа кетіп қалуға арналған сүйрету қондырғыларымен жабдықталуы тиіс.

191. Ұшу және жүргізу жолдарында радио және жарық сигналдары бар құрал-жабдықтармен, сүйретпе қондырғылармен, өрт сөндіргіш құралдармен жабдықталмаған арнайы машиналардың әуеайлағы ұшу жетекшісінің рұқсатынсыз және жұмыс жүргізуге жауапты адамның басқаруынсыз шығуына тыйым салынады.

192. Ұшу және жүргізу жолдарындағы жұмыс кезінде машиналарда орнатылған радиобайланыс құралдарын, қуатты және жарқылдақ оттарды өшіруге тыйым салынады.

193. Радио орнатылған машина жүргізушілері ішкі әуежай радиобайланысы ережелерін жақсы білуі тиіс. Қызметкерлердің (машина жүргізушілердің) әуеайлағы ұшу жетекшісімен (диспетчерімен) радиотелефон арқылы байланысы автоматты бақылау дыбысжазғыш аспабына жазылады.

194. Ұшу жолдарында жұмыс істеу кезінде арнайы машиналардың жүргізушілері рация бойынша жарық және дыбыс сигналдары мен бұйрықтарды үнемі қадағалап отыруы тиіс. Байланыс арналары немесе белгіленген сигнал бойынша ұшу және жүргізу жолдарында жұмыс істейтін жүргізушілер тиісті бұйрықтарды алған кезде жұмысты тоқтатуға және тез арада техниканы әуеайлағының ұшу жолы апат аймағының сыртындағы белгіленген жерге алып кетуі қажет.

195. Ұшу және жүргізу жолдарына кіру және қиып өту диспетчерлік орын қызметі диспетчерінің рұқсатынан кейін тек жарқылдақ және қуатты оттармен, сүйретпе қондырғылармен және радиостанциялармен жабдықталған машиналарға ғана рұқсат етіледі.

196. Арнайы машина жүргізушісі (қызмет өкілі) ұшу жолын қиып өтер алдында бүйірдегі қауіпсіз жолға жетпей тұрып (радиомаяк станциясының апат аймағы шекарасы), диспетчерлік орын қызметі диспетчерінен ұшу жолын қиып өтуге рұқсат сұрауға тиіс.

197. Диспетчер арнайы техниканың ұшу жолын қиып өтуіне мына жағдайда ғана рұқсат береді, егер қонуға келе жатқан әуе кемесінің кем дегенде 5 минут уақыт ара қашықтығы болса, немесе қонып тоқтағаннан кейін ғана рұқсат етеді.

198. Ұшу жолын қиып өткен соң жүргізуші диспетчерлік орын қызметі диспетчеріне жолдың босағаны туралы хабарлайды. Егер арнайы машина қауіпсіз жолдың (радиомаяк станциясының апат аймағы шекарасы) сыртына шығып кетсе, ұшу жолы бос деп саналады.

18-тарау. Әуе кемелерінің ұшып шығуын кешіктіруді болдырмау шаралары

199. Әуе кемелерінің кесте бойынша тұрақты ұшып шығуы әуежайдың жердегі қызметі мына шарттарды орындағанда мүмкіндік болады:

- 1) әуе кемелеріне уақытында және сапалы қызмет көрсету;
- 2) жердегі техниканың апатсыз жұмыс істеуі;
- 3) әуеайлағы жолдарының ұшуға дайындығы.

Арнайы көлік қызметі құрылымының осы шарттарды орындауы үшін м ы н а л а р қ а ж е т :

- 1) ӘК қызмет көрсету мен әуеайлағы жолдарын пайдалануға дайындау кезінде арнайы машиналардың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету;
- 2) арнайы машиналар паркін үнемі техникалық дайындық жағдайында ұстау;
- 3) ӘК-не қызмет көрсетуге және ұшу алаңын дайындауға қатысатын әуежай қызмет орындарымен бірге жұмысты келісіп істеуге қол жеткізу;
- 4) аса жоғары ұшу жиілігі "пик" уақытында қарбалас жүріс кезінде арнайы машиналардың қорын қамтамасыз ету;
- 5) арнайы машиналардың техникалық жағдайын тексеруге қоғамдық бақылау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру;
- 6) әуе кемесінің ұшып шығуға кешігу себептерін мұқият талдау, кедергі себептері туралы жүргізушілер құрамына үнемі хабарлау және оларды болдырмауға шұғыл шаралар қабылдау;
- 7) әуе кемесіне қызмет көрсетуде кедергісіз жұмыс істейтін арнайы көлік

қызметінің, колоннаның, ең жақсы ауысымдардың жұмыс тәжірибесін тарату
ж ә н е қ о р ы т у ;

8) жүргізушілер ауысымға шығар алдында әуе кемесіне қызмет көрсеткен алдыңғы ауысым жұмыстарының кемшіліктерін талдай отырып және әуе кемесінің ұшуына жолдарды дайындауда нақты метеорологиялық жағдай мен өндірістік ерекшеліктерді есепке ала отырып нұсқау жүргізу;

9) әуеайлағын дайындау мен әуе кемесіне уақытында қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған өнертапқыштық ұсыныстар мен жаңалықтарды е н г і з у ;

10) жыл сайын "әуе кемесіне уақытында және қауіпсіз қызмет көрсету мен автокөліктің апатсыз жұмысы үшін" байқауын өткізу.

19-тарау. Әуе кемелері зақымдануының алдын алу шаралары

200. Әуе кемелері зақымдануының алдын алу үшін әуеайлағында әсіресе әуе кемесіне қызмет көрсету аймағында арнайы машиналардың қауіпсіз жұмыс істеуін ұйымдастыру ережелерін қатаң сақтау қажет, сондай-ақ арнайы машиналардың апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асыру қажет. Көлік құралдарын жүргізушілер барлық жағдайда әуе кемесіне жол беруге тиіс.

201. Әуе кемесіне қызмет көрсету аймағында арнайы машиналардың қозғалысы тек келуге басшылық ететін жауапты адам жетекшілігімен және келу (кету) схемаларына сәйкес жүргізілуі тиіс. Келуді (кетуді) басқаратын қызметкерлердің жоқтығынан әуе кемесінің ұшып шығуы, кешігуі-келуі (кетуі) басшылығын қамтамасыз етпеу қызметіне жатады (3-қосымша).

202. Әуе кемесіне қызмет көрсету аймағында арнайы машиналардың қозғалыс жылдамдығы сағатына 5 шақырымнан аспауы тиіс. Арнайы машиналардың перронда және тұратын жерінде қозғалыс жылдамдығы сағатына 30 шақырымнан аспауы тиіс. Әуеайлағының қалған аймақтарындағы қозғалыс жылдамдығы - сағатына 50 шақырым. Көрсетілген қозғалыс жылдамдық қатарындағы шектеуліктер жалғасу коэффициентін өлшегенде және жолға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындағанда, әуеайлағы машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ өрт сөндіру, тазалық және басқа қауіпті жағдайда шақырылған машиналарға жарамайды.

203. Әуеайлағындағы барлық үлгідегі арнайы машиналар қозғалысы тек жердегі техника қозғалысын ұйымдастыру мен орналастыру схемасы бойынша белгі соғылған арнайы бағытпен жүзеге асуы тиіс. Қозғалыс бағытын белгілеу әуеайлағы қызметі жөніндегі қолданыстағы нормативті акт талаптарына сәйкес келуі тиіс.

204. Амортизаторлық тежегіштермен, өрт сөндіру құралдарымен жабдықталмаған арнайы машиналардың берік тежегішсіз және жарамсыз арнайы құрал-жабдықтармен ӘК-не келуіне тыйым салынады.

205. Әуеайлағында нашар көріну жағдайында (түнде, тұман кезінде, қар жауғанда және апат жағдайында) арнайы машиналарда дыбыс сигналдарын қолдануға рұқсат етіледі. Трейлер қорабының артында және бүйірінде қызыл рефлекторлары болуы тиіс.

206. Әуе кемесін перронда және тұратын жеріне орналастыру әуеайлағы қызметі және авиациялық техниканы жөндеу мен техникалық пайдалану жөніндегі қазіргі нормативті құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс. Әуе кемесінің орналасуы оған келу қауіпсіздігін қамтамасыз етпеген жағдайда, ӘК-не арнайы машиналардың келуіне тыйым салынады.

207. Әуе кемесі мен перронның тұратын жері (ТЖ) белгіленген қалыпқа сай жарық болуы тиіс. Жарық машина жүргізушілерінің ӘК-не жақын келуі кезінде және ТЖ мен перронда қозғалысы кезінде көзіне шағылыспау керек.

208. Арнайы машиналардың тұратын жерлерінде, оқу сыныптарында және гараждарда ӘК-не келу (кету) және әуеайлағын арнайы машиналар қозғалысының схемасы бар плакаттар ілінуі тиіс.

209. Арнайы машиналардың жүргізушілері ауысымда (бригадада) жұмыс басталар алдында азаматтық авиация ұйымдарының дәрігерлері жүргізетін дәрігерлік байқаудан өтуі тиіс және жұмысқа жіберілу туралы жол қағазына, дәрігерлік бақылау кітапшасына немесе жүргізушінің арнайы журналына белгі соқтыруы қажет. Ішімдік пайдаланған айғағы дәлелденген жүргізушілер жұмысқа жіберілмейді. Ауысым соңында жүргізушілер міндетті түрде қосымша дәрігерлік байқаудан өтеді. Жүргізушілердің дәрігерлік байқауға келуін өздері штатта тұрған қызмет бастығы қамтамасыз етеді.

20-тарау. Азаматтық авиация ұйымдары басшылары мен арнайы көлік қызметі лауазымды адамдарының әуеайлақтарындағы әуе кемелерінің зақымдануының алдын алу мен сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметі

210. Азаматтық авиация ұйымының бастығы:

1) әуе кемелерінің жердегі техника арқылы зақымдануының алдын алу жөніндегі шаралардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді және әуеайлағындағы арнайы машиналардың қызметін дұрыс ұйымдастыруды бақылайды;

2) азаматтық авиация өкілетті органдарының нормативті құжаттарына толық сәйкес әуе кемелерінің механизация құралдары мен автокөлік арқылы зақымдануының әрбір жағдайын тексеруді ұйымдастырады.

211. Жердегі құрылысты пайдалану мен құрылыс жөніндегі әуежай бастығының орынбасары:

1) әуе кемелерінің арнайы машиналар арқылы зақымдануының алдын алу жөніндегі өзіне байланысты қызмет орындары жұмыстарын ұйымдастырады және әуеайлағындағы арнайы машиналардың қозғалысын дұрыс ұйымдастыруға жауапты болады;

2) оқып үйренуді ұйымдастырады және әуеайлағында қозғалыс қауіпсіздігі және арнайы машиналардың ӘК-не қызмет көрсету қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бағынышты қызмет орындарының жеке құрамдары орындауын бақылайды;

3) әуеайлағы қызметі жөніндегі қазіргі нормативті актілерге сәйкес әуеайлағы жолдарына белгі қою, жол белгілерін орнату, кедергілер мен қауіпті жерлерді қоршауды қамтамасыз етеді;

арнайы автокөлік қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі инженерлер мен кезекші қоғамдық автоинспекторлар жұмысын бақылайды және ұйымдастырады;

ӘК-не қызмет көрсету және әуеайлағын пайдалану жұмыстарында қауіпсіз өндірісті қамтамасыз етеді.

212. Азаматтық авиация ұйымдарындағы арнайы көлік қызметінің бастығы:

1) ӘК-нің арнайы машиналармен зақымдануы және жол-көлік апаттарының алдын алу шараларын жүзеге асырады; арнайы машиналардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуді бақылайды;

2) оқып үйренуді ұйымдастырып жүргізушілер құрамының ӘК-не қызмет көрсетуі мен қауіпсіз қозғалысы талаптарының орындалуын бақылайды;

3) азаматтық авиация әуеайлағында әуе кемелері, арнайы автокөлік және механизация құралдарының қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі нормативті талаптарға сәйкес әуеайлағында жұмыс істеу үшін жүргізушілерді дайындау және жүйелі түрде нұсқау беруді қамтамасыз етеді;

4) қызмет орнында "әуе кемелеріне уақытында және қауіпсіз қызмет көрсеткені, автокөліктің апатсыз жұмысы үшін" байқауын жүргізуге басшылық етеді;

5) өзара қызмет көрсету технологиясының талаптарына сәйкес арнайы көлік қызметінің қозғалыс, инженерлік авиация, тасымалдау мен коммерциялық пайдалану, әуеайлағы, жанар-жағар май материалдары және басқа әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ететін әуежай қызмет орындарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

6) арнайы көлікті жөндеу мен уақытында техникалық қызмет көрсетуді қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес қамтамасыз етеді және ұйымдастырады;

7) әрбір машинаның (механизмнің) технологиялық жағдайына күнделікті

тексеруді ұйымдастырады, онда өрт сөндіру құралдарының, жарқылдақ және қуатты оттар, радиостанциялар, берік тежегіштердің, сүйретпе және амортизаторлық қондырғылардың гараждан шығуын, сондай-ақ әуеайлағында т ұ р у ы н т е к с е р е д і ;

8) әуеайлағына және әуе кемесіне қызмет көрсететін арнайы механизмдерді жүргізуге құқық беретін куәлік пен талонды тексеруді ұйымдастырады;

9) арнайы көлік қызметі жүргізушілерінің ауысым жұмысы басталар алдында дәрігерлік байқаудан өтуге келуін қамтамасыз етеді.

213. Арнайы көлік қызметі ауысым бастығы (ауысым инженері, бригадирі):

1) өз қарамағындағы арнайы көлікті мақсатты пайдалануды және оның әуеайлағындағы қауіпсіз жұмысын ұйымдастыруды бақылайды;

2) жұмыс басталар алдында арнайы машина жүргізушілеріне әуеайлағындағы қозғалыс пен техника қауіпсіздігі туралы қысқаша нұсқау береді;

3) әуеайлағында жүргізушілердің арнайы машиналарды жүргізу құқығы талоны болуын, арнайы машиналардың әуе кемесіне келуіне (кетуіне) басшылық етуге құқық беретін адамдардың куәлігін тексереді;

4) ауысымда жүргізушілер мен келуге басшылық ететіндер жұмысына бақылау жасайды; сондай-ақ олардың азаматтық авиация әуеайлағында әуе кемелері, арнайы автокөлік пен механизация құралдарының қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі қазіргі ереже талаптарын сақтауын бақылайды;

5) ауысым жұмысын жүйелі түрде талдап талқылауды жүргізеді.

214. Арнайы автокөлік қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі инженер мына т а л а п т а р д ы с а қ т а у ғ а т и і с :

1) әуеайлағындағы қауіпсіз қозғалыс талаптары мен ӘК-не қызмет көрсетуді лауазымына сәйкес берілген қызмет шеңберінде барлық адамдардың орындауын қ а т а ң б а қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

2) арнайы машиналар жүргізушілері әуеайлағындағы белгіленген бағыт пен қозғалыс жылдамдығын, ӘК-не қызмет көрсету кезінде келу (кету) ережелерін қ а т а ң с а қ т а у д ы т а л а п е т е д і ;

3) арнайы машиналарда жарық сигналдары құралдарының, радиобайланыс құралдарының, өрт сөндіру, берік тежегіштер, сүйретпе және амортизаторлық қондырғылардың болуын, сондай-ақ жүргізушілерде арнайы машиналарды жүргізу құқығы берілген талонның болуын, жол қағазын дұрыс рәсімдеуді т е к с е р е д і ;

4) әуеайлағында және ӘК-не қызмет көрсетуде арнайы машиналардың қозғалыс қауіпсіздігін бұзу есебін, сондай-ақ жол-көлік апатының есебін жүргізіп , е с е п б е р е д і (12, 13-қосымшалар);

5) азаматтық авиация ұйымының территориясында әуеайлағында, перронда, әуежайдың жалпы пайдалану жолдарында белгіленген қозғалыс тәртібін бұзушы

кез келген адамды ұстау, ол туралы тікелей бастыққа бұзақыға шара қолдану
ү ш і н б а я н д а й д ы ;

б) АКҚ жүргізушілер құрамының азаматтық авиация әуеайлақтарында әуе кемелерін, арнайы автокөлік және механизация құралдарын ұйымдастыру жөніндегі қазіргі ереже талаптарын оқып үйренуді ұйымдастырып, оның орындалуын тексеру жөнінде рейдтер жүргізеді.

215. Арнайы машинаны жүргізуші осы нұсқаудың 333-тармағында баяндалған талаптарды білуге және қатаң сақтауға тиіс.

21-тарау. Жол-көлік оқиғалары, оларды топтастыру, ескерту және есепке алу

216. Жол-көлік оқиғаларына мыналар жатпайды:

1) еңбек қауіпсіздігі талаптары мен пайдалану ережелерін бұзу салдарынан олар орындауға арналған (жер жырту, траншея қазу т.б.) негізгі өндірістік операцияларды жасау кезінде пайда болған өзі қозғалатын механизмдер оқиғалары (бульдозерлер, тракторлар, арық қазушылар);

2) қозғалмалы механикалық құралдарындағы олардың техникалық жарамсыздығына байланысты емес өрттер.

217. Көлік оқиғаларында қаза тапқандарға оқиға болған жерде немесе оқиға болған кезден бастап алған жарақаттан қайтыс болғандар жатады; жаралылар санына дене жарақатын алғандар, бірінші дәрігерлік көмек көрсетілген соң емханалық емдеу немесе ауруханаға жөнелтуді қажет еткендер жатады.

218. Көлік оқиғаларының алдын алу үшін мыналар қажет:

1) жолда жұмыс істеуге техникалық жарамды көлік құралдарының тежегіштерін, басқару және жарық беретін аспаптарды тексерген соң ғана рұқсат е т і л е д і ;

2) қауіпті жағдайларда қозғалыс кезінде (жолдың тар бөлігі, жол жабындысының нашар жағдайы, көктайғақ, шектеулі көрініс) жылдамдықты ш е г і н е д е й і н т ү с і р у ;

3) жарық жағылған жағдайда қарсы шыққан көлік жүргізушісінің көзіне жарықты шағылыстыруға болмайды;

4) басып озу және қиылыстардан өту ережелерін қатаң сақтау;

5) бөтен адамдардың көлікті айдауға және алып кету жағдайларын болдырмау ;

б) көлік құралдарын басқаруға жүргізушілерді мас күйінде жіберуге б о л м а й д ы ;

7) көлік құралдары жүргізушілерімен жол қозғалысы ережелері және жылдың көктемгі-жазғы, күзгі-қысқы маусымдарында көлік құралдарын пайдалану

ерекшеліктері жөнінде тұрақты түрде оқулар өткізу, оларға жол полициясы
м а м а н д а р ы н т а р т у ;

8) арнайы көлік қызметінде қозғалыс қауіпсіздігі бөлмелерін, сыныптар және
б ұ р ы ш т а р ж а б д ы қ т а у ;

9) жол және әуеайлағы жабындыларының (көктайғақ, қар) жағдайы туралы
плакаттар мен ескерту жазбаларды іліп қою;

10) арнайы көлік қызметі басшылары мен инженер-техникалық құрамы
жүргізушілермен еңбек тәртібін күшейтуге арналған тәрбие жұмыстарын үнемі
ж ү р г і з у ;

11) алдыңғы қатарлы жүргізушілердің апатсыз және жол қозғалысы
ережелерін бұзбай жұмыс істейтін тәжірибесін қабырға газеттерде,
брошюраларда, оқу құралында кеңінен тарату.

219. Жол-көлік оқиғаларын тудыратын себептерді жою мен оқып үйрену
мақсатында азаматтық авиация ұйымдарында барлық бұрын болған жол-көлік
оқиғаларының, соның ішінде жабық территорияда болғандардың міндетті есебі
жүргізілуге тиіс. Азаматтық авиация ұйымдарындағы жол-көлік оқиғалары
есебінің үлгі-журналы осы нұсқаудың 12-ші қосымшасында көрсетілген.

220. Ауыр салдарлы жол-көлік оқиғалары (өлім-жітім, адамдардың ауыр
жарақаты) туралы азаматтық авиация ұйымдары 24 сағаттан кешіктірмей өкілетті
органдарға хабар береді (осы нұсқаудың 13-ші қосымшасында көрсетілген).

6-бөлім.

Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету

221. Арнайы машиналарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету жүйесі
өзара байланысты құралдардың жиынтығынан, техникалық қызмет көрсету мен
жөндеу және орындаушылардың арнайы машиналардың сапасын сақтау мен
қалпына келтіруге қажетті құжаттамалардан тұрады.

222. Техникалық қызмет көрсету шеңберінде арнайы машиналарға
техникалық қызмет көрсетіліп, оларды жұмысқа пайдалану, сақтау, тасымалдау
кезінде қабілеттілігін немесе жарамдылығын сақтау жөніндегі жұмыстарды
кеңінен қамтиды.

223. Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету негізіне
жоспарлау-ескерту жүйесі жатады, онда техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау
арнайы машиналардың атқаратын жұмысы мен жүріп өткен жолына және
тораптар мен агрегаттардың жағдайына қарамастан арнайы машиналардың
белгілі бір қорды игергенінен кейін міндетті түрде жүргізіледі.

224. Техникалық қызмет көрсету арнайы машиналардың құрамдас бөлігі
болып табылады және мыналарға бағытталған:

- 1) әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етумен тікелей байланысты арнайы машиналарды үнемі техникалық дайындықта ұстау;
- 2) арнайы машиналардың өз бағытында және пайдалану барысында жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) пайдалану жағдайында арнайы машиналардың сенімділігін арттыру.

225. Арнайы машиналардың техникалық қызмет көрсетуі мынандай жұмыстарды қамтиды: жинау-жуу, құю, майлау, бақылау-диагностикалық, бекіту, реттеу, істен шығу мен жарамсыздықты анықтау. Жинау-жуу, майлау, бақылау, диагностикалық жұмыстар міндетті түрде орындалады, ал құю-реттеу және жарамсыздықты жою жұмыстары тексеру нәтижесінде қажеттілік болған кезде жүргізіледі.

226. Арнайы машиналардың техникалық жағдайына қойылатын талаптар осы нұсқау және қазіргі жол қозғалысы ережелері, өкілетті органының нормативті-техникалық құжаттары мен шығарушы-зауыт нұсқаулары арқылы белгіленеді.

22-тарау. Арнайы машиналардың техникалық қызмет көрсету түрлері, кезеңдері және қиындықтары

227. Арнайы машиналар техникалық қызмет көрсету жұмыстарының жағдайларына, кезеңдеріне және көлеміне сәйкес мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) күнделікті техникалық қызмет көрсету;
- 2) бірінші техникалық қызмет көрсету;
- 3) екінші техникалық қызмет көрсету;
- 4) маусымдық техникалық қызмет көрсету.

228. Техникалық қызмет көрсетудің негізгі жұмысы арнайы машиналардың сенімділігін қамтамасыз етуге, оның сыртқы түрін бастапқы жағдайда сақтауға, отын, май, суытатын сұйықтық құюды қамтамасыз етуге бағытталған жалпы бақылау болып табылады. Техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ арнайы машиналарды пайдалану мен қозғалыс қауіпсіздігін анықтайтын агрегаттар мен жүйелердің жағдайын тексеруді қарастырады (рульді басқару, тежегіш, шина, сыртқы жарықтандыру аспабы, жарық және дыбыс сигналдары, әйнек тазалағыш, жарықпен сигнал беру, радиостанциялар).

229. Бірінші және екінші - техникалық қызмет көрсетудің негізгі жұмыстары бөлшектердің тозу қарқынын азайту, істен шығу мен жарамсыздықты реттеуді уақытында бақылау-диагностикалық, майлау, бекіту, т.б. жұмыстарды атқару жолымен орындауды ескерту және анықтау. 1-техникалық қызмет көрсету кезінде жұмыстар, ереже бойынша, қызмет көрсететін аспаптарды, тораптарды, механизмдерді арнайы машиналардан жеке бөлшектерді алмай жүргізіледі. 2-

техникалық қызмет көрсету кезінде осы жұмыстар үлкен көлемде орындалады, ал қажет жағдайда қызмет көрсететін аспаптарды (тораптар, механизмдер) ашады немесе машинадан алады.

230. Техникалық қызмет көрсетудің негізгі жұмысы арнайы машиналарды күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы маусымда пайдалануға дайындық болып табылады. Техникалық қызмет көрсету жылына екі рет өткізіледі, ереже бойынша кезектегі бірінші техникалық қызмет көрсету немесе екінші техникалық қызмет көрсетумен алмастырылады; оған қосымша арнайы машиналарды сәйкес пайдалану кезеңіне дайындауға байланысты (май ауыстыру, арнайы сұйықтықтарды, электролитті ауыстыру, жылу құралдарын қамтамасыз ету, жылыту) жұмыстары жасалады.

231. Белгілі бір техникалық қызмет көрсету түрі мен келесі түрі немесе басқа күрделі жұмыстар арасындағы арақашықтық арнайы машиналардың техникалық қызмет көрсету кезеңі деп аталады.

232. Арнайы машиналардың техникалық қызмет көрсету кезеңі автомобильдің жүріп өткен жолына немесе арнаулы құрал-жабдықтың пайдаланылуына байланысты өкілетті органның нормативті-техникалық құжаттары мен шығарушы-зауыт нұсқауларына сәйкес белгіленеді.

233. Пайдалану шартына байланысты негізгі автомобильдер мен арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету кезеңіне өзгерістер енгізілуі мүмкін. Арнайы машиналардың арнайы құрал-жабдықтары мен негізгі автомобильдердің техникалық қызмет көрсету кезеңін өзгерту коэффициентінің мәні өкілетті органның нормативті-техникалық құжаттары арқылы белгіленеді.

234. Арнайы құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсету нұсқау бойынша негізгі автомобильге техникалық қызмет көрсетумен бірге жүргізіледі. Техникалық қызмет көрсету кезеңі негізгі автомобильдердің техникалық қызмет көрсетуімен сәйкес келмейтін арнайы құрал-жабдықтардың жеке агрегаттарына шығарушы-зауыт нұсқауларына сәйкес қызмет көрсетіледі, жүргізілген жұмыстар туралы формулярға жазылып, жауапты адамның қолы қойылады.

235. Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсетудің қаншалықты еңбекті көп қажет еткені онда орнатылған құрал-жабдықтар мен негізгі автомобильдердің техникалық қызмет көрсетуге кеткен жалпы еңбегімен анықталады.

236. Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсетуге кеткен еңбек нормативтері азаматтық авиация ұйымдарына (автошаруашылықтарына) арналған көлік қызметі жұмысшылары санының нормативтерімен анықталады. Арнайы машиналардың құрал-жабдықтары мен негізгі автомобильдерге қызмет көрсету нормативтеріне оқтын-оқтын өзгерістер енгізіліп тұруы керек.

237. Арнайы машиналардың негізгі автомобильдеріне техникалық қызмет көрсету жұмыстарының тізімі, сондай-ақ құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсету технологиясы өкілетті органдардың нормативті-техникалық құжаттары және шығарушы-зауыт нұсқауымен анықталады.

238. Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс көлемін азайтуға, сондай-ақ оған кеткен уақытты қысқартуға тыйым салынады. Бұл қызмет саласына әсер етуі мүмкін.

239. Жабдықталған және толық қамтамасыз етілген техникалық қызмет көрсету орындарының болмауы машиналарға оқтын-оқтын қызмет көрсету мен жұмыс көлемін өзгертуге негіз бола алмайды.

23-тарау. Техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру

240. Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету орталықтандырылған және орталықтандырылмаған әдістермен жүргізіледі. Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсетудің орталықтандырылған әдісі техникалық қызмет көрсету жұмысшылары мен құралдары арқылы орындалады. Орталықтандырылмаған әдіс кезінде арнайы көлік қызметінің жұмысшыларымен де, құралдарымен де, сондай-ақ азаматтық авиация ұйымдарының қызметтері мен бөлімшелері арқылы да жүргізіледі.

241. Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету әмбебап немесе арнайы орындарда немесе тасқынды технологиялық жүйелерде орындалады.

242. Техникалық қызмет көрсетудің тасқынды әдісі арнайы жұмыс орындарында белгілі бір технологиялық реттілікпен және ырғақпен жүргізілуі керек.

243. Техникалық қызмет көрсетумен бірге онымен технологиялық байланыстағы құрал-жабдықтар жүйесі мен агрегаттарды ағымдағы жөндеудің ілесімі жұмыстарын орындау ұсынылады.

244. Арнайы машиналарға (түрлері бойынша) техникалық қызмет көрсету өндірістік-техникалық база территориясында арнайы көлік қызметі аймағында орындалады.

245. Агрегаттар мен арнайы құрал-жабдық жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және онымен байланысты ағымдағы жөндеу жұмыстары қажетті заттармен жабдықталған мамандандырылған цехтарда жүргізілуі керек.

246. Күнделікті қызмет көрсетуге бақылау жұмыстары техникалық қызмет көрсету аймағында немесе арнайы көліктердің жедел тұрағында жүргізілуі тиіс.

247. Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету жүйелері, бөліктері, орындары, мамандандырылған цехтары арнайы қызмет көрсету технологиялық

құрал-жабдықтар тізіміне сәйкес қажетті технологиялық құрал-жабдықтармен, болжау құралдарымен жабдықталады.

248. Арнайы қызмет көрсету машиналарына техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мен сапасына тікелей бақылау жасауды арнайы қызмет көрсету орталығының бас инженері жүзеге асырады.

249. Техникалық қызмет көрсетуге арналған құрал-саймандардың, құрал-жабдықтар мен материалдардың сақталуына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес материалдық жағынан техникалық қызмет көрсету цехтарының шеберлері (механигі) мен ауысым бригадирі жауапты. Техникалық қызмет көрсетуге арналған техникалық құрал-саймандар мен құрал-жабдықтарды пайдалануды ұйымдастыруды бақылауға техникалық қызмет көрсету шебері жауапты.

250. Қосалқы бөлшектер мен пайдаланатын материалдарды сақтау және беру үшін жөндеу-сақтандыру аймағында құрал-жабдықтар қоймасы жабдықталады.

251. Арнайы машиналардың техникалық қызмет көрсету сапасын бағалау кезеңдік және жалпы бақылау арқылы жүзеге асады. Кезеңдік бақылауды (өз таңдауымен) техникалық қызмет көрсету цехының шебері (механигі) жүргізеді. Жалпы бақылауды арнайы машиналарды қабылдайтын колонна механигі (бригадирі) машиналар кезекті техникалық қызмет көрсетуден өткеннен кейін жүргізеді. Күнделікті техниканың сапасын бақылауды колонна механигі (бригадир) жүргізеді.

252. Техникалық қызмет көрсету цехының шебері (механигі) техникалық қызмет көрсету бойынша орындалған жұмыстарды бақылау үшін әрбір арнайы машиналарға есеп карточкасын жүргізеді (14-қосымша).

7-бөлім.

Арнайы машиналарды жөндеу

253. Жөндеудің мақсаты - арнайы машиналардың жарамдылығын немесе жұмысқа қабілетін қалпына келтіру және арнайы машиналардың қорын немесе олардың құрамдас бөліктерін қалпына келтіру. Арнайы машиналарға сапалы жөндеу жүргізу - оларды жоғары техникалық дайындықта ұстаудың негізгі шарты болып келеді және ол төмендегілермен қамтамасыз етіледі:

- 1) арнайы машиналардың техникалық жағдайын жүйелі түрде бақылау және оларды уақытында жөндеуге тапсыру;
- 2) технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған жөндеу шеберханасымен және білікті орындаушылармен;
- 3) жөндеу өндірісін дұрыс ұйымдастыру;
- 4) жөндеу шеберханаларын уақытында шығын материалдарымен, қосалқы

бөлшектермен және мүлікпен қамтамасыз ету;

5) арнайы машиналарды жөндеуде техникалық үрдісті жетілдіру мен жөндеудің озат әдістерін тұрақты түрде енгізу.

254. Арнайы машиналарды жөндеу атқарылатын жұмыстарға сәйкес күрделі және ағымдағы жөндеу деп бөлінеді. Жөндеудің көрсетілетін түрлері атқарылатын жұмыс немесе арнайы машиналардың шын мәніндегі жағдайына байланысты іске асады.

24-тарау. Арнайы машиналарды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру

255. Арнайы машиналарды жөндеу цехтары (орындары) тазалық нормалары мен ережелері талаптарына сай негізгі және көмекші өндіріс үй-жайларында орналасқан жөндеу шеберханаларында жүргізіледі.

256. Арнайы қызмет көрсету шеберханаларында, әдетте, ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

257. Жөндеу шеберханаларының цехтарында (орындарында) арнайы машиналарды жөндеуге арналған техникалық жағдайлар мен технологиялық карталар, сондай-ақ азаматтық ұйымдар мен арнайы көлік қызметтері үшін технологиялық және мамандырылған аспаптар тізіміне сәйкес құрал-жабдықтар мен аспаптар болуы керек.

258. Учаскелерде (орындарда) арнайы машиналарды жөндеу келесі әдістермен жүргізіледі:

1) и е с і з ;

2) и е с і з е м е с ;

3) агрегатты.

259. Арнайы қызмет көрсету шеберханасында арнайы машиналарды жөндеуде әртүрлі жұмыстармен айналысатын мамандырылған бригадалармен орындалатын бригадалық жөндеу әдісі ұсынылады.

260. Кейбір жағдайда арнайы машиналарды жөндеу жұмысының барлығын бір адам істейтін жеке жөндеу әдісі қолданылады.

261. Жөндеу шеберханаларында арнайы машиналардың жөндеу сапасын бақылау шеберхана бастығына жүктеледі (жөндеу жөніндегі инженерге).

262. Арнайы машиналардың жөнделуін ұйымдастыруды, технологиялық құрал-жабдықтардың техникалық жағдайын, қосалқы бөлшектердің шығынын және оларды жөндеуді есепке алу мен есеп беруді бақылау жауапкершілігі арнайы көлік қызметінің бас инженеріне жүктеледі.

25-тарау. Арнайы машиналарды күрделі жөндеуге беру және оларды жөндеуден алу

263. Арнайы машиналарды күрделі жөндеудің қажеттілігін құрамында арнайы қызмет көрсету бас инженері, шеберхана бастығы мен колонна бастығы бар комиссия айқындайды. Комиссия өз жұмысында жөндеуаралық және амортизация қорының нормасын басшылыққа алады. Техникалық тексеру барысында комиссия арнайы машиналардың төлқұжатын тексереді.

264. Техникалық тексерудің нәтижесінде негізгі агрегаттар ақауларының тізімі мен арнайы машиналардың істен шығу себебі атап көрсетілген арнайы машиналардың техникалық жағдайы туралы акті жасалады.

265. Арнайы машиналар уақытынан бұрын істен шыққан жағдайда арнайы қызмет көрсету бастығы жедел жөндеуге дейінгі жөндеудің қажеттілігін айқындау мақсатымен 3 күннен кешікпей комиссия құрады.

266. Сындарлы өндірістік ақаулар себебінен арнайы машиналар уақытынан бұрын істен шыққан жағдайда арнайы көлік қызметі 3 данадан тұратын шағым-актісін жасауы тиіс (15-қосымша).

Актінің бір данасы шығарушы-зауытқа немесе жөндеу зауытына, екіншісі азаматтық авиация ұйымдары арқылы өкілетті органға жіберіледі, үшіншісі қызмет көрсету шеберханасында қалады.

Шағым-актісі төмендегі құжаттар болған жағдайда ғана жасалады:

1) арнайы машинаны жүргізушіге (бригадаға) бекіту туралы азаматтық авиация ұйымы басшының бұйрығы;

2) жүргізушінің осы арнайы машинаны пайдалануға құқық беретін рұқсат қағазы;

3) зауыттың нұсқауына сәйкес кепілдеме мерзімінде (әлде жүргізіп жаттықтыру кезінде) арнайы машинаны дұрыс пайдаланғандығын растайтын құжаттар (жол қағазы, формуляр, есепке алу карточкасы) керек. Шағым-актісі жіберілетін зауыттың рұқсатынсыз арнайы машинаның кез келген агрегаттары мен тораптарын ашуға тыйым салынады.

267. Арнайы машиналар техникалық тексеру нәтижесінде және арнайы көлік қызметі комиссиясының арнайы машинаның (агрегаттардың) төлқұжатын (формулярын) тексеру нәтижесінде жөндеуге жіберіледі:

1) арнайы машиналардың (агрегаттардың) жөндеуаралық қорды немесе қызмет мерзімін өтегеннен кейін;

2) арнайы машиналар (агрегаттар) апат, жол-көлік оқиғасы және басқа себептер бойынша уақытынан бұрын бұзылған жағдайда.

268. Жөндеуге жіберілген барлық арнайы машиналар (агрегаттар) мемлекеттік стандарт немесе жөндеуге тапсыру үшін техникалық жағдай талаптарына сай болуы тиіс.

269. Жөндеуге тапсырылатын (жөндеуден шығарылатын) арнайы машиналарды толықтыру қолданыстағы мемлекеттік стандартқа немесе жөндеуге тапсыру (жөндеуден алу) техникалық жағдайына сәйкес іске асырылады.

270. Арнайы машиналарды күрделі жөндеуден өткізу азаматтық авиация ұйымдарына берілетін наряд бойынша жүргізіледі (16-қосымша).

271. Белгіленген жөндеуаралық жүру мерзіміне жетпеген арнайы машиналарды күрделі жөндеуге жіберуге наряд алу үшін азаматтық авиация ұйымдары тексеру материалдары мен кінәлілерді жауапқа тарту туралы қосымша техникалық жағдай жөніндегі актіге қоса бұйрықтар береді.

272. Арнайы машиналарды (оның агрегаттарын) күрделі жөндеуге тапсыру кезінде зауытқа төмендегі құжаттар көрсетіледі:

1) жөндеуге жіберу наряды;

2) күрделі жөндеуге қойылатын арнайы машиналардың жағдайы туралы анықтама (17-қосымша);

3) машинаның төлқұжаты (формуляры);

4) азаматтық авиация ұйымдарының пошта, төлем және темір жол арқылы жіберілуіне берілген кепіл хат. Арнайы машиналарды жөндеуге қабылдағанда зауыт 2 данада қабылдау-тапсыру актісін жазады, оның бір данасы азаматтық авиация ұйымдарының өкіліне беріледі.

273. Ал арнайы машиналарды (агрегаттарды) күрделі жөндеуден алған азаматтық авиация ұйымы зауытқа төмендегі құжаттарды береді:

1) қабылдау-тапсыру актісі;

2) арнайы машинаны алуға сенім хат;

3) жөндеу құны төленгені туралы анықтама.

274. Арнайы машиналар мен агрегаттардың күрделі жөндеуден өткенін есепке алу, есеп беру арнайы көлік қызметінде жүргізіледі және олар белгіленген үлгі бойынша жүйелі түрде азаматтық авиацияның өкілетті органына беріледі.

8-бөлім.

Арнайы көлік қызметін арнайы машиналармен, қосалқы бөлшектермен, техникалық мүлікпен қамтамасыз ету және оларды есептен шығару реті

275. Арнайы көлік қызметінің үздіксіз жұмыс істеуінің ең маңызды шарты бұл материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз етуді жақсы ұйымдастыру.

276. Арнайы көлік қызметінің материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі төмендегілерді қамтамасыз ету керек:

1) машиналардың қалыпты дұрыстығын, автотракторлық техниканы жөндеу үдерісін, сондай-ақ арнайы көлік қызметі қолданатын бақылау - болжау, реттеу, технологиялық және басқа құрал-жабдықтармен;

2) арнайы машиналарға қажетті қосалқы бөлшектерді және техникалық мүліктерді уақытында талап ету және алу;

3) техникалық мүлікті, қосалқы бөлшектерді, агрегаттарды және басқа құрал-жабдықтарды сақтау, беру, тасымалдау және есепке алу, материалдық-техникалық қорларды үнемдеу және оларды сақтау;

4) артық арнайы машиналарды, механизмдерді, құрал-жабдықтарды уақытында анықтау және қайта бөлу, оларды бөлшектеп таратуға мүмкіншілік бермеу үшін шаралар қолдану;

5) есептен шығарылған арнайы машиналардан пайдалануға болатын агрегаттар мен бөлшектерді жинақтау.

277. Арнайы көлік қызметін арнайы машиналармен, қосалқы бөлшектермен, құрал-жабдықтармен, басқа да техникалық мүлікпен жабдықтау азаматтық авиация ұйымдарының материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі мен бекітілген жабдықтау жоспарына сәйкес жүзеге асады.

278. Азаматтық авиация ұйымының материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы осы өндірістің жабдықтау қызметін тікелей басқарады және бекітілген жабдықтау және техниканы бөлу жоспарларына сәйкес арнайы көлік қызметі арнайы машиналарды, әуеайлағы механизмдерін, қосалқы бөлшектерді, құрал-жабдықтарды және басқа техникалық мүліктердің уақытында жеткізіліп тұруын және қосалқы бөлшектердің, құрал-жабдықтардың, материалдардың жоқтығына байланысты арнайы машиналардың тұрып қалмауын бақылайды.

279. Арнайы машиналарға, механизмдер мен басқа құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге керекті материалдық-техникалық қордағы қажеттіліктің дұрыс, әрі уақытында анықталуын арнайы көлік қызметінің бастығы өзі бақылайды.

26-тарау. Арнайы машиналармен, қосалқы бөлшектермен және техникалық құрал-жабдықтармен қамтасыз ету тәртібі

280. Азаматтық авиация ұйымдарын арнайы машиналармен, авиациялық құрал-жабдықтармен, автотрактор техникасымен, аккумулятор батареяларымен

және автомобиль шиналарымен жабдықтау ісін азаматтық авиация ұйымдарының материалдық-техникалық жабдықтау бөлімдері жүргізеді.

281. Арнайы көлік қызметі қайтадан келіп түскен машиналарға төмендегідей құжаттар жасайды және сақтайды:

- 1) шығарушы-зауыттың қабылдау, өткізу актісі;
- 2) агрегаттардың төлқұжаты;
- 3) арнайы машинаның колоннаға, бригадаға, жүргізушіге бекіту актісі;
- 4) техникалық қызмет көрсету және жөндеу туралы есепке алу кітапшасы (карточкасы);
- 5) автошиналарды есептеу кітапшасы;
- 6) аккумуляторлық батареяларды есептеу кітапшасы.

282. Үстіміздегі жылы арнайы көлік қызметіне қажетті арнайы машиналар, арнайы құрал-жабдықтар мен басқа да техникалық мүліктердің қосалқы бөлшектерін жеткізу жабдықтаудың бекітілген жоспары бойынша жүргізіледі.

283. Арнайы машиналарға және техникалық мүлікке жылдық есеп пен тапсырысты белгіленген үлгі бойынша төмендегілерді ескере отырып, арнайы көлік қызметінің бастығы мен бас инженері жасайды:

- 1) арнайы машиналардың, арнайы бөлшектердің, агрегаттардың және материалдардың бар болуы;
- 2) арнайы машиналардың қолданыстағы нормативті табелі;
- 3) азаматтық авиация ұйымының арнайы көлік қызметі үшін технологиялық құрал-жабдықтар мен мамандандырылған аспаптар табелі;
- 4) қосалқы бөлшектер мен материалдардың шығын нормасы және қолданыстағы ауысым коэффициенті;
- 5) өткен жылғы қосалқы бөлшектердің, агрегаттардың, материалдардың шығыны;
- 6) қызмет мерзімі өткеннен кейінгі есеп ауыстыру;
- 7) жөндеуге жататын арнайы машиналар мен агрегаттардың саны.

284. Есеп ауыстыру мен тапсырыс материалдық-техникалық жабдықтау бөлімімен келісіледі, оны азаматтық авиация ұйымының басшысы бекітеді.

285. Қосалқы бөлшектерді қоймадан беру арнайы машинаның нөмірі міндетті түрде көрсетіле отырып жүзеге асырылады. Жүргізушінің (бригадирдің) және колонна механигінің қолы қойылған "Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді есепке алу кітапшасы" қосалқы бөлшектердің шығынын растайтын есеп құжаты болып табылады (14 қосымшаны қараңыз).

27-тарау. Арнайы көлік қызметінің арнайы көлік, арнайы құрал-жабдықтар мен техникалық мүліктерін есептен шығару

286. Әуежай балансынан мүліктерді қалпына келтіруге болмайтын немесе бұл экономикалық жағынан тиімсіз болған жағдайда негізгі қор құрамындағы әрі қарай пайдалануға жарамсыз, ескірген, тозған құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын, табиғи апаттар мен жол-көлік оқиғалары кезінде жойылған негізгі қорды (қаржыларды) есептен шығаруға болады.

287. Арнайы машиналар мен арнайы құрал-жабдықтардың одан әрі пайдалануға жарамсыздығын айқындауға, сондай-ақ оларды азаматтық авиация ұйымының балансынан есептен шығаруға қажетті құжаттаманы ресімдеу үшін азаматтық авиация ұйымы жетекшісінің бұйрығымен негізгі қорды есептен шығару жөніндегі тұрақты комиссия тағайындалады.

288. Комиссия арнайы машинаны оның қалпына келтірілуіне және одан әрі пайдалануға жарамсыздығын анықтау мақсатында тексереді, есептен шығару қажеттігін туындатқан себептерді анықтайды.

289. Тексеру және құжаттамамен танысу негізінде есептен шығарудың себебі (тозу, пайдалануда қалыпты жағдайдың бұзылуына байланысты уақытынан бұрын істен шығуын, әлде апаттар), негізгі тораптардың, сындарлы элементтердің жағдайы атап көрсетілген "Автокөлік құралдарын жою туралы актісі" (18-қосымша) жасалады; олардың қалпына келе алмайтындығы, әлде қалпына келтірудің тиімсіздігі дәлелденеді. Машинаның істен шығуы апат жағдайында болса, онда есептен шығару актісімен апат туралы актінің көшірмесі қоса беріледі, сонымен қатар апаттың себебі мен сол апатқа кінәлілерге қолданылған шаралар атап көрсетіледі.

290. Есептен шығару актісінде 26-қосымшада көрсетілген нысанды сипаттайтын мәліметтер беріледі: шыққан жылы, өндіріске келген кезі, іске кірген уақыты, нысанның алғашқы және соңғы бағасы, бухгалтерлік есепке алу мәліметтері бойынша тозған заттың бағасы, жүргізілген күрделі жөндеулердің саны көрсетіледі.

291. Арнайы машиналарды жою туралы актіге барлық комиссия мүшелері қол қойып (амортизаторлық мерзімі аяқталған), азаматтық авиация ұйымының б а с ш ы с ы н а б е к і т у г е б е р і л е д і .

Жою туралы актісін бекіткенге дейін арнайы машиналарды бөлшектеуге рұқсат етілмейді. Жол полициясы органдарында есепке тұрған арнайы машиналарды есептен шығару кезінде арнайы машинаның есептен шығарылғандығы туралы белгі болуы тиіс.

292. Бекітілген есептен шығару актісі негізінде арнайы құрал-жабдықтарды бөлшектеуге рұқсат етіледі.

293. Есептен шығарылған автомобильдер мен арнайы құрал-жабдықтардың қосалқы бөлшектері, жөндеу материалдары ретінде пайдалануға жарамды детальдар, тораптар мен агрегаттар арнайы есеп бойынша кіріске тіркеледі, онда

комиссия белгілеген баға бойынша атап көрсетілген құндылықтар ескеріледі. Пайдалануға жарамсыз агрегаттар мен детальдар темір-терсекке (металлоломға) тапсырылады.

294. Арнайы машиналарды есептен шығарудан келетін шығын азаматтық авиация ұйымдары шаруашылық қызметінің нәтижесіне жатады.

295. Автомобиль шиналарын есептен шығару "Автомобиль шиналарының жұмысын есепке алу кітапшасына" сәйкес белгіленген қызмет мерзімі аяқталған кезде іске асады (19-қосымша). Одан әрі пайдалануға жарамсыздығын есептен шығару жөніндегі комиссия шешеді. Комиссия мүшелерінің қолдарымен куәландырылған кітапша автомобиль шиналарын есептен шығару құжаты болып табылады. Ал барлық комиссия мүшелерімен куәландырылған есептен шығару туралы актіні азаматтық авиация ұйымының басшысы бекітеді.

296. Автомобильдің аккумулятор батареяларын есептен шығару, олардың жұмысы мен техникалық жағдайын "Есепке алу кітапшасына" сәйкес көрсетілген қызмет мерзімінің аяқталған кезінде іске асады (осы нұсқаудың 20-қосымшасы). Аккумуляторлардың келешекте пайдалануға жарамсыздығын және олардың уақытынан бұрын істен шығу себептерін есептен шығару жөніндегі комиссия шешеді, бұл туралы акт жасалады (осы нұсқаудың 21-қосымшасы). Барлық комиссия мүшелері қол қойған есептен шығару туралы актісін азаматтық авиация ұйымының басшысы бекітеді.

297. Арнайы көлік қызметі құндылығы аз техникалық мүліктерін есептен шығару комиссияның қорытындысы негізінде өткізіледі. Комиссия мүлікті тексеру негізінде оны есептен шығару актісін жасайды, оны азаматтық авиация ұйымының бастығы бекітеді (осы нұсқаудың 22-қосымшасы).

9-бөлім.

Арнайы машиналарды сақтау.

Арнайы көлік қызметінің лауазым иелері мен жүргізушілерінің міндеттері

298. Арнайы машиналарды жақсы жағдайдағы жерлерде, толық жинақталған күйде ұстау керек. Сонда олар ұзақ әрі жақсы сақталады.

О л ү ш і н :

- 1) сақтауға дайындау (техникалық қызмет көрсету және бұзылудан сақтау);
- 2) сақтау үдерісінде техникалық қызмет көрсету;
- 3) жағдайын тексеру және сынау;
- 4) қайта сақтауға қою;

5) машиналарды сақтаудан алу және оларды қызмет бойынша пайдалануға дайындау керек.

299. Сақтау мерзімі - арнайы машиналарды өз мақсаты бойынша пайдаланылмайтын кезі. Арнайы машиналарды сақтау қысқа мерзімді (1 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (1 жылдан артық) болуы мүмкін. Қысқа мерзімді сақтау мынандай жағдайда іске асады:

- 1) арнайы машиналарды жоспар бойынша аз мерзімге қою керек;
- 2) арнайы машиналарды темір жол немесе су көліктерімен үзіліспен тасымалдауға дайындау кезінде;
- 3) арнайы машиналардың жұмысында үзіліс болғанда;
- 4) арнайы машиналар жөндеуге жіберілген кезде.

Ұзақ мерзімді сақтау дегеніміз арнайы машиналарды жоспар бойынша 1 жыл және одан көп уақытқа қою.

300. Мерзімді пайдаланылатын арнайы машиналарды қысқа мерзімге сақтауға қоюды азаматтық авиация ұйымының арнайы көлік қызметі шешеді, бұл оның жұмысының ерекшелігі болып табылады. Пайдаланылуы жоспарланбаған арнайы машиналар ұзақ мерзімге сақтауға қойылады.

301. Арнайы машиналарды сақтауға қою, оларды есепке алу, олардың жағдайын тексеру, тоқтатып қою төмендегі талаптарға сәйкес іске асырылуы керек:

- 1) осы нұсқауларға;
- 2) азаматтық авиация ұйымы басшыларының бұйрықтары мен нұсқауына;
- 3) арнайы машиналардың нақты түрлерін пайдалану туралы шығарушы-зауыттың нұсқауына.

302. Азаматтық авиация ұйымдарына келіп жатқан жаңа арнайы машиналар мен күрделі жөндеуден өткен машиналар оларды жүргізіп көргеннен кейін сақтауға қойылады. Арнайы машиналарды сақтауға қою және оларды сақтаудан алу туралы арнайы көлік қызметінің бастығы бұйрық береді және ол арнайы машинаның формулярында жазылады.

303. Арнайы машиналарды сақтауға, оларды күту және техникалық қызмет көрсетуге дайындықты арнайы көлік қызметінің бастығы (бас инженері) бақылайды.

28-тарау. Арнайы машиналарды сақтауға дайындау

304. Сақтау кезінде арнайы машиналардың дұрыс сақталуын қамтамасыз ететін негізгі сақтық шараларына мыналар жатады:

- 1) металдарды мүжілуден сақтау, металдардан жасалған бұйымдар және құрамына металдық бөлшектер, қораптар мен агрегаттар кіретін бұйымдар;
- 2) әр түрлі металл емес материалдардан дайындалған бөлшектерді бұзылудан қорғау.

305. Арнайы машиналарды сақтауға дайындау, мүжілуден қорғау жұмысы екі т ү р д е н т ұ р а д ы :

1) жүру және қозғалыс двигательдері бөлшектерінің, қозғалыс беру агрегаттарының бетін қорғау;

2) арнайы машиналар бөлшектері қораптарының және агрегаттарының ішкі бетін қорғау (ішкі сақтау).

306. Арнайы машиналарды сақтауға қоюға дайындық жұмыстары табельдік гараж құрал-жабдықтарын пайдаланумен жүргізіледі.

307. Арнайы машиналарды сақтауға дайындықты жинау-жуу жұмыстарынан бастау керек, бұл орайда жүру және қозғалыс двигательдерінің, қозғалыс беру агрегаттарының, отын және май бактарының ішіне, электр құрал-жабдықтары аспаптарына су тимеуі керек. Агрегаттың сырты құрғатыла сүртіліп, қол жетпейтін жерлердегі сулар сығымдалған ауамен алынып тасталуы қажет.

308. Арнайы машиналарды сақтауға қою алдында қысыммен жұмыс істейтін бакылау аспаптары мен ыдыстарды тексеруге ерекше көңіл бөлу керек.

309. Арнайы машиналарды сақтау мынандай тәртіп бойынша жүргізіледі.

Қысқа мерзімге сақтау алдында:

1) агрегаттар мен механизмдердің картерлерін, отын бактарды, фреон және май құятын сыйымдылықтарды жұмыс ортасына сәйкес толтыру (фреонмен, жанғыш және майлайтын материалдардың тиісті сорттарымен), ал цилиндрлерді бұзылудан қорғайтын майлармен өңдеу;

2) карбюраторлық машиналардың бензин бактарын ең соңында келіп түскен бензинмен толтыру;

3) двигательдердің салқындату жүйесін ауаның температурасына байланысты сумен толтыру немесе үш компонентті присадкасы бар қатты қатпайтын сұйықтықпен толтыру (үш натрий фосфатты, натрий нитраты, екі хромды қышқыл калиі - әр компонентінен 0,05 %), жылдың суық мезгілінде двигательдің суыту жүйесінен суды төгіп тастау керек;

4) аккумулятор батареяларын жазда және қыста ауаның температурасы 15^0 С-дан төмен болмаған жағдайда арнайы машиналарда, ал қыста ауаның температурасы 15^0 С-дан төмен болғанда батареяны алып тастап сақтау керек;

5) қосалқы бөлшектердің, құрал-саймандардың және керек-жарақтардың жеке жиынтығын машинада сақтау.

Ұзақ мерзімді сақтау алдында:

1) агрегаттар мен механизмдердің картерлерін маусымның барлық кезеңдеріне арналған май сорттарымен немесе қысқы сорттарымен толтыру;

2) дизель двигательдерінің май құятын бактарын ДЗ белгісіндегі қысқы дизель жанармайымен, ал температурасы төмен аймақтарда ДА дизель

3) арнайы машиналардың карбюратор двигательдерінің бензин бактарын шығарушы-зауыттың нұсқауы бойынша май толтырмай және өңделген күйде с а қ т а у ;

4) присадканың 3 компоненттік ерітіндісімен өңделген арнайы машиналар двигательдерінің салқындату жүйесін толтырылмаған күйде, ал жүйеден құйып алынған қатты қатпайтын салқындататын сұйықтықты улы техникалық сұйықтықтарды сақтау жөніндегі қолданыстағы ережеге сәйкес сақтау;

5) арнайы машиналардан аккумулятор батареяларын алып және аккумулятор бөлмесінде (жылы жерде) сақтау ;

6) аккумулятор батареяларын күту және бақылау, сонымен қатар оларды ұстау және жаңартып тұру стартерлік қорғасынды-қышқыл батареясы жөніндегі нұсқауға сәйкес іске асырылады ;

7) рессорлар мен дөңгелектерді алу ;

8) қосалқы бөлшектер, құрал-саймандар мен керек-жарақтардың жеке жиынтығын қоймада сақтау.

310. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сақтаудағы арнайы машиналардан автомобиль шиналарын алмау керек. Арнайы машиналарды ашық алаңда сақтаған жағдайда шиналарды күн сәулесінен қорғау; кабинаның ішіндегі әйнекке картоннан немесе басқа жарық өткізбейтін материалдардан кедергі қойылады.

29-тарау. Арнайы машиналарды сақтауда ұстау

311. Сақтауға қойылған арнайы машиналарды күту және олардың техникалық жарамдығы мен пайдалануға дайындығын қамтамасыз ету керек. Арнайы машиналар арнайы қоршалған төбесі жабық жерде немесе ашық алаңдарда (соңғы жағдайда оларды қаппен жабу керек) сақтауда тұрады.

312. Сақтауға өткізілген арнайы машиналардың техникалық дайындығын қамтамасыз ету және олардың ең жақсы қорын сақтап қалу мақсаты мен техникалық қызмет көрсету және машиналар мен арнайы құрал-жабдықтарды сынақтан өткізеді.

313. Сақтауға өткізілген арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету шығарушы-зауыттың нұсқауына сәйкес жүргізіледі. Арнайы құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсету автомобильдердің негізгі шассиі мен тіркемелерге техникалық қызмет көрсетумен қатар жүру керек. V043234

314. Сақтауға өткізілген арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету үшін мынандай мерзім белгіленеді:

1) аптасына бір рет (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сақтау кезінде);

- 2) жарты жылда бір рет (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сақтау кезінде);
- 3) жылына бір рет (ұзақ мерзімді сақтау кезінде).

315. Арнайы машиналардың арнайы құрал-жабдықтарына айына бір рет техникалық қызмет көрсету олардың жалпы техникалық және сақталу жағдайын тексеру мақсатымен өткізіледі.

316. Жарты жылдық техникалық қызмет көрсету арнайы машиналарды маусымды пайдалануға көшкен кезде өткізіледі.

317. Арнайы құрал-жабдықтарға "Жылына бір рет" техникалық қызмет көрсету ұзақ мерзімге сақталатын арнайы машиналардың техникалық жағдайын, жұмысқа қабілетін, жарамдылығын, құрал-жабдықтардың сипаттамасына сәйкестігін тексеру мақсатымен және қажет болған жағдайда арнайы машиналарды әрі қарай сақтауға қалдыру жұмыстары жүргізіледі.

318. Сақтауға қойылған арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету, олардың техникалық жағдайын бақылау, шиналарды, аккумулятор батареяларын жаңарту, пайдаланылатын материалдарды сақтауға қайтадан өткізу және белгіленген жұмыстарды жүргізудің кезеңдері мен мерзімдері арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсетудің жоспар-кестесінде және арнайы машиналарды пайдалану және жөндеу жөніндегі жылдық жоспарда көрсетіледі.

319. Техникалық қызмет көрсету мен сынақ бойынша сақтау барысында арнайы машиналарда орындалатын жұмыстар туралы олардың формулярына белгі қойылады.

30-тарау. Арнайы машиналарды сақтаудан алу

320. Пайдалану жоспарына сәйкес арнайы көлік қызметі бастығының бұйрығымен арнайы машиналар сақтаудан алынады. Бұйрықта: сақтаудан алу себебі, арнайы машиналардың саны, олардың маркалары мен саны, қандай мерзімге және қандай мақсатпен арнайы машиналар сақтаудан алынатыны атап көрсетіледі. Сақтаудан алу туралы формулярға белгі қойылады.

321. Арнайы машиналарды сақтаудан алған кезде төмендегілерді орындау қ а ж е т :

- 1) машинадан брезент жапқышты, двигатель қақпағының, кабина есігінің және аспаптардың пломбаларын алып тастау;
- 2) аккумулятор батареяларын пайдалану режиміне қою;
- 3) отын бақтарына жанармай құйып алу, қоректендіру отын жүйесін, салқындату және майлау жүйелерін жанар-жағар майға толтыру;
- 4) кабинаның әйнектерінен картоннан жасалған жапқышты алып тастау, айна мен терезе тазалағыш щеткасын орнату;
- 5) агрегаттар мен механизмдерден герметикалық материалдар мен сыртқы

қ а б ы н а л ы п т а с т а у ;

б) двигательді дайындау және оның жұмысын тексеру, шиналардың қысымын қ а л ы п қ а к е л т і р у ;

7) машиналарды тұғырықтан алып тастау және рессорларды жүк түсіру қалыбынан босату.

322. Сақтаудан шыққан арнайы машиналар жолға шығару алдында тексеруден өтеді. Қажет болған жағдайда отын бактары жуылып тазартылады, агрегаттарға май құйылады.

323. Осы ережеде көрсетілген мерзімнен басқа уақытта арнайы машиналарды тексеру үшін машиналарды сақтаудан алған жағдайда арнайы машиналарды дайындау жұмыстарын қайтадан өткізу қажет.

31-тарау. Лауазымды адамдар мен арнайы көлік қызметі жүргізушілерінің міндеттері

324. Арнайы көлік қызметінің басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына, осы нұсқауға, бұйрықтарға және басқа нормативті-техникалық құжаттарға сәйкес өзіне берілген меншікті сақтауға, техниканы дұрыс пайдалануға, арнайы машиналардың әуе кемесіне қауіпсіз қызмет көрсетуіне, ұшу жолдарын күту және жөндеуге, техника жағынан жарамды машиналар мен механизмдерді керекті мөлшерде, уақытында беру, машина жүргізушілерін дайындау, еңбек тәртібіне, арнайы көлік қызметі жеке құрамының техникалық дайындығына, еңбек қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігінің талаптарын орындауға б а қ ы л а у ж а с а й д ы .

Арнайы көлік қызметінің бастығы төмендегілерді ұйымдастырады және қ а м т а м а с ы з е т е д і :

1) арнайы көлік қызметінің өндірістік жоспарын орындау, арнайы машиналар мен жанар-жағар майды пайдаланғанын есепке алу және есеп беру;

2) әуе кемесіне техникалық және коммерциялық қызмет көрсету үшін жолға жарамды арнайы машиналарды шығару;

3) әуеайлағының механизация құралдарын және олардың арнайы құрал-жабдықтарының техникалық жарамдылығын тексерудің типтік кітапшасына сәйкес жарамды машиналарды жолға шығару (1-қосымша);

4) шығарушы-зауыттардың нұсқауларына сәйкес арнайы машиналарды дұрыс п а й д а л а н у д ы б а қ ы л а у ;

5) әуе кемесін зақымданудан сақтап қалу, арнайы көлік қызметі кінәсінен болған жол-көлік апаттары мен әуе кемесінің ұшуына кедергі келтіру, әуежайдың ішінде электр байланыстары мен радиохабарларын тарату құралдарын дұрыс пайдалану жөніндегі шараларды жоспарлау және өткізу;

б) арнайы көлік қызметі жеке құрамының еңбек қауіпсіздігі талаптарын оқу және оны қатаң сақтау;

7) арнайы машиналарды және өндірістік жайларды күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы жұмысқа дайындау;

8) арнайы машиналарды сақтау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, арнайы машиналарды мемлекеттің есебінен шығару, уақытында есепке қою мен оларды қайта тіркету;

9) азаматтық авиация ұйымының материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі арқылы арнайы көлік қызметін материалдық-техникамен жабдықтау;

10) арнайы көлік қызметі жеке құрамының біліктілігін көтеру мақсатымен техникалық оқуды жоспарлау және өткізу;

11) жүргізушілерді әуеайлағы жағдайындағы жұмысқа дайындау;

12) еңбек келісім шарттарын жасап, азаматтық авиация ұйымдарының кадрлар бөлімі арқылы оларды ресімдеу.

Арнайы көлік қызметі бастығының міндеттері:

1) азаматтық авиация ұйымының басшысы бекіткен арнайы машиналарды бөлу жөніндегі табельге сәйкес азаматтық авиация ұйымы қызметін жарамды техникамен қамтамасыз ету;

2) габаритті және жарқылдайтын оттары, радиостанция мен буксир құрылғылары орнатылған жарамды техникамен қамтамасыз ету. Оны әуеайлағы қызметі бастығының сұрауы бойынша қыста 20 минуттан кешіктірмей, ал жазда 1 тәулік бұрын алдын ала берілген тапсырыс бойынша жеткізіп беру;

3) арнайы көлік қызметінде қанша техника бар екенін және оның жағдайын, пайдалану, сақтау, жөндеу ережесін, әуеайлағында жұмыс істеуге берілген техникаға қойылатын талаптарды, ұшуды қамтамасыз ететін қызметтердің өзара байланысының технологиясын білу.

Арнайы көлік қызметінің бастығы азаматтық авиация ұйымының нақты жағдайын және арнайы көлік қызметіне жүктелген міндеттерді ескере отырып, барлық қызметшілерге нұсқау дайындайды және жердегі ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану жөніндегі әуежай бастығының орынбасарында бекітеді (әуежай бастығының орынбасары - бас инженер). Бекітілген нұсқау қызметкерлерге қолхатпен беріледі.

325. Бас инженер - техникалық қызмет жөніндегі арнайы көлік қызметі бастығының орынбасары болып саналады, ол жердегі ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану жөніндегі әуежай бастығы орынбасарының ұсынысымен, азаматтық авиация ұйымы бастығының бұйрығы бойынша қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Бас инженер арнайы машиналардың техникалық дайындығын қамтамасыз етеді, олардың техникалық күйіне, штат және қосымша құрал-жабдықтармен

толықтыруға (соның ішінде ұшу және жүру жолдарында жұмыс істейтін машиналардың радиостанциямен және жарық оттарымен), қызмет көрсету, жөндеу және сақтауға, арнайы көлік қызметі еңбек қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігінің талаптарын орындауға бақылау жасайды және ғылыми-техникалық прогресс талабына сай қызметтің техникалық дамуына

б а ғ ы т б е р е д і .

Бас инженер мыналарға жауапты:

1) құрылғылардың ерекшеліктерін, техникалық қызмет ережесін және арнайы машиналарды жөндеу, арнайы көлік қызметінің өндірістік әрекетін қорғау және көліктегі техника қауіпсіздігін жоспарлау;

2) шығарушы-зауыттың нұсқау талабына сәйкес арнайы машиналар мен механизмдердегі техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру;

3) шассилер мен машиналардың құрал-жабдықтарын жөндейтін шеберханалардың өндірістік жоспарды орындауын бақылау;

4) арнайы машиналардың техникалық жағдайын, тексеру және олардың жоғары техникалық дайындығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану;

5) арнайы көліктерді жөндеуге керекті заттарға тапсырыс беру;

6) арнайы машиналарды, механизмдерді, өндірістік ғимараттарды күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы жұмыстарға дайындық шараларын ұйымдастыру ;

7) жол полициясы басқармасы, әуежай комиссиясы өткізетін жылдық техникалық тексеруге арнайы машиналарды дайындық шараларын әзірлеу және өткізу ;

8) арнайы көлік қызметі жеке құрамын дайындау және біліктілігін арттыру мақсаты мен техникалық оқуды ұйымдастыру және бағдарламалар жасау;

9) жаңа техника енгізу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және өткізу;

10) техникалық құрал-жабдықтарға, құралдарға, стендтерге, құрал-саймандарға, барлық өндірістік бөлімшелердің тексеру аспаптарына жөндеуді уақытында өткізу ;

11) еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау жөнінде шаралар өткізу ;

12) жаңалық ашу және жаңалық енгізу жұмыстарын жаңа техника мен құрал-жабдықтарды енгізуді ұйымдастыру ;

13) техникалық есепке алуды жүргізу және төлқұжаттар мен формулярлардың дұрыс толтырылуын қадағалау ;

14) арнайы көлік қызметінің арнайы машиналарында, гараж құрал-жабдықтарында қолданылатын бақылау, өлшеу аппараттарын тексеру шараларын ұйымдастыру ;

15) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды ұйымдастыру және өткізу ;

16) жүргізушілер мен жөндеу жүргізетіндерді өз бетімен жұмыс істеуге жіберу жөнінде бағдарлама әзірлеу;

17) техникалық қызмет көрсету және арнайы машиналарды жөндеу кезінде озық нормаларды енгізу.

326. Пайдалану жөніндегі арнайы көлік қызметі бастығының орынбасары арнайы көлік қызметін пайдалану бөлімшелерінің (колоннаның) қызметкерлер құрамының тікелей бастығы болып есептеледі, ол жердегі ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану жөніндегі азаматтық авиация ұйымы бастығының орынбасарының ұсынысымен, бастықтың бұйрығы бойынша қызметке қабылданады және қызметтен босатылады.

Арнайы көлік қызметі бастығының орынбасары арнайы машиналарды пайдалану кезінде барлық жұмыс кешенін қамтиды, олардың дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етеді; әуе кемелеріне дер кезінде қауіпсіз қызмет көрсетуге және азаматтық авиация ұйымдарының басқа қызметтерін арнайы машиналармен қамтамасыз етуге, габаритті және жарқылдайтын оттармен, радиостанция және сүйрету құрылғыларымен жабдықталған жолға жарамды арнайы машиналарды шығаруға жауапты. Осы нұсқаулардың талаптарына сай арнайы машиналардың техникалық күйін және әуеайлағы құралдарын механикаландыруды, дер кезінде арнайы машиналарды шығаруды, олардың жұмысын және жолда жарамдылығына бақылауын ұйымдастырады.

Арнайы көлік қызметі бастығының орынбасары төмендегілерді білуі қажет:

1) арнайы көлік қызметінің арнайы машиналарын және оларды пайдаланудың техникалық ережелерін жетік білуі;

2) арнайы машиналардың дер кезінде шығуын, олардың жұмысын және жұмысқа техникалық жарамдылығын ұйымдастыру;

3) жүргізушілердің жолдағы жұмысына бақылауды қамтамасыз ету; арнайы машиналардың пайдалану ережелері мен еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау;

4) жол апаттарын болдырмауға, әуе кемесіне арнайы машиналардың зақым келтірмеуіне, ұшуға кедергі жасамауға және арнайы машиналарды тиімді пайдалануға, еңбек өнімділігін және атқарылатын жұмыстардың сапасын арттыруға, арнайы машиналардың жөндеу аралығындағы жүретін және пайдаланылатын материалдарды үнемдеуге бағытталған шаралар әзірлеу және өткізу;

5) арнайы көлік қызметінің қаржы-өндірістік жоспарын жасауға қатысу;

6) арнайы машиналарды пайдалану, есепке алу және есеп беруді ұйымдастыру және бақылау;

7) жүргізушілердің арнайы машиналарды пайдалану, жаңа техниканы енгізу, жұмыстың жаңа озық тәжірибесін жинақтап қорыту;

8) арнайы машиналарды күзгі-қысқы, көктемгі-жазғы жұмыстарға дайындау жөніндегі шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

9) жас мамандарды жұмысқа қабылдау бағдарламасын әзірлеуге қатысу, сынау мерзімінен өткен адамдардың білімдері мен практикалық дағдыларын тексеру жөніндегі комиссияның жұмысына атсалысу;

10) арнайы машиналарды пайдаланудың тиімділігін арттыру.

327. Колонна (гараж) бастығы арнайы көлік қызметі пайдаланып жүрген учаскенің тікелей бастығы болып табылады. Азаматтық авиация ұйымының басшысы арнайы көлік қызметі бастығын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Колонна бастығы жарамды машиналардың жолға шығуына, оларды дұрыс пайдалануына, еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтауына және қызметкерлердің еңбек тәртібін сақтауына бақылау жасайды.

Колонна (гараж) бастығына мыналар қажет:

1) колоннаның арнайы машиналарын және оларды техникалық пайдалану ережелерін, ұшуды қамтамасыз ететін қызметтердің өзара қимыл технологиясын жетік білу;

2) жарамды және жабдықталған арнайы машиналардың жұмысы мен жолға жоспарлы шығуын, олардың апатсыз жүруін және арнайы машиналардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) жоспар мен тапсырыстарға сәйкес колонна жеке құрамының өндірістік тапсырмаларды уақытында орындауын қамтамасыз ету;

4) осы нұсқау талабына сай колонна механигі (бригадирі) жүргізушілердің жолға шығу алдында машиналардың техникалық жағдайының сапасын бақылау;

5) колонна жеке құрамының еңбек және технологиялық тәртібін нығайтуға бағытталған ұжымда тәрбие жұмысын жүйелі түрде өткізу;

6) белгіленген еңбек қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету; жүргізушілердің қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, сондай-ақ арнайы автокөлік пен механизация құралдарына белгіленген жол жүру ережесінің сақталуын қадағалау;

7) әуеайлағына жұмысқа жіберілетін жүргізушілер тобын белгілеу, жүргізушілердің нұсқау алуын, сапар алдында және сапардан кейін дәрігерлік тексеруден өтуін ұйымдастыру;

8) колонна жұмысын жоспарлауды, есепке алуды және жеке есеп беру жұмысын жүргізуді бақылау;

9) жеке құрамның, арнайы машиналардың жұмыстарына, ғимараттар мен құрылыстарды дайындауға байланысты шараларды әзірлеуге және орындауға қатысу;

10) жүргізушілер құрамын олардың біліктілігі мен арнайы машиналардың

кейбір түрлерін пайдалануға берілген рұқсатқа сәйкес орналастыру;

11) арнайы машиналарға және бақылау-өлшеу құралдарына оларда орнатылған радиостанция мен жарық оттарына техникалық қызмет көрсету кестесін қатаң сақтау және олардың сақталуын, техникалық дайындығын қ а м т а м а с ы з е т у ;

12) жөндеу шеберханаларында техникалық қызмет көрсетуден өткен арнайы машиналарды қабылдау және бақылау;

13) жүргізушілерді керекті құрал-саймандармен, арнайы киіммен уақытында және толық қамтамасыз етуді қадағалау;

14) жаңа техниканы, арнайы машиналарды пайдалануда және техникалық қызмет көрсетуде озат тәжірибені енгізу;

15) жүргізушілер құрамының жұмыс және демалыс кестесін жасау. Әуеайлағы машиналарының колонна бастығы: жарамды техниканы әуеайлағы қызметі бастығының қарауына (табельге сәйкес) оның сұрауы бойынша қыста - 20 минуттан аспайтын уақытта, жазда - 1 тәулік бұрын алдын ала тапсырыс бойынша беруді ұйымдастыру қажет.

328. Ауысым инженері (ауысым бастығы) арнайы машиналарды пайдалануға басшылық жасау қызметінің барлық өндірістік учаскілерінде ауысым тапсырмаларын уақытында және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді және ауысым жұмысына, қызметкерлердің ауысым тапсырмаларын білетіндігіне, еңбек қауіпсіздігі және еңбек тәртібі талаптарын сақтауға жауап береді. Ауысым инженері арнайы көлік қызметі бастығының ұсынысы бойынша әуежай басшысының бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады

Ауысым инженерінің (ауысым бастығының) міндеттері:

1) ауысым кезінде берілген арнайы машиналардың құрылымы мен пайдалану ерекшеліктері, техникалық күйін, ұшуды қамтамасыз ететін қызметтердің өзара әрекет технологиясын білу;

2) жүргізушілерге нұсқау беру, арнайы машиналардың апатсыз жұмысын ұйымдастыру, ауысым қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындауын және жүргізушілердің әуеайлағында жол ережесін сақтауын қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) арнайы машиналардың әуе кемесін зақымдауға жол бермейтін, арнайы көлік қызметі кесірінен әуе кемесі ұшуының кешіктірілуін болдырмайтын және жол-көлік апатының алдын алуға бағытталған шаралар өткізу;

4) ауысым кезінде арнайы машиналарды пайдаланатын әуежай қызметінің ауысым бастығымен байланысты үзбеу;

5) ауысым диспетчерлері мен жүргізушілерінің әуе кемесіне қызмет көрсету технологиялық кестесін орындауын бақылау;

б) ауысым қызметкерлері құрамының еңбек тәртібін сақтауын бақылау, оны бұзушыларды жұмыстан шығару.

329. Арнайы көлік қызметі жөндеу бөлімінің бастығы арнайы көлік қызметі бастығының ұсынуы бойынша азаматтық авиация ұйымы басшысының бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Жөндеу шеберханасының бастығы арнайы көлік қызметі инженеріне тікелей бағынады және барлық күшімен, құралдарымен техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді ұйымдастыруды, еңбек тәртібін, жөндеу шеберханаларында еңбек қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігінің талаптарын сақтауды бақылайды.

Жөндеу учаскелері бастығының міндеттері:

1) арнайы машиналардың, олардың агрегаттарының, жөндеу құрал-жабдықтарының техникалық қызмет көрсету және жөндеу ерекшеліктерін білу ;

2) техникалық қызмет көрсету және жөндеудің шұғыл өндірістік жоспарын әзірлеуге қатысу, олардың сапалы және дер кезінде орындалуын, қалпына келтіру, қосалқы бөлшектермен және құралдармен қамтамасыз ету;

3) жөндеу қызметкерлерінің технологиялық үрдіс қалпын, еңбек қауіпсіздігі, өндіріс тазалығы мен өрт қауіпсіздігінің талаптарын сақтауын бақылау;

4) колонна механигі (бригадирі) бекітілген жоспар-кестеге сәйкес арнайы машиналарды техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қабылдау; жөндеуден өткен техниканы колоннаға тапсыруын ұйымдастыру;

5) қосалқы бөлшектер, құрал-саймандар мен басқа материалдарды дұрыс және үнемдеп жұмсауын қадағалау, шеберхана құрал-жабдықтарының техникалық күйін және оның ұтымды пайдаланылуын бақылау;

б) жөндеушілерге уақытында күндізгі тапсырмаларды беруді ұйымдастыру;

7) белгіленген құжатты жүргізуді қамтамасыз ету және бақылау;

8) еңбек қауіпсіздігі талабын сақтау жөнінде нұсқау өткізуді ұйымдастыру, техникалық қызмет көрсету және жөндеудің озат әдістерін меңгеру, біліктілігін арттыру жөнінде жөндеушілерге практикалық көмек ұйымдастыру;

9) техникаға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу үшін озық тәжірибе мен нормаларды, жаңа құрал-жабдықтарын енгізу;

10) еңбек өнімділігі мен жөндеудің сапасын арттыру;

11) жөндеу шеберханаларын қажетті құрал-саймандармен, қосалқы бөлшектермен және басқа материалдармен қамтамасыз ету;

12) еңбек тәртібін арттыру бағытталған шараларды әзірлеу және оны жүзеге асыру.

330. Аға инженер арнайы машиналар мен арнайы құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеуді қамтамасыз етеді. Ол арнайы көлік қызметі бас инженеріне бағынады, арнайы көлік қызметі бастығының ұсынысы

бойынша азаматтық авиация ұйымы басшысының бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Арнайы құрал-жабдықтар жөніндегі аға инженердің міндеттері:

1) арнайы машиналардың, құрал-жабдықтардың техникалық күйін, құрылысын, пайдалану және жөндеу ерекшеліктерін білу;

2) арнайы құрал-жабдықтарға уақытында немесе сапалы қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

3) формулярлар мен төлқұжаттарда жазу жүргізіп тұру;

4) арнайы құрал-жабдықтарды пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу кезінде еңбек қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарын орындау жөнінде шаралар ұйымдастыру;

5) арнайы құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жоспарын құру;

6) арнайы құрал-жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету барысында ұшу қауіпсіздігі талаптарын орындауды ұйымдастыру;

7) арнайы құрал-жабдықтарға, керекті материалдарға, қосалқы аспаптар мен агрегаттарға уақытында тапсырыс жасау;

8) күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы дайындық жұмыстарына әзірлік кезінде арнайы құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жұмысшылармен, жүргізушілермен техникалық оқу өткізу, сонымен қатар жаңадан алынған жүргізушілер мен жөндеу жұмыстарын жүргізетіндерді оқыту;

9) жаңа құрал-жабдықтарды пайдалануға енгізуді тікелей басқару.

Жөндеу жөніндегі инженердің (механиктің) міндеттері:

1) арнайы машиналардың, олардың агрегаттарының және жөндеу құрал-жабдықтарының құрылымын пайдалану және жөндеу ерекшеліктерін білу;

2) арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру, жөндеу жүргізетін жұмысшылардың өндірістік тапсырмаларды орындауын бақылау;

3) еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындауды ұйымдастыру, қауіпсіздік техникасы бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізетіндерге нұсқауды өзі жүргізу;

4) арнайы машинаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу кестесін жасау;

5) орындалған техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын есепке алу;

6) арнайы машиналардың техникалық қызмет көрсетуден және жөндеуден уақытылы шығуын қамтамасыз ету;

7) техникалық оқудың тақырыптық жоспарын әзірлеу және оны АҚК техникалық қызмет көрсететін және жөндеу жұмыстарын жүргізетін қызметкерлермен өткізу;

8) қосалқы бөлшектерге, құрал-саймандарға, құрал-жабдықтарға және жөндеу

материалдарына уақытында тапсырыс жасау; азаматтық авиация ұйымы материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі тапсырысын қамтамасыз етуді б а қ ы л а у ;

9) қосалқы бөлшектерді, құрал-саймандар мен материалдарды үнемдеп жұмсау жөніндегі шараларды дайындау және жүргізу;

10) арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының мерзімін қысқартуға және жөндеу сапасын жақсартуға бағытталған озық әдістерді оқу және енгізу;

11) техникалық қызмет көрсету және жөндеу технологиясы мен сапасын жақсартуға бағытталған оңтайлы жұмыстарды қарастыру, қорытынды беру және к е ң і н е н т а н ы т у ;

12) еңбекті ұйымдастыруды жақсарту.

331. Колонна механигі колонна бастығына тікелей бағынады және осы нұсқау талаптарына сәйкес арнайы машиналарды жөндеу және басқа технологиялық құрал-жабдықтарды пайдаланудың дұрыстығын, техникалық сақталуын қамтамасыз етеді, тек жарамды машиналарды жолға уақытында шығаруға, құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалануға, өзіне бағынышты қызметкерлердің еңбек тәртібін сақтап, еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындауына, қосалқы бөлшектерін, машиналардың, құрал-саймандардың, жанар-жағар майлар және басқа материалдардың шығысына жауап береді.

Колонна механигінің міндеттері:

1) гаражда қолданатын техникалық құрал-саймандарды пайдалану, арнайы машиналарды жөндеу және гараждық жабдықтардың құрылысын, талаптарын ж ә н е н о р м а л а р ы н б і л у ;

2) арнайы машиналардың техникалық жағдайына, сыртқы түріне қарау;

3) арнайы машиналарға күнделікті техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, жолға шығар алдында жүргізушілерге нұсқау беру, бактардағы жанар-жағар май материалдарының қалдықтарын, мотосағаттарының есептегіші мен спидометрдің көрсеткішін (осы нұсқаудың 23, 24, 25 қосымшалары) жолға шығар алдында және келгеннен кейін тексеру;

4) арнайы машиналардың техникалық жағдайын анықтау жөніндегі комиссияға қатысу, арнайы машиналарды жөндеу өндірістеріне жіберу үшін қ ұ ж а т т а р д ы р ә с і м д е у ;

5) арнайы машиналарды жолға шығару алдында олардың техникалық жағдайын тексеру (1-қосымшада баяндалған талаптарды ескере отырып) және жол қағазына, формулярға арнайы машиналардың жұмысқа жарамдығы туралы б е л г і ж а с а у ;

б) жұмыс істеп жүрген жүргізушілерге техникалық көмек көрсету жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н у ;

7) арнайы машиналарды пайдалану және жөндеу кезінде жүргізушілердің еңбек қауіпсіздігі талаптарын қатаң бақылау.

332. Арнайы машиналардың жүргізілуін ұйымдастыру жөніндегі инженер АҚК бастығына бағынады, қызметте жол тәртібінің жағдайына, жол жүру ережесін бұзудың алдын алуға және азаматтық авиация әуеайлақтарында әуе кемелерінің арнайы автокөлік және механизация құралдарының жұмысын ұйымдастыруға басшылық ету талаптарының бұзылмауын бақылайды.

Арнайы автокөлік қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі инженердің м і н д е т т е р і :

1) жаңадан қабылданған жүргізушілерді оқыту және арнайы машиналарда жұмыс істеуге жіберу ісін ұйымдастыру;

2) арнайы көлік қызметі қызметкерлерінің жол жүру ережелерін, азаматтық авиация комитеті төрағасының 22.09.2000 ж. N 76-шы бұйрығымен бекітілген " Азаматтық авиация әуеайлақтарында әуе кемелерінің, арнайы автокөлік және механизация құралдарының жұмысын ұйымдастыруға басшылық ету" талаптарын орындауға жүйелі түрде бақылау жүргізу;

3) арнайы автокөлікті техникалық пайдаланудың ережелерін білу;

4) көлік апаттары мен жол жүру ережелерін бұзуға әкеліп соқтыратын себептерді талдау, олардың алдын алуға қажетті шараларды әзірлеу және іске а с ы р у ;

5) жол-көлік апаттары болған жерге міндетті түрде бару және қызметтік т е р г е у жү р г і з у г е қ а т ы с у ;

6) жүргізушілердің жол жүру ережесін сақтауын тексеру мақсатымен жүйелі түрде ж о л ғ а ш ы ғ ы п т ұ р у ;

7) жүргізушілер жіберген тәртіп бұзушылық туралы материалдарды қарастырған кезде қоғамдық инспекторлар мен комиссия жұмыстарына б а с ш ы л ы қ е т у ;

8) арнайы көлік қызметінің жол қауіпсіздігі кабинеті мен гараждағы (колоннадағы) жол қауіпсіздігі бұрышын қажетті көрнекті құралдармен және материалдармен б е з е н д і р і п , ж о с п а р л а р ж а с а у ;

9) жолдар мен әуеайлақтарында жол жүру қауіпсіздігі бойынша жарыстар ө т к і з у д і ұ й ы м д а с т ы р у ;

10) жол жүру қауіпсіздігі жөнінде белгіленген есеп жүргізу және есеп беру.

333. Арнайы машинаның жүргізушісі арнайы көлік қызметі атқаратын жұмыстардың тікелей орындаушысы болып табылады. Ол арнайы көлік қызметі бастығының ұсынысы бойынша әуе ұйымы бастығының бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады. Жүргізуші тікелей бригадирге, ал шұғыл болса - диспетчерге бағынады.

Жүргізуші пайдаланылатын арнайы машинаның сақталуына, оның үнемі

жарамдылығы мен пайдалануға дайындығына бақылау жасайды, арнайы көліктің ұшу алаңы мен перронда жұмысын ұйымдастыруға байланысты қажетті талаптарды сақтайды.

Жанар-жағар май материалдарын тасымалдайтын жүргізуші оның сақталынуын бақылайды.

Арнайы машина жүргізушісі төмендегілерді орындауға тиіс:

1) автомобиль (трактор, өзі жүретін жол жөндеу-құрылыс және әуеайлағы машиналары мен механизмдерін) жүргізуге құқық беретін куәлігінің болуы;

2) әуеайлағында (перронда) жұмыс істеуге құқық беретін талонының болуы (осы Нұсқаудың 2-ші қосымшасы);

3) арнайы машиналардың жұмысын ұйымдастыру, жол жүру ережесі мен еңбек қауіпсіздігін сақтау, ұшуды қамтамасыз ететін қызметтердің өзара іс-әрекетінің технологиялық талаптары, радиостанцияда жұмыс істеу ережесі мәселелері жөніндегі осы Нұсқау талаптарын білу және қатаң сақтау;

4) бригадаға бекітілген арнайы машиналарды (негізгі автомобильді, тракторды және арнайы құрал-жабдықтарды) пайдалану және қызмет көрсету ерекшелігін, құрылымын және ережесін білу;

5) әуеайлағында (перронда) арнайы машиналардың жол жүру ережесі мен жұмысын білу және оларды қатаң сақтау, әуе кемесіне келуді және кетуді дұрыс жүргізе білу, сондай-ақ арнайы машиналарды тұрақтарда белгіленген ретімен қою ;

б) арнайы машиналарды пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі талабын қатаң сақтау, сондай-ақ арнайы машиналардың өрт сөндіру құрал-жабдықтарын білу және оларды пайдалана алу ;

7) ауысымды қабылдау кезінде арнайы машиналардың техникалық жағдайын тексеруді өткізу, тексеру кезінде байқалған барлық ақаулар туралы дер кезінде бригадирге немесе колонна механигіне баяндау;

8) арнайы машиналарды келесі ауысымға өткізу дайындығы жөніндегі қажетті жұмыс кешенін толық жүгізу;

9) әуе кемесіне қызмет көрсету жөніндегі бригадирдің барлық нұсқауларын орындау ;

10) осы нұсқау талабына сәйкес арнайы машиналар мен арнайы құрал-жабдықтардың жолға шығар алдындағы техникалық жағдайын тексеру;

11) жұмыс кезінде машина мен құрал-жабдықтардың, рульді басқарудың жарамдығын, тежеудің, шиналардың, жарқылдақ оттардың, радиостанциялардың, амортизаторлық құрылымның, жарық беру аспаптарының, арнайы құрал-жабдықтардың әйнек жуғыштары мен агрегаттарының техникалық жағдайын бақылау, жол қағаздарын дұрыс, уақытында және мұқият толтыру;

12) әуеайлағында (перронда) арнайы машиналарды жүргізген кезде мұқият

болу, қоғамдық автоинспектор және әуеайлағы қозғалыс қауіпсіздігі мен ұйымдастыруға жауапты адамдардың талабы бойынша арнайы машиналарды б і р д е н т о қ т а т у ;

13) күрделі метеорологиялық жағдайда және көру мүмкіндігі нашар болған кезде қозғалысқа ерекше абай болу керек;

14) бригадирден, диспетчерден немесе жұмыс басшысынан анық және түсінікті бұйрық алғаннан кейін ғана арнайы машинаны жұмыс орнына әкелу (о с ы н ұ с қ а у д ы н 3 - қ о с ы м ш а с ы);

15) машина істен шыққан жағдайда арнайы машиналарды ұшу-қону және жүру жолдарынан, перроннан және тұратын жерден тез алып кету, содан кейін болған жағдайды әуеайлағы қызметінің жұмыс басшысына, диспетчерге және б р и г а д и р г е б а я н д а у ;

16) арнайы машинаны жүргізуді басқа біреуге бермеу;

17) арнайы машинаны жүргізуші жоқ кезде оның қозғалуына мүмкіндік бермеу үшін жасалған шаралардан кейін ғана тұрақта қалдыру. Арнайы машинаны әуе кемесі жанында қараусыз қалдыруға тыйым салынады;

18) еңбек тәртібін бұзуға жол бермеу, таза жүру, азаматтық авиация ұйымы қызметкерлерімен және жолаушылармен сыпайы болу, бастықтың нұсқауларын у а қ ы т ы н д а о р ы н д а у ;

19) материалдық жағынан өз білімін жетілдіріп тұру, арнайы машиналарды жүргізу және техникалық қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру;

20) ұтымды және ойлап табу жұмыстарына қатысу.

10-бөлім.

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жалпы ережелер

334. Арнайы көлік қызметінде еңбек қорғау жөніндегі жұмыстар Қазақстан Республикасы заңдары талаптарына сәйкес іске асырылады.

335. Азаматтық авиация ұйымдарындағы арнайы көлік қызметінің қоршаған ортаны қорғауға байланысты жұмыстары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі. Арнайы көлік қызметіндегі қоршаған ортаны қорғау аясындағы жұмыстар қоршаған ортаны пайдаланылған газбен ластауды азайту, жұмыс істеп тұрған арнайы автокөлік шуын шектеу, қоршаған ортаны мұнай өнімдерімен және басқа қалдықтармен ластаудың алдын алу, суды оңтайлы пайдалану, отын мен майдың шығынын азайтуға бағытталуы керек. Қоршаған ортаны қорғау жұмыстары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына сәйкес және азаматтық авиация ұйымы басшысымен бекітілген азаматтық авиацияның экология жөніндегі шаралар жоспары бойынша жүргізіледі.

336. Арнайы көлік қызметінде қоршаған ортаны қорғау жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ оның жай-күйіне бақылау жасау қызмет бастығына жүктеледі. Қоршаған ортаны қорғау жұмыстарына тікелей басшылық Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес арнайы көлік қызметінің бас инженеріне жүктеледі.

337. Арнайы көлік қызметінің колонна, цех кейбір учаскелерінде қоршаған ортаны қорғау жұмыстарының жағдайына және ұйымдастырылуына бақылау жасау осы учаскелер бастығына жүктеледі. Қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген нормаларының бұзылғаны үшін Қазақстан Республикасының тиісті заңдарына сәйкес жұмысты тікелей орындаушылар жауап береді.

338. Арнайы көлік қызметінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жоспарлы шараларда мыналарды ескеру керек:

1) қолданыстағы нормаларға сәйкес зиянды заттардың шығуын, пайдаланған газдардың түтінін және шу деңгейін азайту мақсатымен арнайы машиналар двигательдерінің және тоқ жүйесін реттеуді бақылауды ұйымдастыру;

2) газдан тазалау және шаң жұтатын құрал-жабдықтарды орнату арқылы ауаны ластау көзінен сақтау және зиян келтірмейтіндей ету;

3) қазан агрегаттарын, желдеткіш жүйесі мен құрал-жабдықтарды жүйелі түрде сынаудан өткізу;

4) пайдаланылған май, арнайы сұйық заттарды, жарамсыз электролитті, автомашиналарды, қоқысты және басқа қалдықтарды жинау және пайдаға асыруды ұйымдастыру;

5) су тұтынушыларды су өлшейтін аспаптармен жабдықтау, су тазартатын құрылғыларды, сумен қамтамасыз етудің айналмалы жүйесін пайдалану;

6) канализациялық тазалау құрылғыларын қайта құру және орнату.

339. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды, сондай-ақ экологиялық нормалар мен талаптардың орындалуын бақылау ісін азаматтық авиация ұйымы бөлімінің мамандары жүргізеді.

11-бөлім.

Арнайы көлік қызметін метрологиялық қамтамасыз ету

340. Арнайы көлік қызметін метрологиялық қамтамасыз етудің негізгі мақсаты арнайы машиналар мен механизмдердің техникалық жағдайы туралы дәл және анық ақпарат алу болып табылады, осының негізінде жоғары сапалы техникалық қызмет көрсету және жөндеу, жұмысқа жарамдылық, отын-энергетикалық және материалдық қорды үнемдеу, еңбек жағдайының қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, ұшудың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шаралар қабылдау.

341. Арнайы көлік қызметін метрологиялық қамтамасыз етудің негізгі м а қ с а т ы :

1) өлшеу құралдары мен бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалануға үнемі дайын ұстау, арнайы көлік қызметінде орындалатын өлшеудің керекті дәлдігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) арнайы көлікті пайдаланудың және жөндеудің метрологиялық қамтамасыз ету жағдайын анықтау, оны жетілдіру жөнінде шаралар дайындау және жүзеге а с ы р у ;

3) арнайы көліктің техникалық жағдайын бақылау кезінде өлшеудің озат құралдары мен орындау әдістерін зерттеу, қорыту және енгізу;

4) өлшеу құралдары (ӨҚ) мен бақылау-өлшеу аспаптарының (БӨА) жағдайына, қолданылуына, уақытында тексерілуіне және арнайы көлікке техникалық қызмет көрсету кезінде метрологиялық ережелердің, талаптар мен нормалардың сақталуына бақылау жасау;

5) мемлекеттік және салалық стандарттарды, азаматтық авиация өкілетті органының басшы және бағдарлық құжаттарын енгізу және сақтау, арнайы көлік қызметін метрологиялық қамтамасыз ету стандарттарын әзірлеу және енгізу;

6) стандартты емес өлшеу құралдарына (СЕӨҚ) және өлшеу әдістеріне, сондай-ақ өзі әзірлеген метрологиялық нормативті техникалық құжаттар жөніндегі метрологиялық аттестация жұмыстарын ұйымдастыру;

7) өлшеу, сынау және бақылау құралдарын, стендтерді, пульттерді, қондырғыларды және басқа құрал-жабдықтарды есепке алуды ұйымдастыру, оларды пайдалануға үнемі дайын ұстау;

8) метрология саласында арнайы көлік қызметі мамандарының білім деңгейін көтеру жөнінде шаралар өткізу.

342. Арнайы көлік қызметінің өндірістік қызметін метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың жағдайына және оны ұйымдастыруына А К Қ б а қ ы л а у ж а с а й д ы .

Арнайы көлік қызметінде метрологиялық қызмет көрсету және шараларды іс жүзіне асыру үшін азаматтық авиация ұйымы басшысының ұйғарымымен қызметте және оның бөлімшелерінде метрологиялық қызмет үшін жауапты адамдар метрология саласында оқыған білікті мамандардан тағайындалады.

343. Метрологиялық қамтамасыз етуге жауапты адамдар мемлекеттік және салалық стандарттау және метрология жөніндегі нормативті-техникалық құжаттарды, метрологиялық қамтамасыз ету мәселесі жөніндегі бұйрығымен бекітілген нұсқауларын басшылыққа алады.

Мемлекеттік стандарт жөніндегі өкілетті органдардың бағдарламалық

құжаттары туралы арнайы көлік қызметі басшыларына азаматтық авиация ұйымдарының басшылары, негізгі тексеру-жөндеу метрологиялық лабораториясының немесе метрологиялық лаборатория бастықтары хабарлайды.

344. Арнайы көлік қызметінде метрологиялық қамтамасыз етуге жауапты адамдардың міндеттері:

1) АКҚ бөлімшелерінде өндіріс үдерістерінің жағдайына метрологиялық ережелер, талаптар мен нормаларды сақтауға, сондай-ақ өлшеу құралдарын қолдану мен сақтау жағдайына бақылауды жүзеге асырады;

2) өлшеу құралдарын тексеру кестесін жасап, олардың негізгі жөндеу метрологиялық лабораториясымен келісе отырып орындалуын бақылау;

3) арнайы көлік қызметінде қолданылатын өлшеу, сынау және бақылау құралдарын мемлекеттік метрологиялық қызметке тексеру, жөндеу және кері қайтарып алу жұмыстарымен қамтамасыз ету;

4) қолданысқа жарамсыз және бұзылған өлшеу құралдарын сынау, бақылау және тексеруге тыйым салынады;

5) пайдалануға жарамсыз деп табылған өлшеу, сынау және бақылау құралдарын есептеп шығаруға акті дайындау;

6) стандартталмаған өлшеу құралдарының метрологиялық аттестациясы мен нормативті-техникалық құжаттарының метрологиялық сараптама жоспар-кестесін жасау;

7) арнайы көлік қызметінің өндірістік жұмысын метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жылдық және айлық жұмыс жоспарын жасау және арнайы көлік қызметі жетекшісіне бекітуге беру;

8) нормативті-техникалық, пайдалану және технологиялық құжаттарға метрологиялық бақылау жасау;

9) азаматтық авиация ұйымдары метрологиялық қызметімен, негізгі тексеру-жөндеу метрологиялық лабораториясымен өзара әрекетті қамтамасыз ету;

10) жаңа өлшеу, санау және бақылау құралдарын пайдалануға бағытталған шараларды жүзеге асыру, соның ішінде оларды меңгеру мен тиімді пайдаланудың жоспар-кестесін жасау.

345. Арнайы машиналар мен механизмдерді жөндеу және пайдалану кезінде техникалық жарамды, тексерілген және қолдануға рұқсат етілген өлшеу құралдары қолданылуы тиіс.

Тексерілмеген және жарамсыз өлшеу құралдары мен бақылау-өлшеу құралдарын қолдануға тыйым салынады. Белгіленген ережелерді бұзған қызметкерлер Қазақстан Республикасының тиісті заңдарына сәйкес жауап береді.

Пайдалану құжаттары жоқ өлшеу, сынау және бақылау құралдарын пайдалануға тыйым салынады. Арнайы көлік құралдарына техникалық қызмет

көрсету және жөндеу кезінде өлшеу құралдары мен бақылау-өлшеу құралдарын қолданатын АҚҚ мамандары есеп және өлшеу жүргізу ережелерін міндетті түрде білуі тиіс және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікті мойнына алады.

346. Барлық өлшеу құралдары, сондай-ақ стандартталмаған есептеу құралдары, соның ішінде стенділері, пульттер, қондырғылар және басқа құрал-жабдықтар есепке алынады. АҚҚ бастығы мен қызметтегі метрологиялық қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізетін адам қолдағы өлшеу құралдарын толық есепке алуға және олардың жағдайы туралы мәліметтерді дұрыс беруді бақылайды (осы нұсқаудың 23, 24 қосымшасы).

347. Қазақстан Республикасы өлшеу құралдарының бірыңғай мемлекеттік реестріне енгізілген немесе мемлекеттік және салалық стандарттар мен өкілетті органдардың жетекші құжаттарының талаптарына сәйкес метрологиялық аттестациядан, тексеру мен калибрлеуден өткен тек осындай арнайы машиналарға арналған өлшеу және бақылау-өлшеу құралдары пайдалануға жіберіледі.

Өлшеу құралдарын тексеру мерзімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарты мен өкілетті орган бекіткен уақытқа сай белгіленеді. Өлшеу құралдарын тексеру және жөндеу жұмыстарын лицензиясы бар және белгіленген тәртіппен тіркелген азаматтық авиация ұйымының метрологиялық қызметі жүргізеді.

Метрологиялық лабораторияларда өлшеу жүйесін тексеру кестесін метрологиялық қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізетін адамдар жасайды. Ол әр жылға бөлек-бөлек тексеруге және калибрлеуге жататын өлшеу құралдары бойынша және тексеру-жөндеу метрология лабораториясымен келісілуге және бекітілуге тексеру-жөндеу метрологиялық лабораториясы белгілеген мерзімде үш данамен ұсынылады. Тексеру кестесін азаматтық авиация ұйымының басшысы бекітеді.

Өлшеу құралдарын тексеруге жеткізу және қайтып алуды арнайы көлік қызметінің бөлімшелері өз күшімен жүргізеді.

Тексеруге жіберілетін өлшеу құралдарын иелері дайындау керек, атап айтқанда:

- 1) тексеру үшін қажетті құжаттармен және барлық мүліктермен қамтамасыз етілуі керек;
- 2) пломбасы (таңбасы) және төлқұжатта белгісі болу керек.

348. Арнайы көлік қызметінде жасалған параметрлерді белгілейтін нормативті-техникалық, техникалық және пайдалану құжаттары, өлшеу, тексеру және сынау әдістері мен құралдары бекіту және іске қосу алдында нормативті-техникалық, техникалық және пайдалану құжаттарын метрологиялық

сараптамадан өткізу тәртібін белгілейтін мемлекеттік және салалық стандарттар талаптарына сәйкес метрологиялық сараптамадан өтуі қажет.

Арнайы көлік қызметінде жасалатын немесе қайта жаңартылатын стандартталмаған өлшеу жүйесі метрологиялық аттестациядан, ал олардың құжаттары - метрологиялық сараптамадан өту керек. Нормативті-техникалық құжаттарды, техникалық және пайдалану құжаттарын метрологиялық сараптамадан өткізу және стандартталмаған өлшеу құралдарын аттестациялау негізгі тексеру - жөндеу метрологиялық лабораториясы негізінде арнайы көлік қызметі мамандарының қатысуымен жүргізіледі. Арнайы көлік қызметінде жасалатын стендтер, пультттер және құрылғыларға салалық стандарттар талабына сәйкес негізгі тексеру-жөндеу метрологиялық лабораториясында алғашқы метрологиялық қызмет көрсетіледі. Метрологиялық сараптамаға ұсынылатын құжаттарды толық және дер кезінде өткізуге осы құжаттарды дайындайтын бөлімше бастықтары бақылау жасайды.

Стандартталмаған өлшеу құралдарын метрологиялық аттестацияға уақытында дайындап ұсынуға бақылауды стандартталмаған өлшеу құралдарын пайдаланатын бөлімше басшылары жүргізеді.

349. Арнайы көлік қызметінде метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар бір жылға және әр айға бөлініп жоспарланады. Арнайы көлік қызметінің метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жылдық жоспарларында осы нұсқаудың 342-тармағында көрсетілген міндеттерге сәйкес метрологиялық қызмет көрсету мәселелері жетілдірілуге тиіс. Арнайы көлік қызметінің метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі айлық жоспарларында белгіленген кезінде орындалуға тиіс нақты жұмыстарға байланысты мәселелер, оның ішінде бұрын ашылған кемшіліктерді жою және метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекеттік стандарт өкілетті органдарының ұсыныстарын орындау шаралары көрініс табуға тиіс. Арнайы көлік қызметінде пайдаланылатын өлшеу құралдарын мезгіл-мезгіл тексеруді жоспарлау мемлекеттік және мекемелік тексеру жөніндегі жыл сайынғы кестеге сәйкес жүргізіледі.

350. Арнайы көлік қызметінде метрологиялық қамтамасыз ету жайына мыналар бақылау жасайды:

- 1) осы қызмет жүктелген азаматтық авиация ұйымдарының бөлім мамандары;
- 2) арнайы көлік қызметінің басшылары;
- 3) өкілетті органдар.

Қазақстан	Республикасының	азаматтық
авиация	ұйымдарының	арнайы көлік
қызметі	жұмыстарын	ұйымдастыру
жөніндегі	нұсқауға	1 қосымша
Қазақстан	Республикасы	көлік және

коммуникация министрлігі Азаматтық
авиация комитеті төрағасының
2002 жылғы 19 желтоқсандағы
N 833-Ю бұйрығымен бекітілген

Арнайы машиналар мен олардың жабдықтарының техникалық жарамдылығын тексерудің типтік картасы

1. Жалпы ережелері

1. Азаматтық авиацияда қолданылатын арнайы машиналар жол полициясында тіркелуі (есепте тұруы) және өз нөмірі болуы тиіс. Әуеайлағының тек жабық аймағында қолданылатын тракторлар, бульдозерлер, автогрейдерлер және басқа да арнайы машиналар жол полициясында тіркелмейді, бірақ мекемелік нөмірлік белгілері болуы тиіс.

2. Әуеайлағындағы арнайы машиналарды жұмысқа дайындауды инженер-техниктер немесе арнайы қызмет көліктерінің жүргізушілер құрамы жүзеге асырады.

3. Қалыпты жағдайы жоқ, жарық сигналдарымен, радио-байланыспен қамтамасыз етілмеген, өрт құралдарымен, медициналық қорапшалармен, сүйреуіш сым арқандармен жабдықталмаған арнайы машиналарды жұмысқа жіберуге тыйым салынады.

4. Арнайы машиналардың техникалық жағдайы мен механизмдері шығарушы-зауыттардың нұсқауындағы талаптарға, ГОСТ стандартына сай келуі және азаматтық авиация ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі ережелеріне жауап беруі тиісті.

5. Әуеайлағында жұмыс істеуге арнайы дайындықтан, медициналық тексеруден өтпеген, радиостанциялармен жұмыс істеуді үйренбеген жүргізушілерді жіберуге тыйым салынады.

6. Жол жүру ережесін және "Әуеайлағындағы және басқа да азаматтық авиация ұйымдарында жерде қызмет көрсететін, ұшуды қамтамасыз ететін қозғалыстың өзара әрекетінің типтік технологияларының" талаптарын бұзғандығы жөніндегі талонда үш белгісі бар жүргізушіні тек біліктілік комиссиясының олардың жол жүру ережелерін, әуе айлағында арнайы машиналарды пайдалану жөніндегі білімдерін қайта тексеруден кейін ғана азаматтық авиация ұйымы басшысының бұйрығымен жұмысқа жіберіледі.

2. Әуеайлағындағы арнайы машиналарды жұмысқа жіберу және олардың техникалық жарамдылығын тексеру тәртібі

Әуеайлағындағы жұмысқа шығушы жүргізушінің міндеттері:

1) ауысым басталар алдында жүргізушілер медицина қызметкерлері жүргізетін медициналық тексеруден өту және жолдама қағаздарына немесе жүргізушінің арнайы журналына, немесе медициналық кітапшаға белгі соқтыруы, сондай-ақ ауысым соңында да медициналық тексеруден өтуі тиіс. Жүргізушілердің медициналық тексеруге келуін өздері штатта тұрған қызмет бастығы қамтамасыз етеді;

2) машинаға жанармай, май, су, арнайы сұйықтық құяды;

3) машинаның техникалық дұрыстығын, жабдықталғандығын тексереді, анықталған ақауларды жояды. Машиналардың техникалық жарамдығын, жабдықталғандығын тексеру кезінде мыналарды орындау керек.

7. Машинаның сыртын, сыртқы түрін тексеріп, ақаулардың жоқтығына көз жеткізу, жұмыс құралдарын іске қосу двигателін, трансмиссия бөлшектерін, қозғалыс бөлігі мен жүргізуші кабинасын тексеру, жанармайдың, майдың, судың ақпай тұрғандығына көз жеткізу.

8. Машинаның өрт сөндіру құралдарымен, медициналық қорапшалармен, сүйреуші сым арқандармен жабдықталғандығын тексеру. Ұшу жолына колоннада жұмыс істеуге арналған арнайы машиналарды жібергенде үш машинаның бірі "штангі" типті арнайы қатты темір сүйреуішпен жабдықталуы тиіс.

9. Арнайы машиналардың сүйреуіш құралдарының жағдайын тексеру: машинаның алдыңғы жақтауындағы ілмегін немесе сүйреуіш шанышқысын және артқы ілмегін. Алдыңғы және артқы жақтаудағы ілмектер зауыдтан дайындалған болуы және 2349-75 ГОСТ-ына сәйкес келуі тиіс. Шаншылатын сүйреуіш ілмек 25907-89 ГОСТ-ына сәйкес болуы тиісті.

10. Жарықпен сигнал беру құралдарының жұмысын тексеру: алдыңғы шамдардың, үлкен шамдардың, бұрылыс сигналдарының, тоқтау сигналдардың, ескерту беруші (импульсті) сигналдардың жұмысын тексеру.

11. Радиобайланыс құралдарының жұмысын тексеру. Сыртқы бөлікті және ондағы құралдардың жұмыс қабілетін тексеру негізінде радиостанциялардың жұмыс істеу жағдайын анықтау; радиостанция жұмысына байланысты ескертпелер болған жағдайда ол жөнінде колонна механигіне (бригадиріне) хабарлау керек.

12. Арнайы машиналардың пневматикалық дөңгелектеріндегі ауа қысымын тексеру.

13. Базалық шасси двигателінің картеріндегі және жұмыс істеу двигателіндегі

ма й д ы н деңгейін тексеру.

14. Арнайы машинаның кабинасындағы бақылаушы құралдарды, машинаны басқару құралдарын, жұмыс құралдарының бөлшектерін тексеру:

- 1) спидометрдің пломбылануы және дұрыс жұмыс істеуі;
- 2) басқару орындарындағы ақаулардың жоқтығын;
- 3) рульдің еркін айналуы;
- 4) қосқыш және тежегіш басқыштарының еркін жұмыс істеуі;
- 5) тежегіштердің дұрыс жұмыс істеуі;
- 6) бақылаушы құралдар мен құралдар тақтасындағы көрсеткіштердің жұмысы

15. Двигательді қосып, оның жұмысын әр түрлі деңгейге тыңдап көру.

